

ғылыми-әдістемелік журнал * науқно-методический журнал

СОҚПАҚ ТРОШИНКА

№2 (121) сәуір 2026 жыл

*Озғандарға жету керек,
Жеткендерден озу керек,
Дүниенің төріне тырысқандар,
төрден орын алып жатыр,
Тырмыспағандар есікте қалып жатыр:
есікте қалмай, төрге тырмысалық!*

**160 ӘЛИХАН
БӨКЕЙХАН**

-  tourism07.kz
-  evrasiya.centre@yandex.kz
-  [instagram.com/tourism07.kz/](https://www.instagram.com/tourism07.kz/)
-  www.facebook.com/tourism07.kz/

Құрметті редакция ұжымы және қадірлі оқырмандар!

Сіздерді «Соқпақ» журналының жарық көруімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл басылым – тарих тағылымы мен экологиялық сананы сабақтастыра отырып, ұлттық құндылықтар негізінде жас ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған маңызды рухани-танымдық алаң. Қоғамның тұрақты дамуы, табиғи байлықтарды ұқыпты пайдалану және тарихи сананы қалыптастыру сияқты өзекті мәселелерді кеңінен қамтитын мұндай басылымдардың маңызы қазіргі кезеңде ерекше.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында табиғатты қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жауапты азамат тәрбиелеу – ел дамуының басым бағыттарының бірі екенін атап өткен болатын. Осы тұрғыдан алғанда, журнал мазмұны «Адал азамат» тұжырымдамасының негізгі қағидаттарымен үндесіп, оқырман қауымды туған жерге жанашырлықпен қарауға, табиғатқа қамқорлық жасауға және қоршаған ортаны сақтауға үндейді. Экологиялық жауапкершілік пен тарихи сананы қатар қалыптастыру – болашақ ұрпақтың рухани дамуы мен ұлттық бірегейлігін нығайтудың маңызды алғышарты екені сөзсіз.

Журнал беттерінде экологияға қатысты өзекті мәселелер терең талданып қана қоймай, тарихи тұлғалардың табиғатқа деген көзқарасы, олардың туған жерге деген сүйіспеншілігі мен өнегелі өмір жолы кеңінен насихатталады. Бұл материалдар оқырманды тек ақпараттандырып қана қоймай, табиғатқа деген құрмет пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Журнал басылымдарында туристік-өлкетанушылық және экологиялық іс-әрекеттердің маңыздылығы айқын көрсетіліп, табиғатты тану мен қорғау ісіндегі қоғамдық белсенділіктің рөлі кеңінен ашылады.

Туристік-өлкетанушылық және экологиялық бағыттағы жұмыстар жас ұрпақтың туған жер табиғатын танып-білуіне, оның бай табиғи және тарихи мұрасын бағалай білуіне мүмкіндік береді. Мұндай іс-шаралар арқылы оқушылар мен жастардың экологиялық мәдениеті қалыптасып, туған өлкенің табиғатына деген сүйіспеншілігі артады. Бұл бағыттағы жұмыстар азаматтық жауапкершілікті нығайтып, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыруға және салауатты өмір салтын орнықтыруға ықпал етуде.

Ұстаздардың озық тәжірибелері мен әдістемелік материалдары – педагогикалық қауымдастық үшін құнды тәжірибе алаңы. Әсіресе мектептегі өлкетану, экологиялық тәрбие, туристік-зерттеу жұмыстары, тарихи-танымдық экспедициялар ұйымдастыру сияқты бағыттардағы тәжірибелер жас ұрпақтың білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың танымдық қызығушылығын арттырады. Бұл тәжірибелердің білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуы жастардың табиғатқа деген жауапты көзқарасын қалыптастыруға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге қызмет етеді.

Журнал ұжымының қажырлы еңбегі мен үздіксіз шығармашылық ізденісі отандық қосымша білім беру саласының дамуына, педагогикалық қауымдастықтың бірігуіне және тәжірибе алмасуына елеулі үлес қосып отырғанын ерекше атап өткен жөн.

«Соқпақ» журналы – ұстаздар мен тәрбиеші-әдіскерлердің шығармашылық ізденістерін, ғылыми-әдістемелік тәжірибелерін және тәрбиелік мәні зор бастамаларын кеңінен насихаттайтын маңызды алаң.

Журнал ұжымына табысты шығармашылық қызмет, педагогика мен тәрбие саласындағы озық тәжірибелерді дәріптей берулеріне тілектеспін. Алдағы уақытта да мазмұнды мақалалар, жаңа ғылыми-әдістемелік бастамалар мен тың жобалар арқылы оқырмандардың сенімінен шығып, қоғам игілігіне қызмет ете беретініне сенім мол.

**Ізгі ниетпен,
Алпысбес Махсат Алпысбесұлы,
тарих ғылымдарының докторы,
Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі**



МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНДЕ 01.12.2003 ЖЫЛЫ ТІРКЕЛІП,
№ 4482-Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.
24.12.2021 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЕСЕБІНЕ № КЗ40VРV00044511
ҚАЙТА ТІРКЕЛДІ.

Таралым аймағы: Қазақстан Республикасы

№2 (121), сәуір 2026 жыл

МЕНШІК ИЕСІ: МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі
білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм
және экология облыстық орталығы» (келесіде – БҚ
ОБЖТЖЭО)

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
қолдауымен жылына 6 рет шығады.

Журналдың негізін қалаушы:

Фомин Виктор Павлович – А.А.Остапец-Свешников
атындағы Халықаралық балалар-жасөспірімдер туризм
және өлкетану академиясының (келесіде – А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭА) академигі, п.ғ.к.

Кенес мүшелері:

Жұмаев Мақсат Сағынтайұлы – белгілі Қазақстан
альпинисі, альпинизм бойынша Халықаралық деңгейдегі
Спорт шебері, БҚО-ның құрметті азаматы

Смирнов Дмитрий Витальевич – п.ғ.д., А. А. Остапец-
Свешников атындағы ХБЖТЖЭА-ның президенті

Мазбаев Орденбек Білісбекұлы – п.ғ.д., А. А. Остапец-
Свешников атындағы ХБЖТЖЭА-ның академигі

Никитинский Евгений Сергеевич – п.ғ.д., «Тұран-
Астана» университетінің профессоры

Абдулхаиров Абджемил Закерьянович – п.ғ.к., доцент,
А. А. Остапец-Свешников атындағы ХБЖТЖЭА-ның
Крым аймақтық филиалының төрағасы

Шаяхметов Асхат Галиевич – А. А. Остапец-Свешников
атындағы ХБЖТЖЭА-ның академигі

Редакция алқасы:

Г. З. Усағалиева – ОБЖТЖЭО директорының ОӘЖ
жөніндегі орынбасары

А. Б. Мукашева – ОБЖТЖЭО директорының ОТЖ
жөніндегі орынбасары

К. Е. Неталиева – ОБЖТЖЭО туризм және қауіпсіз
маршруттар бөлімінің меңгерушісі

Р. С. Альмуханова – ОБЖТЖЭО өлкетану бөлімінің
меңгерушісі

Н. Б. Байсариева – ОБЖТЖЭО экологиялық туризм
бөлімінің меңгерушісі

Р. Е. Нұрманов – ОБЖТЖЭО спорт бөлімінің меңгерушісі

Д. Р. Ибраев – ОБЖТЖЭО әскери-патриоттық тәрбие
бөлімінің меңгерушісі

Нөмірмен жұмыс жасағандар:

Қайрлиева Қ. Ж. – бас редактор

Жұмашева А. Е. – корректор

Қушеккалиев Ж. Н. – дизайнер, беттеу

Журнал редакциясының пікірі жарияланым авторларының
пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Жазылым индексі

Жеке жазылушы – 75184

Мекемелер мен ұйымдар – 25184

Редакция мекенжайы:

090004, Қазақстан Республикасы, Орал қ.,

Исатай батыр көшесі, 71/1

Тел. +7(7112) 52-59-42, 52-58-91

e-mail: evrasiya.centre@yandex.kz

www: tourism07.kz

Форматы А4 210 x 279 мм, офсетті басып шығару.

Тапсырыс № 4

Таралымы 420 дана

«Кокше-Полиграфия» АБ,

Ақмола обл., Көкшетау қ., Е.Н. Ауельбекова, 98

ӨЛКЕТАНУ – КРАЕВЕДЕНИЕ

Алпысбес М.А.

Әлихан Бөкейхан (1866-1937): саясат және мемлекет қайраткері,
ұйымдастырушы, зерттеуші әрі кеменгер ғалым.....2

ӘДІСТЕМЕ-МЕТОДИКА

Неталиева К.Е. Нәсіпқалиев М.А.

Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорттық туризм
жарыстарын өткізудің әдістемелік негіздері.....8

Кайырлиева О.Ж.

Домбыра аспабын үйрету арқылы музыкалық
сауаттылықты қалыптастыру.....14

ТУРИЗМ

Анатолий Р.Қ., Жумагазиева Б.А., Құлгелдиева А.А.

«Атамекен» – балалар туризм орталығына 25 жыл.....17

ЭКОЛОГИЯ

Анатолий Р.Қ.

Экологическое состояние озера песчаное и
динамика его природных компонентов.....22

Ситказиева Г.М.

Мектеп жаны топырағының құнарлығын сақтау
және арттыру тәсілдері.....29

Тлеккабылова Р.С.

Жусан өсімдігінің экологиялық маңызы,
қолданылуы және денсаулыққа әсері.....35

СПОРТ

Ескабулов Е.М.

Төл спортты түлеткен – Төлеби!.....39

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА-

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА

Қуаналиева М.С.

Бард әндері және жасанды интеллект.....45

Рамазанов Ж.Б.

Қазақстандағы қорықтар мен ұлттық саябақтар.....47

Ибраев Д. Р.

Денсаулықты қалпына келтіруге арналған жаттығулар.....49

Бердіғалиев Р.Қ.

Алғашқы медициналық көмек және шаңғы тебу техникасы.....52

Кайрлиева С.С.

Халық әні «Маусымжан».
Оқушының саусақ техникаларын дамыту.....54

Капезов Г.З.

Гимнастика арқылы денсаулықты нығайту.....56

Шакирова Ж.З.

Ойын кезінде қозғалыс үйлесімділігін дамыту.....59

Мағзумов Р.К.

Сәнге айналған садақ ату өнері мен оның тарихы.....62



Әлихан Бөкейхан (1866-1937): саясат және мемлекет қайраткері, ұйымдастырушы, зерттеуші әрі кеменгер ғалым



АЛПЫСБЕС

Махсат Алпысбесұлы,
тарих ғылымдарының докторы,
Тарих және қоғамдық ғылымдар
академиясының академигі,
Астана қаласы

***Аңдатпа.** Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан Маңғыстау жері мен табиғаты туралы, қазақ шаруашылығы туралы кешенді антропологиялық зерттеу ұйымдастыруға атсалысқан тарихи тұлғаның бірі болғаны белгілі. Мақалада Әлихан Бөкейханның өмірбаянындағы 1920-1937 жылдар аралығындағы кезеңде оны саяси тұрғыда оқшалау іске асырған жылдары ғылым мен білім беру саласында атқарған қызметі айтылады. Қазақ жерлерін зерттеудегі Әлиханның қосқан зор үлесі баяндалады.*

***Аннотация.** Политический лидер Алаш Алихан Бокеехан был одной из исторических фигур, участвовавших в организации комплексного антропологического исследования земель и природы Мангистау, и хозяйства казахов края. В статье рассматривается вклад Алихана Бокеехана в области науки и образования в годы политической изоляции, в период с 1920 по 1937 годы. Описывается значительный вклад Алихана в изучение земель и природных ресурсов Казахстана.*

***Кілт сөздер:** қазақ халқы, түркі тарихы, туристік нысандар, жаңа дереккөздер, жапон тыңшылары, Алаш қайраткерлері.*

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан қазақ халқының тарихында көрнекті тұлғалардың бірі, патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, халық жетекшісі әрі көшбасшысы болғаны белгілі. Сонымен қатар, Әлихан Бөкейханның баспагерлік қызметімен қатар зерттеуші-ғалым, ғылымды ұйымдастырушы болғаны туралы зерттеулерде айтыла бермейді. «Тірі болсам, қазаққа қызмет етпей қоймаймын» деген Әлихан Бөкейхан, шын мәнінде, қуғын-сүргінге түссе де, тіпті соңынан атылғанына шейін қазақ халқына барынша қызмет етіп кетті. Әлиханның қазақ халқына қызметі тіпті оның атылып кеткенінен соң да тоқтаған жоқ. Әлихан өзінің жазылған еңбектері мен айтып кеткен ойлары арқылы бүгінге дейін ұлтына қызмет етуде.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан өткен ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының саяси тәуелсіздікке

қол жеткізу арқылы ұлттың мүдделерін, ең алдымен, қазақ халқының өзі жойылып кетпей, өзін-өзі сақтап қалуын, жерінен айырылып қалмай, дінін, ділін сақтауын қамтамасыз ету ісінде де тарихи сабақтастық сипатын жалғастырды. Бұл да Әлиханның саяси қайраткерлік жолында қосқан бір үлесі. Қазіргі Қазақстанның әлем картасында өз алдына жеке дара дербес мемлекет болып тұруы, оның шекарасы, жері, географиялық тұтас аймақтарының айшықталуы – бұл алдымен қазақ хандары, батырлары, рубасы мен билерінің, қария, абыз, ақсақалдарының, біртұтас қазақ халқының ата-бабаларының асыл аманаты болған жерді қорғап, сақтаудағы еңбегі деп білеміз.

Әлихан Бөкейхан айтып кеткендей, «Ұлтыңа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген асыл сөзі білім қазынасын төмендетпейді, керісінше, адамның тұлғалық қасиеті ең алдымен оның

мінезінен қалыптасатынын ескертеді. Кешегі Абылай хан, Кенесары хан, Сырым батыр, Махамбет, Исатай, ағартушылық жолын ашқан Шоқан мен Жәңгір хан, Алаш көсемі Әлиханнардың еңбегі деп білсек те, ақиқаты мен шындығы сол. Алаш ұлт-азаттық қозғалысының белді мүшелері Халел мен Жаһанша Досмұхамедұлдары, Ғұмар Қараш сияқты білімдарлары да қазақ халқына өлшеусіз еңбек етті. Солардың қазақ жеріне, тарихына, мәдениетіне, білімі мен ғылымына, өркениеттік дамуына қосқан зор еңбегі ешқашан өшпейді және қазақтың жас буын ұрпағы үшін үлгі-өнеге, тұлғалық өрнек болары анық. Міне, бұл тарихи тұлғалардың барлығы да білім мен мінез қасиетіне ие болған тұлғалар. Бұл тұлғаларды дүниеге келтірген қасиетті қазақ топырағы. Жер – елдің киесі. Халық – Жер ананың өнімі. Тұлға – өз ұлтының асыл ұлы.

Бүгін біз Батыс Қазақстан жері, Маңғыстау мен Үстірт, Мұғалжар мен Ақтөбе өңірі, Атырау мен Жайық бойы төңірегіндегі қазақ жерлерінің тарихы мен географиясы, тұрмыс пен шаруашылық жайында ой қозғағанда, бұл жерлердің зерттелуіне аяулы тұлға Әлихан Бөкейхан есімін атамай өте алмаймыз. Әлихан Бөкейхан тұлғасы мен оның өмірі тақырыбын қозғағанда, алдымен Қарқаралы, Семей, Павлодар, Омбы, одан кейін Орынбор, Торғай, Қостанай, Троицк өлкелеріне қатысты көбірек айтылатыны белгілі. Алайда, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның тұлғасы жалпы бүкіл қазақ жеріне қатысты екені анық. Соның ішінде Батыс Қазақстан, Жымпиты, Маңғыстау, Жайық өзенінің сағасы Үйшік, Атырау, Теке, Ойыл, Қиыл, Мұғалжар, Шалқар өңірлерінің зерттелуіне тікелей қатысты. Әлихан Бөкейхан КСРО Ғылым академиясының Адай ауданына антропологиялық экспедициясын өзі басқарған.

Маңғыстау өлкесі – қазақ жерінің киелі аймақтарының бірі. Сонау ерте дәуірлерден-ақ бүгінгі қазақ халқының ата-бабаларының қасиетті қонысы, мекені. Каспий, қасқи, сақ, массагет, дай, сауырымат аталымдарымен ескі тарихта белгілі болған қауымдардың барлығы да осы өлкеде шаруашылығы мен тұрмысын дамытып, жер қазыналарын игеріп, түйе, қой, жылқы бағып, сырттан келген жауға қарсы тұрып, бейбіт елдермен сауда-айырбас, өзара елшілік қарым-қатынастарын құрып, тіршілік еткен, соңынан ұрпақ жалғастырған, ұрпағына мол мирас қалдырған. Кешегі Жошы Ұлысы – Алтын Орда кезеңінде де бұл өлке қайнап жатқан саяси өмірдің ортасында болған. Ол заманда Сыпыра жырау деген әйгілі жыраулар да өткен.

Сондықтан біз бұл шағын мақалада Әлихан Бөкейхан тұлғасы туралы ой қозғап, оның Маңғыс-

тау өңірінің зерттелуіне қосқан еңбегі және қазіргі таңдағы Маңғыстау өңіріндегі туризм саласын дамыту мәселесіне орай жазып отырмыз. Әрбір жер бетіндегі халық өзінің жер байлығы мен қазыналарын туризмді дамыту жолымен сырттан келген қонаққа өз елінің ескілікті мұрасы мен мәдени мұраларын, тарихи қазыналарын таныстырғанда, алдымен табиғат нысандарын, өзен, су, тау, тас, құм, үңгір, орман, тоғай, сайларын көрсеткен соң, ежелгі археология нысаны – петроглиф, оба, мазарлар, қорған, қамал, мешіт, медреселерін, әулиелер жасаған мекен-қоныс орындарын көрсетеді. Сол үшін туризм саласы – ол пәнаралық сипатқа ие құбылыс: бір жағынан экономикаға қатысы бар, елге пайда әкелетін, әртүрлі қызмет көрсетуді дамытатын, жол, сервис, қонақжайлар инфрақұрылымын қалыптастыратын болса, екінші жағынан туризм арқылы елімізге сырттан келетін жолаушыларға еліміздің географиялық нысандарын, қоршаған орта мен географиялық табиғат ландшафттары мен тарихи ландшафтын, ерекше сәулетшілік-дизайн нысандары, киелі орындар, музейлерімен, мәдени-өркениеттік қазыналарымен таныстыратын сала.

Алаш Автономиясының басшысы Әлихан Бөкейхан Қазақстанда Кеңес билігі орнаған соң жоғары саяси қызметке тағайындалмағаны белгілі. Өйткені бұл мәселе Әлиханның «Алаш» саяси партиясының көсемі, таратылған «Алаш-Орда» өкіметінің төрағасы болуымен тікелей байланысты. Сондықтан Әлихан Бөкейхан өзінің баспагерлік, әдеби, тілшілік және ғылыми-педагогикалық қызметін жалғастырды. КСРО басшысы И. Сталин Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан тұлғасын өзіне қауіп көргендіктен, қазақтың саяси көсемін ВЧК, ОГПУ, НКВД жүйесі арқылы ерекше саяси бақылауда ұстаған.

Осы тұрғыда Маңғыстау өлкесін зерттеу ісіне үлес қосқан Әлихан Бөкейханның зор еңбегі бар екені атап өтуіміз керек. Әлихан Бөкейханның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің әртүрлі кезеңі бірқатар зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде келтірілген. Бұл еңбектерде ХХ ғасыр басындағы «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысы, «Алаш» партиясы мен Алаш-Орда өкіметі, автономиясы туралы кең жазылған. Ғалымдар Кеңес Нұрпейісов, Тұрсын Жұртбай, Мәмбет Қойгелдиев, Дихан Қамзабекұлы, Сұлтан Хан Аққұлыұлы Жүсіп және тағы басқа да көптеген зерттеушілердің іргелі зерттеу еңбектерінде қамтылған.

Сұлтан Хан Аққұлыұлының жүргізген жан-жақты зерттеулерінде Әлихан Бөкейханның өмірбаянының әр кезеңін, күні, айы мен жылында орын алған оқиғаларды тізбектеуге бағытталған

ізденістердің көпшілігі баспасөз материалдарына, естелік деректерге, ресми құжаттарға, фото-бейнематериалдарға, сондай-ақ тергеу барысында қойылған сұрақтар мен оларға берілген жауаптарға және басқа да жанама деректерге негізделген. Ә.Н. Бөкейханның өмірі мен қызметі туралы жаңа деректерді ашатын басқа да құнды дереккөздер бар. Сондай құжаттардың ішінде Әлихан Бөкейханның өміріндегі саяси, әдеби-баспагерлік, ғылыми-педагогикалық, қоғамдық және мемлекеттік қызметі мен көзқарастары, ұстанымдары, мақсат-мұраты мен ұмтылыстары жан-жақты көрініс береді. Әлихан Бөкейханның Маңғыстау жерінде, Адай уезінде 1920-шы жылдардың соңында жүргізілген ғылыми-зерттеу экспедицияларының кешенді жұмысының ұйымдастырылуына тікелей қатысы болғаны ресми құжаттар арқылы анықталған. Бұл құжаттардың көпшілігі мемлекеттік архив қорында сақтаулы қор тізбелері мен бумалары ішінен шығып отыр.

XIX ғасырдың соңында Омбы орман шаруашылығы училищесінде оқытушылық қызмет атқарып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. Ол 1896 жылы көрнекті ғалымдардың ықпалымен Орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланды. Қазақстанның бүкіл аумақтарын қамтыған қазақтың жер пайдалануы туралы зерттеу материалдарының әрбір уездер бойынша дайындалуында Әлихан Бөкейханның басшы әрі ұйымдастырушысы ретіндегі атқарған қызметі баршаға белгілі. Бұл материалдардың әрбір томының жеке жауапты редакторлары болғанымен, зерттеулерге жалпы бағыт беруші де Әлихан Бөкейханның өзі болғаны жасырын емес. Сондықтан, Темір уезі, Ойыл уезі, басқа да Батыс Қазақстан әкімшілік-аумақтық бөліктері, уезд, болыстығының жері, шаруашылығы, халық құрамы жөніндегі зерттеулерге тікелей қатысы бар. Әлихан Бөкейхан «Ресей: жалпы географиялық сипаттама» атты көп томдық еңбектің қазақ даласына қатысты 18 томының авторларының бірі болды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар қоғамдық-әлеуметтік саяси қызметтерге де белсене араласып, 1904 жылы қазақ даласына крестьяндардың қоныс аударуына бос жерлерді анықтауға арналған әйгілі Ф.А. Шербина экспедициясының құрамына кірді. Әлихан Бөкейхан 1911-1914 жылдары «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» 4-21 томдарының көп авторларының бірі болды.

1925 жылдың көктемінде оны Мәскеудегі Қазақ АКСР өкілдігіне шақырып, РСФСР Ауылшаруашылығы халық комиссариаты бекітуге дайындаған Қазақстанға арналған жер ережелері бойынша

түсініктеме беруді сұрағандығы туралы 1929 жылы 1 маусымда НКВД тергеушісіне берген куәлігінде осындай кешенді зерттеу жүргізу туралы шешімнің себебін сипаттап айтады. Танысуға ұсынған жобаны көргеннен кейін құжаттың ережелері нашар жасалуы және Адай уезіндегі ауыл шаруашылығының нақты жағдайы көрсетілмегенін байқайды-дағы, академик С. Швецовты осы жұмысқа көмектесу үшін шақыруды ұсынған. Ресей ҒА-ның хатшысы, академик С.Ф. Ольденбургке стандарттарды дұрыс анықтауға қажет Қазақстанға кешенді ғылыми зерттеу жүргізу туралы өтінішін білдіреді. Бұл мәлімет тарихи құнды және сол тергеу құжаттары ішінде жан-жақты айтылған.

Көрнекті ғалым С. Ф. Ольденбург бұл зерттеулердің тек Қазақстан үкіметінің арнайы өтінішінен кейін ғана басталып, жүргізілуі мүмкін екенін ескерткен. Осыдан кейін Әлихан Бөкейхан С. Ф. Ольденбургпен болған әңгімесін Мәскеуде Мирза Галеев арқылы қазақ өкілдеріне жеткізіп, соның негізінде Ғылым академиясына ресми сұраныс жіберілген. 1926 жылдың қаңтар айында Қазақстан атынан Әлімбеков, Жаманмұрынов, Қаратілеуов және Бөкейхан қатысқан кездесу өтіп, онда кешенді зерттеу жүргізу туралы шешім қабылданған. 1925 жылдан бастап Әлихан Бөкейханның өз отанына оралуға әрекеттенгені 1930 жылдардағы Алаш белсенділерінің сот-тергеу материалдарынан байқалады. Бірақ Әлихан Бөкейханның 1925 жылдан 1927 жылға дейін Ленинград мемлекеттік университетінде профессор ретінде дәріс оқығаны туралы белгілі академик Әлкей Марғұланның естеліктерінде айтылады және 1920-1930 жылдардағы сот және тергеу материалдарымен де расталады.

Алаштанушы ғалым Сұлтан Хан Жүсіп зерттеулерінде көрсетілгеніндей, Мәскеуде КСРО ОГПУ-НКВД-ның үнемі бақылауында болып, тек ғылыми, әдеби және журналистік жұмыспен айналысқан Әлихан Бөкейхан, 1930 жылдарға дейін Кеңес Одағының астанасы Мәскеу қаласында болып, білім беру, ғылым, баспасөз, мәдениет және өнер саласында қызмет атқарды. Толық бақылау орнатқан бұрынғы жолдастарының қызметіне кеңес беруді және үйлестіруді жалғастырып, Қазақ Республикасы басшылығының саясатына әсер етті. Ол өмірінің 17 жылын осы Мәскеу қаласында өз еркіне қарсы кеңестік билікте өткізгені туралы айтылады. Құжаттарда осы кезеңдегі Әлихан Бөкейханның Қазақ АКСР Ауыл шаруашылығы халық комиссариаты құрылған күннен бастап оның бірнеше бөлімдерінде жұмыс істегені туралы мәлімет келтірілген. Әлихан Бөкейханның терең

энциклопедиялық білімі мен саяси басқару мол тәжірибесі тек Қазақ АКСР Ауыл шаруашылығы халық комиссариатында ғана емес, сондай-ақ, бүкіл республиканың жалпы мемлекеттік басқаруында да шұғыл қажет болуы және үлкен сұранысқа ие болғанына қарамастан, Кеңестік компартия басшылығы оны сол кезде Мәскеуде оқшаулау саясатын іске асырды.

Нақты айтқанда, Әлихан Бөкейхан Алаш-Қазақ автономиясының негізін салған басшысы ретінде, азамат соғысы аяқталып, Кеңес өкіметі билігі орнағаннан кейін, яғни 1920 жылдың тамыз айынан 1922 жылдың желтоқсан айына дейінгі аралықта туған елінде толық өткізген алғашқы екі жылға жуық уақыты туралы аз зерттелген екен. Әлихан Бөкейхан Мәскеуге алғашқы келген 1922 жылдың 14 желтоқсан күні, КСРО халықтарының Орталық баспасында қазақ бөліміне әдеби қызметкер ретінде қабылданған. Ал, 1926 жылдың 2 шілдесі күні Кеңестер Одағы Ғылым академиясы Төралқасы Одақтық және Автономиялық Республикаларды зерттеу жөніндегі арнайы комитеттің ұсынысын қабыл алып, Әлихан Бөкейханды Қазақстан экспедициясына қатысты мәселелер бойынша тұрақты кеңесші, сарапшы ретінде комитетке шақырды. 1926 жылдың шілде айынан қазан айына шейін КСРО Ғылым академиясының Антропологиялық экспедициясының құрамында және экономикалық зерттеулер партиясының басшысы ретінде Қазақ АКСР-нің Адай ауданын кешенді зерттеген.

Әлиханды Қазақ АКСР-нің жаңа астанасы Қызылорда қаласында Ауыл шаруашылығы халық комиссариатында жұмыс күтіп тұрды. Барлық аталған жұмыстар мен міндеттерден басқа, Әлихан Бөкейханды 1926-1927 жылдары РСФСР Ауыл шаруашылығы халық комиссариаты жанындағы Жер комиссиясы Украина мен Қазақстандағы жер ережелері бойынша сарапшы ретінде жұмысқа тартты. 1927 жылдың қазан айынан бастап Әлихан Бөкейханның өміріндегі өзгерістің бірі – 1927 жылдың 1 қазаны күні Центриздат штатының жалпы қысқаруына байланысты. КСРО Орталық баспа институтының Қазақ бөлімінің әдеби қызметшісі жұмысынан Әлихан босатылды. Алайда, Әлиханның жұмыстан шығуы негізінен өзінің жеке қалауы болғаны 1925 жылдың 2 қазаны күні Әлихан Бөкейхан Әли есімді досына жазған хатынан белгілі. Сол жылдың 15 қазаны күні Әлихан Бөкейхан Қазнаркомзем (Қазақ ауыл шаруашылығы халық комиссариаты мекемесі) атынан өзіне Қызылордаға шақырту бергізуді сұраған. Шақыру негізінде Центриздатқа қызметінен босату мәселесін көтере алатынын, себебі онда сұратусыз

босатылмайтынын жазған. Оның Центриздатпен қарым-қатынасы тәмам болуы осылайша іске асу керек еді.

Сонымен, Әлихан Бөкейхан туған жеріне соңғы рет 1926 жылдың шілде айы мен қазан айлары аралығында Адай уезіндегі антропологиялық экспедиция жұмысы кезінде барып, оны енді аяқтағанда, Ақтөбеде тұтқындалып, Мәскеуге айдалып кетеді. Ал, Мәскеуде Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының бұрынғы саяси серіктеріне барғаны үшін айыпталып, Бутырка түрмесіне жабылады. Қазақстан Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Нығмет Нұрмақұлымен және Қызылордадағы үкімет мүшелерімен кездесіп, оның Қазақстанға оралу ниеті ол кезде Кремльдің жалғыз қожайынына айналған БК(Б)П Орталық Комитетінің Бас хатшысы И. Сталинді де қатты алаңдатты. Себебі 1927 жылы 17 мамыр күні Қазақстанның жоғары басшыларына – БК(Б)П Қазақ облыстық комитетінің хатшысы Ф. Голощекинге және Қазақ АКСР Халық комиссарлары кеңесі төрағасы Нығмет Нұрмақұлы атына жолдаған жеделхатының мазмұнында Әлихан Бөкейханның Қазақстанға уақытша сапары немесе республикада тұрақты жұмыс істеуі туралы олардың пікірлері сұралады. Қазақстаннан 1922 жылдың желтоқсан айында елден кетіп, Мәскеу қаласында оқшауланғанға дейінгі өмірі мен жұмысының аз зерттелген кезеңі туралы белгілі болғаны, 1937 жылы 6 тамыз күні НКВД тергеушісіне берген жауабында Әлихан Бөкейхан Қазақ АКСР Ауыл шаруашылығы халық комиссариат басқармасы мүшесі болғанын мәлімдегені.

Әлихан Бөкейханға туған еліне тек уақытша немесе тұрақты жұмысқа ғана емес, тіпті демалысқа да оралуға рұқсат етілмеген. 1927 жылдың тамыз айында ол Челябинск облысының Златоуст ауданындағы Бузановский хуторында демалысқа шығуға мәжбүр болды. Онда сол кезде шамамен 30 қазақ шаңырағы тұрған. Қырғыз (Қазақ) АКСР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы В. Радус-Зенковичтің 1921 жылдың маусым айында Орынборда өткен Бірінші Қазақ партия конференциясындағы қорытынды сөзінен-ақ Кремльдегі орталық билік Алаштың бұрынғы көсемінің атқаратын лауазымына ғана емес, сонымен қатар, тіпті оның Қазақстанда болу мүмкіндігіне де қатты алаңдағаны анықталды. Осыған орай, 1920-1922 жылдар аралығында Қазақстанда қызмет еткендегі уақыттан соң, Әлихан Бөкейханның қандай жолдармен Мәскеуге кетуге мәжбүр еткені жайлы белгілі әлихантанушы ғалым Сұлтан Хан Жүсіптің зерттеуінде келтірген мәліметтерді ұсынамыз.

Орталық Атқару Комитеті және Республика

Халық Комиссарлары Кеңесі, оның ішінде Ауыл шаруашылығы Халық Комиссарлары: Сейтқали Мендешев Қырғыз (Қазақ) АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы, В.А. Радус-Зенкович Қырғыз (Қазақ) АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы, ал В.Н. Харлов Ауыл шаруашылығының алғашқы Халық Комиссары болып сайланды. Әлихан Бөкейхан 1920 жылдың 16 қазанынан 1 желтоқсан айына дейін Жер шаруашылығы халық комиссариаты (ЖШХК) статистикалық және экономикалық бөлімінің басшысы болды. 1921 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЖШХК қызметкерлерінің тізімінде Әлихан Бөкейхан әлі де сол бөлімнің бастығы болып тіркелген. ЖШХК орман шаруашылығы және жерді жақсарту департаменті қызметкерлерінің басқа жалақы жазбаларынан 1920 жылдың аяғы мен 1921 жылдың басында Әлихан Бөкейханның Жер комиссиясының жерді басқару жөніндегі кіші комитеті отырыстарына маман және кеңесші ретінде қатысқаны көрінеді. Архив материалдары Әлихан Бөкейханның Қазақ АКСР АШХК құрылымдарында қай кезеңде қызмет еткені, атқарған лауазымдары, қашан және қандай негізде жұмыстан босатылғаны және тағы басқа сұрақтарға нақтырақ жауаптар береді.

1921-1922 жылдары Торғай облысының Торғай, Ырғыз және Қостанай аудандарының және Орал облысының бір бөлігінің халқы аштықтан зардап шекті. Халықтың шашыраңқы орналасуына байланысты теміржол желісінен 400-700 км қашықтықта орналасқан барлық далалық аймақтарға аштықтан зардап шеккендерге көмек көрсете алмағандықтан, Міржақып Дулатұлы «Қазақ тілі» газетінде Семей облысындағы барлық қазақ жұмысшыларын халықтық «жылу жинау» (киындыққа тап болған қазақтарға ерікті көмек) дәстүріне сәйкес мал жинауға жұмылдыру бастамасын жариялады. Жиналған мал республиканың аштықтан зардап шеккен аудандарына жеткізілуі тиіс еді. Бұл бастама және бұрынғы Алаш Орда мүшелерінің аштықтан зардап шеккендерге көмек көрсету жөніндегі нақты жоспары 1922 жылдың басында, кеңестік бюрократиялық жүйенің ұзақ талқылауы және мақұлдауынан кейін Семейден Орынборға дейін үкімет қолдауын алды.

Әлихан Бөкейхан осы үкіметтік емес аштықтан зардап шеккендерге көмек көрсету комитетінің (Помгол) құрметті төрағасы, ал Міржақып Дулатұлы төрағаның орынбасары болып сайланды. Басқа комитет мүшелерімен бірге Семей облысының қазақ ауылдарын аралап, мал жинады. М. Дулатұлы НКВД тергеушісіне берген куәлігінде атап өткендей, Помголдың қызметі екі-үш ай ішінде

шамамен 15 000 бас ірі қара малды жинап, кейін жеткізілді. Әлихан Бөкейхан басқарған үкіметтік емес Помголдың қызметі аштықтан өліп жатқан халыққа көмек таратып, соның арқасында жүздеген мың қазақ аштан құтқарылған.

Әлихан Бөкейхан 1921 жылы 28 маусымда өткен АШХК-ның алқа отырысынан оралған соң, құжаттарға сәйкес, АШХК-ның басқа үш бөлімінің басшыларымен алқа мүшесі емес, кеңесші дауыс құқығымен шақырылған жоғары білікті, құнды маман ретінде қатысқан. 1921 жылғы 25 шілдедегі Кир АКСР АШХК-ның алқа отырысының қаулысында Әлихан Бөкейхан және оның басқа да төрт әріптесі жоғары білікті мамандар мен құнды қызметкерлер тізіміне енгізілген. Бұрынғы Алаш Орда мүшелерінің мұндай қызметі тек Қазақ Республикасының өзіндегі Кеңес өкіметін ғана емес, сондай-ақ, Кремльді, ең алдымен Ұлттар істері жөніндегі халық комиссары И.Сталинді де қатты алаңдатты. 1922 жылдың қазан айының ортасында Ә. Бөкейхан, М. Дулатұлы, Ж. Ақбайұлы және Помголдың басқа өкілдері Қарқаралы даласында тұтқындалды. Шығыс Түркістан шекарасынан өтіп үлгерген Р. Марсеқұлы ғана тұтқындаудан құтылды.

Бұл жеделхатты оқи отырып, Қазақстанның алғашқы қазақ-кеңес басшылары С. Қожанұлы мен Т. Рысқұлұлы Ә. Бөкейханды негізсіз қудалау мен тұтқындаудан қорғау үшін барлық мүмкін шараларды қолданған деп болжауға болады. Дегенмен, мұрағаттық құжаттарға қарағанда, жеделхаттың екінші авторының мақсаты басқа болған, мұны төменде көруге болады. Әлихан Бөкейхан 1921 жылдың күзінің соңына дейін Орынбордағы Қорғаныс Халық комиссариатында жұмыс істегендіктен, содан кейін 1922 жылдың қазан айында тұтқындалғанға дейін, Семей губерниялық кеңестік халық сотында жұмыс істегендіктен, оны ғана емес, сонымен қатар оның жақын серіктері М. Дулатұлын, Ж. Ақбайұлын және басқаларды тұтқындаудың басты мақсаты «Алаш Орданың жетекші опасыз бөлігін жою, физикалық түрде атып өлтіру» болды деп болжауға болады. Алайда, бұл жоспар «бұл хабарламаның қырғыз халқының арасында жағымсыз көрініс табу мүмкіндігіне» байланысты кейінге қалдырылды.

Әлихан Бөкейханды және оның алаштық серіктестерін жою жоспары ОГПУ қызметкерлерінің 1921 жылдың 23 қыркүйегінде БК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне «Алаш Орда мен қырғыз (қазақ) ұлтшылдарының, сондай-ақ жалпы қырғыз (қазақ) еңбекші, жұмысшыларының топтық және жеке ерекшеліктері, мәні және қызметі туралы»

жоғары құпия есебінен кейін пісіп жетілді. Бұл құжатта Қазақстанда үш негізгі ағымның немесе топтың бар екендігі сипатталған, олардың ішінде бірінші топ – «Алаш-Орданың негізін қалаушылар мен құрушылар, ескі белсенді Алаш-Орда мүшелерінен» тұратын ең қауіпті деп саналды. Бұл топ Кеңес үкіметі мен Коммунистік партияға адал емес деп танылды және Алаш-Орданың басшысы Әлихан Бөкейхан арқылы Унгернмен байланысты, әрі Ұлттар Лигасындағы өкілі Мұстафа Шоқай болған деп болжануда делінген. Барлау орындарының мәліметі бойынша, топтың негізгі базасы Семей губернаторлығының Қарқаралы ауданында орналасқан, оның басшылығы Әлихан Бөкейхан, Райымжан Марсөкұлы, Халил Ғаббасов, Міржақып Дулатұлы, Жақып Ақпайұлы және Ахметжан Қозбағаровтан тұрған.

Әлихан Бөкейхан Кеңес үкіметінің оны оқшаулауды көздегенін, ең жақын серіктерінің себепсіз тұтқындалғанын түсініп, 16 қазанда түрмеден таныстары арқылы үш мекенжайға: Ұлттар істері жөніндегі халық комиссары И. Сталинге, көшірмесін РСФСР Халық комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары А. Цурюпаға және Ұлттар істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары Т. Рысқұлұлына жасырын түрде телеграмма жібереді. Әлихан Бөкейханды Мәскеуде оқшаулау қажеттілігі, оларды тұтқындау және кейіннен «жою» жоспары осы есеппен жасалған. Бұған 1923 жылдың 1 ақпанындағы Киров АКСР-і бойынша ОГПУ ПП-ның БК(б)П Киров облыстық комитетіне жолданған келесі «өте құпия есебі» дәлел болады. Құжатта тұтқындау кезінде Бөкейхан мен Дулатұлы, расталмаған ақпарат бойынша, басқалармен бірге Түркістанға кетуді жоспарлап отырғаны айтылған: «Бөкейханов пен Дулатовты тұтқындау біздің тараптан Сембуботделдің өтініші бойынша санкцияланды, онда кейіннен асыра сілтелген ақпаратқа сүйене отырып, мәселе түсіндірілді». Мұндағы ақпарат Әлихан Бөкейханның Моңғолиямен, атап айтқанда, 1921 жылы Моңғолияны азат еткен барон фон Унгернмен «байланысы» және оның «Түркістанға қашу ниеті» туралы айтылған. Жалпы алғанда, алаштықтардың көпшілігіне «Жапонияның тыңшылары» деген жаламен айыпталғаны тарихтан белгілі. Осы оқиғалардан кейін Мәскеуге аттануға мәжбүр болған Әлихан Бөкейхан амалсыз елді тастап, Мәскеуде қызметін жалғастыруға мәжбүр болды.

Міне, осы Мәскеу қаласында амалсыз өмір сүріп, қызметін жалғастыруға мәжбүр болған соң, Әлихан Бөкейхан өзінің саяси және қоғамдық беделі мен білімдарлығының арқасында өз еліне пайдасын

тигізетін ғылыми-зерттеу антропологиялық экспедициясын ұйымдастыруды қолға алды, оның нәтижесі «Казаки: антропологические очерки» атты бірнеше ғылыми еңбектердің жарыққа шығуымен аяқталды. Бұл сол кездегі Маңғыстау өңірін мекендейтін қазақ рулары, адай мен табын руларының шежірелік таралымдары, ел қоныстары, қыстаулары мен жайлау жерлері, шаруашылығы мен тұрмысы туралы мәлімет беруді қамтыды. Одан кейінгі уақытта Орталық тарапынан Қазақстан жерін бөліп-жіктеу әрекеттерінің сәтсіз болуына да бұл зерттеулердің әсері көп болды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

1. Букейхан А.Н. Казаки Адаевского уезда. В кн.: «Казаки: Антропологические очерки». Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. Вып. 3: Серия Казахская / Баронов С. Ф., Руденко С. И., Букейхан А. Н.». Ленинград: АН СССР. - Тип. Изд. Сев.-Зап. Промбюро ВСНХ, 1927. – 221. С. 59-82.
2. Букейханов А.Н. (вместе с Седельниковым С.А., Чадовым С.Д.). Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи. В кн.: Киргизский край. Том 18. СПб. 1903. - 431 с.
3. Бөкейхан Ә. Н. Таңдамалы / Ред. Р. Нұрғалиев. – Алматы, 1995.
4. Бөкейхан Ә. Шығармалары. Астана: «Алашорда» қоры. Т. 14. 2017. 600 б.
5. Аккулы С.Х. «Московская клетка» для лидера «Алаш-Орды» // Мысль. 2013. №5. С. 78-89.
6. Алпысбес М.А. Әлихан Бөкейхан және қазақ шежіресі // «Абай» журналы. 2014. №6. - Б. 25-30.
7. Жүсіп С.А., Козыбаева М.М., Маслов Х.Б. О деятельности Алихана Букейхана в первые годы советской власти в Казахстане (1920-1922 гг.) // Отан тарихы. № 3 (99). 2022. - С. 69-78.
8. Жұртбай Т. Ұраным Алаш. Алматы: «Ел-шежіре», 2008. 472 б.
9. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. Астана: «Фолиант», 2002. 474 б.
10. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Монография. Алматы: «Мектеп», 2008. 480 б.
11. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: «Ататек», 1995. 256 б.
12. Сайлаубай Е. Как казахская интеллигенция оказалась в черном списке советской власти – исторический обзор // Казахстанская правда. 2021. 12 ноября. / <https://kazpravda.kz/n/kak-kazahskaya-intelligentsiya-okazalas-vchernom-spiske-sovetskoj-vlasti-istoricheskiy-obzor/?ysclid=l8k7bfvnmq897737119> (Дата обращения – 13.03. 2026)



НЕТАЛИЕВА
Камшат Едрисовна,
ОБЖТжЭО қауіпсіз маршруттар
бөлімінің меңгерушісі, ҚББП-і,
педагог-зерттеуші,
Орал к., БҚО

Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорттық туризм жарыстарын өткізудің әдістемелік негіздері



НӘСПҚАЛИЕВ
Медет Ахметқалиұлы,
ОБЖТжЭО ҚББП-і,
педагог-модератор,
Орал к., БҚО

***Аңдатпа.** Мақала спорттық туризм жарыстарын ұйымдастыру мен өткізудің негізгі теориялық және практикалық қағидаларын қамтиды. Сонымен қатар әдістемелік тәсілдері, қауіпсіздік талаптары, жарыс бағдарламасын құрастыру, қатысушыларды дайындау, қашықтықтар мен байқаулардың өткізу ережесі мен тәртібі қарастырылған. Мақала туризм үйірмелерінің жетекшілеріне, педагогтерге, жаттықтырушыларға және қосымша білім педагогтеріне арналған.*

***Аннотация.** В статье рассматриваются основные теоретические и практические положения по организации и проведению соревнований по спортивному туризму. Также рассмотрены методические подходы, требования по технике безопасности при проведении мероприятий, разработка программы, порядок судейства, приведены примерные условия проведения дистанций и конкурсных программ. Статья предназначена для руководителей туристских кружков, педагогов дополнительного образования и специалистов, работающих с детьми и подростками.*

***Кілт сөздері:** спорттық туризм, жаяу туризм жарыстары, кедергілер жолағы.*

Спорттық туризм – бұл қозғалыс белсенділігі мен танымдық әрекеттерді, жарыс элементтері мен ұжымдық өзара іс-қимылды біріктіретін көпқырлы педагогикалық құбылыс. Ол балалар мен жасөспірімдердің физикалық төзімділігін арттырумен қатар, олардың бағдарлау қабілетін, кеңістіктік ойлауын, тактикалық шешім қабылдау дағдыларын және жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Спорттық туризм іс-шаралары, әсіресе жарыс формасында өткізілген жағдайда, қатысушылардың қызығушылығын арттырып, олардың белсенді қатысуына, өз мүмкіндіктерін сынауына және нәтижеге бағытталған әрекетке тартылуына ықпал етеді. Соның ішінде балалар мен жасөспірімдерге арналған спорттық туризм жарыстары – педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған, нақты мақсат пен құрылымға ие, тәрбиелік, білімдік және дамытушылық міндеттерді кешенді түрде жүзеге асыратын іс-шаралар жүйесі. Мұндай жарыстар барысында білім алушылар тек спорттық дағдыларды меңгеріп қана қоймай, табиғи ортада қауіпсіз әрекет ету ережелерін, өзара көмек көрсету мәдениетін, ұжымдық жауапкершілікті және өзін-өзі бақылау қабілетін дамытады.

Спорттық туризм жарыстарының түрлері олардың мазмұндық бағытына, орындалатын әрекеттердің сипатына және педагогикалық мақсаттарына қарай жіктеледі. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде балалар мен жасөспірімдерге арналған спорттық туризм жарыстарының бірнеше негізгі түрлері айқындалады.

Ең кең таралған түрлердің бірі – **жаяу туризм** жарыстары. Бұл жарыстар табиғи немесе жасанды ортада белгілі бір маршрут бойынша қозғалысты қамтиды және қатысушылардың төзімділігін, бағытты дұрыс таңдауға қабілеттілігін, қозғалыс техникасын меңгеру деңгейін бағалауға бағытталған. Жаяу туризм жарыстары балалар мен жасөспірімдердің физикалық дайындығын арттырумен қатар, олардың

табиғи ортада өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Теориялық тұрғыдан бұл жарыстар әрекеттік тәсілге негізделіп, қозғалыс белсенділігі арқылы тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді. Келесі маңызды түр – **кедергілер жолағы** бойынша өткізілетін жарыстар. Бұл жарыстар жасанды немесе табиғи кедергілерді еңсеруді көздейді және қатысушылардың ептілігін, күшін, үйлесімділігін және психологиялық төзімділігін дамытуға бағытталған. Кедергілер жолағы теориялық тұрғыдан қиындықтарды жеңу арқылы тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру тұжырымдамасына сүйенеді. Мұндай жарыстар балалар мен жасөспірімдердің ерік-жігерін шыңдап, өзін-өзі бақылау дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар тәжірибеде **аралас түрдегі спорттық туризм** жарыстары кеңінен қолданылады. Мұндай жарыстар жаяу туризм, велосипед туризмі, шаңғы туризмі, тау туризмі (жасанды жартас – скалодром), кедергілер жолағы және бағдарлау элементтерін біріктіріп, кешенді сипатқа ие болады. Аралас жарыстар спорттық туризмнің жан-жақты әлеуетін ашуға мүмкіндік беріп, қатысушылардың әртүрлі дағдыларын бір мезгілде дамытуға бағытталады.

Облыстық жарысты өткізудің әдістемелік ұсынымдары мен алгоритмі:

1. Жоспар құру (өткізгелі отырған шараны жоспарға енгізу);
2. Айқын мақсат қою (шараның мақсаты, ол не үшін арналған);
3. Ереже құрастыру (мақсаты, уақыты, ұйымдастырушылар, қатысушылар, бағдарламасы, өткізу шарттары, қорытындылау, қаржыландыру);
4. Өткізу туралы бұйрық шығару (қатысатын ұйымдарға үлестіру);
5. Ұйымдастыру комитетін құру (төрешілер тізімі, төрешілік ететін уақыты);
6. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (полиция, медицина, қауіпсіздік журналы);
7. Қашықтықтар мен байқаулардың ережесін жасақтау, бағдарламасын құру;
8. Жарысты өткізу (қатысушылардың дайындық деңгейін бағалау);
9. Жарыс нәтижелерінің қорытындысын жазу (қорытынды бұйрық, хаттама);
10. Әлеуметтік желілерге ақпарат салу.

Жарыс кезінде қолданылатын материалдардың үлгілерін ұсынамыз:

Халықаралық туризм күніне арналған білім қызметкерлері арасындағы туристік фестивалінің ашылу салтанатының сценарийі



Өту уақыты:	Өту орны:	Жүргізуші:
<i>Жүргізуші сахна жанында командаларды хабарлап, шақырады (ән: «Атамекен»).</i>		
Жүргізуші	Халықаралық туризм күніне арналған білім қызметкерлері арасындағы туристік фестиваліне қатысуға келген командаларды алаңға шақырамыз! - Командаларға қошемет білдіріп қояйық!	
<i>Сахнаға би тобы өнер көрсетуге шығады (фейерверк).</i>		
Жүргізуші	Алдарыңызда «Дала думаны» биімен өнер көрсеткен: мектептен тыс жұмыс орталығының «Илигай» би үйірмесі. Жетекшісі:	
Жүргізуші	Армысыздар, құрметті қонақтар мен қатысушылар! Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының қолдауымен, Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығының ұйымдастыруымен өткізгелі отырған Халықаралық туризм күніне арналған білім қызметкерлері арасындағы туристік фестивалінің салтанатты ашылуына ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!	
Жүргізуші	Құрметті қонақтар мен қатысушылар! Баршаңызды келе жатырған Халықаралық туризм күнімен құттықтаймыз! Еңбектеріңізге шығармашылық шабыт пен көлдей көңіл тілейміз! Өмір деген жорықта аяқтарыңыз еш талмасын! Биік шыңдарға өрмелеп, бағындырар белестеріңіз көп болсын!	
Жүргізуші	Назар аударыңыздар! Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні орындалсын!	

	<p>Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан» жолдауында «Өскелең ұрпақтың бойындағы патриотизм – болашаққа деген шынайы ұмтылыс. Бұл – қоғам санасында болып жатқан өзгерістің айқын көрінісі. Мен мұны толығымен қолдаймын. Жастардың күш-жігеріне, олардың дарыны мен біліміне сенемін» деген еді.</p> <p>Бүгін, шын мәнінде, өте жауапты күн! Себебі жан-жақтылықты, білімділікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін білім қызметкерлеріне арналған туристік фестиваль – педагогтердің туристік және кәсіби шеберліктерін шыңдау, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, білім қызметкерлері арасында туристік-өлкетану қызметі бойынша озық тәжірибені айқындау және насихаттау мақсатында өткізгелі отыр.</p>
Жүргізуші	<p>Олай болса, құрметті қонақтармен таныс болыңыздар!</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. БҚО әкімінің орынбасары. 2. БҚО білім басқармасының басшысы. 3. БҚО дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы. 4. БҚОБЖТЖЭО директоры, бас төреші. 5. Туризм ардагерлері.
Жүргізуші	Құттықтау сөзі
Жүргізуші	<p>Алдарыңызда өнер көрсететін: «Заманауи» биімен «Илигай» тобы – қабыл алыңыздар!</p> <p>Жетекшісі:</p>
Жүргізуші	<p>Фестивальдің төрешілерімен таныс болыңыздар:</p> <p>Фестивальдің бас хатшысы -;</p> <p>Қашықтық басшылары -;</p> <p>Конкурстық байқаулардың төрешісі -;</p> <p>Спорт ойындарының төрешісі -.</p>
Жүргізуші	<p>Құрметті білім қызметкерлері! Сіздерге зор денсаулық, шалқар шабыт және сәттілік тілейміз! Халықаралық туризм күніне арналған білім қызметкерлері арасындағы туристік фестивалін ашық деп жариялаймыз!</p>
<p><i>Туризм нұсқаушысы бұйрық береді.</i></p> <p><i>Командалар саппен сахнаға шығады («Атамекен» әнінің сүйемелдеуімен).</i></p>	


«Жеке» қашықтығының ЕРЕЖЕСІ

1. Шеңберден жүгіріп келу – өзің тартатын аспалы өткелден өту (12 м) – тік маятник (10 м) – қиғаш тартылған өткелден командалық жіп арқылы тежеп түсу (КЖ – 14 м) – аспалы өткелді өз қалпына келтіру.


2. Маятник (5 м) – төрешілік қиғаш тартылған аспалы өткелмен көтерілу (12 м) – қиғаш тартылған өткелден командалық жіп арқылы тежеп түсу (12 м) – командалық жіпті шешу.



3. Қалың теректерден өту – бос қиғаш тартылған аспалы өткел – көбелек әдісімен өту – антимаятник – қиғаш тартылған аспалы өткелді өз қалпына келтіру.




4. Баспалдақпен көтерілу – командалық арқан арқылы түсу – жумар құралын пайдаланып, жіппен көтерілу – параллельді өткелді құрып өту – өз жібін шешу – төмен түсу (дюльфер).



«Техникалық» қашықтығының ЕРЕЖЕСІ

Команда бес адамнан тұрады (бір қыз бала міндетті түрде). Кезеңдер блоктарға бөлінген. Басталуы мен аяқталуы шеңберде белгіленген. Әрбір блокта біз алдымен бір қатысушыны (әр жолы жаңа қатысушыны) «алып тастаймыз», содан кейін екі қатысушыны «қосамыз». Әрбір блок Шеңберден басталады. Әрбір блоктың басқару нүктесі бар.


1. Маятник құру және өту – 5 адам




2. Параллельді аспалы өткелді құру (2 жағынан), байламдар қарама-қарсы жүру арқылы өтеді – 4 адам




3. Бағыты өзгерілген аспалы өткелді құрып өту (бақылау жүгі бар) – 3 адам




4. Төрешілік арқанмен жұмар арқылы көтерілу, командалық арқан арқылы қиғаш өткел тартып түсу – 2 адам




5. Жұмар арқылы көтерілу (15 м), өз жібімен түсу (6 м) – 1 адам



6. Төрешілік қиғаш тартылған өткел арқылы көтерілу, траверс құру, қиғаш тартылған өткелден командалық жіп арқылы тежеп түсу – 3 адам



7. Көлденең маятник асты-үсті тарту және өту, анықтамалық нүкте командалық арқан арқылы жасалады – 5 адам



«Туристтік кедергілер жолағы» қашықтығының ЕРЕЖЕСІ (қашықтық – «жаяу туризм техникасы») – командалық жарыс

Команда 4 адамнан тұрады (соның ішінде кемінде 1 әйел адам). Төреші хаттамасында көрсетілген уақыт – техникалық сөре болып табылады. Техникалық стартқа кешігіп келген команда жарысқа жіберілмейді.

Команда старт алаңына 5 минут бұрын келуі керек. Қашықтыққа шығу уақытына дейін қашықтық алдындағы тексеру жүргізіледі, оның барысында құрал-жабдықтар тексеріледі. Барлық талаптар орындалмай, команда қашықтыққа шығарылмайды.

Егер кезеңде бақылау уақыты асып кетсе, команда кезеңнен шығарылады, бірақ қашықтықты әрі қарай жалғастырады.

Кезеңдердің бәрі төрешілік жіптермен тартылып, дайын тұрады: бытқылдан ағаш арқылы өту, аспалы өткел, параллельді өткел, маятник, траверс, тышқан қақпадан өту, қалың ағаштан өту, тапсырмалар алаңы (азимут, түйме байлау, оттың түрлерін айту, топографиялық белгілер, объекттің ұзындығын табу, т.б.).

Байқау ережелері мен бағалау шарттары

1. «Фотосурет» байқауы. Тақырыбы: «Жарыстан әдемі бір сәт...». Әкелінетін фотосуреттер 5 дана болуы керек. Өлшемі: А-5, сол жақ төменгі бұрышына автордың аты-жөні, команданың аты, суреттің тақырыбы жа-

зылады. Жалпы ұпай – 30 (эмоционалдылық – 7 ұ., сапасы – 7 ұ., сюжет ерекшелігі – 10 ұ., безендірілуі – 6 ұ.).

2. «Екі жұлдыз» байқауы. Тақырыбы: «Әрбір турист – бір жұлдыз!». Тақырыптың толық ашылуы, ерекшелігі, жаңашылдығы, көрсетілімнің безендірілуі, киім үлгісі, орындалу сапасы, шеберлігі, көпшіліктің қатысуы, бірыңғайлығы, ойналуы, актерлік шеберлігі, музыкалық сүйемелдеудің болуы, сахна мәдениетінің сақталуы.

Қатысушылар: екі қатысушы (ұл бала және қыз бала). Жоғары ұпай – 60.

Байқаудың тапсырмасы:

А) Таныстыру (көрініс көрсетіп, өздерін таныстырады). Бағалау критерийі: мәнерлеп орындауы – 5 ұ., сырт келбеті, киім кию үлгісі – 5 ұ., өзектілігі – 5 ұ., көрініс, сахналық мәдениет – 5 ұ.

Б) Киноконцерт байқауы (фильмдер үзіндісінен көрініс көрсету). Бағалау критерийі: сахнаның безендірілуі – 5 ұ., актерлік шеберлік – 5 ұ., киім үлгісі элементтерінің болуы – 5 ұ., орындалу сапасы – 5 ұ.

В) Ұйымдастырушылардан туризм бағытындағы тапсырма.

Қорытындылау: 3 бөлімнің ұпайларын қосу арқылы шығарылады.

3. «Бұқаралық ақпарат құралдарындағы туристік мақалалар» байқауы. Тақырыбы: «Балалар туризмі туралы бір үзік сыр». Ұсынылатын материалдар БАҚ-да жарияланған болуы тиіс (әр мақалаға ұпай беріледі, жиналған ұпайдан орташа жиынтық есептеледі); міндетті түрде автордың фотосы мен қызметі туралы мәлімет; мақалаға қатысты фотосуреттер, материалдар тапсырылады, газет/журналдың атауы, мақаланың шыққан күні көрсетілуі қажет. Жұмыс портфолио түрінде тапсырылады.

4. «Менің 5 минуттағы сабағым» онлайн байқауы. Жалпы ұпайы – 50. Бағалау шарттары: сабақ құрылымының сақталуы, платформаны қолдану әдісі, онлайн сабақтың біртұтас үш дидактикалық мақсаттарына сай болуы керек. Сабақтың уақыты – 5 минут (сабақтың түсіндірілуі бағаланады).

5. «Менің кіші Отаным» туристік жорықтар аясында бейнеролик байқауы. Жалпы ұпай – 50. Фестивальге 2024-2025 оқу жылдары педагогтер ұжымдары табиғат аясына бір күндік жорыққа шыққанда ұйымдастырылған жұмыстарды, сол күнді тиімді өткізілгенін дәлелдейтін 3-4 минуттық кәсіби түсірілімде монтаждalған бір бейнеролик жолдауы қажет.

6. «Туристік тұрмыс және дағды» байқауы. Жалпы ұпай – 50. Байқау келесі көрсеткіштер бойынша анықталады: бивуактың орналасуы (ас дайындайтын орын, ас мәзірі, жуынатын орын, қойма, қоқыс қоймасы); безендірілуі (бивуактың қоршалуы, туризмді насихаттау бағытында стенді және т.б.); шатырдың сыртқы және ішкі тазалығы, экологиялық жағдайы.

7. «Бард әндері» байқауы. Жалпы ұпай – 50. Ән қатысушы (педагог) мүшелерінің сүйемелдеуімен орындалады. Қатысушыларға белгілі бардтардың (А.Розенбаум, О.Митяев, А.Галич, Ю.Визбор, Б.Окуджава, Т.Досымов, т.б.) әндерін орындауға болады. Ән мәтінінде зорлық-зомбылыққа шақыру және зиянды әдеттерді насихаттауға болмайды. Бағалау критерийлері: ән тақырыбының әдеби құндылығы; орындау кезіндегі авторлық өзіндік қасиеті; сахна мәдениеті, орындау шеберлігі; музыкалық аспаппен сүйемелдеу, ойнау техникасы.

8. «Ыстық тағам» байқауы. Жалпы ұпай – 30. Берілетін уақыт – 60 минут.

Байқау командалардың жорық жағдайында өз азық-түліктерінен тамақ дайындау білімдерін, біліктіліктерін, дағдыларын анықтау болып табылады. Бағалау барысында дайындалған тағамның қарапайымдылығы, дәмдік сапасы және астың безендірілуі ескеріледі. Асты дайындау алдын ала берілген бағдарлама бойынша ұсынылады. Байқауға 1 аспаз, 1 от жағушы қатысады.

Қажетті құралдар тізімі: қазан – 1 дана, ұшаяқ – 1 дана, шырпы, отын.

Бағалау жүйесі: дәмдік сапасы – 10 ұпай, дайындау технологиясы – 10 ұпай, астың безендірілуі – 5 ұпай, ұсынылуы – 5 ұпай.

Қажетті азық-түлік тізімі мен ас мәзірі командалардың қарауына қалдырылады.

9. «Спорттық лабиринт» жарысы. Қатысушылар карта-схема арқылы жасанды учаскеде орналасқан бақылау нүктесінің (БН) берілген реттілігін сақтап табуы тиіс. Қатысушылардың нәтижелері қашықтықты қатесіз өту уақыты бойынша анықталады. Жасанды жер көлемі кемінде 30x30 м, шағын, тегіс, ашық алаңда орналасқан, «Қабырға» үлгісіндегі стандартты нысандар жиынтығынан тұрады. Олардың арасында желілік нысандар (қабырғаны) имитациялайтын бөгегіш лентасы (құрылыс шектеу ленталары) тартылған тіреулер (қазықтар) түріндегі жасанды нысандар болады. Жарысқа қатысушылар саны шектеусіз. Жарыс А және Б санаттары бойынша ерлер және әйелдер арасында өткізіледі. Қатысушылар алдын ала тіркелуі керек. Бақылау нүктелері электронды станциялармен жабдықталып, қатысушыларға электронды чип беріледі.

Қатысушының міндеттері: ұсынылған қашықтықты жүріп өтіп, өз бақылау нүктесін (БН) тауып, байланыстыруды оқып, лабиринт схемасын түсінуі керек. Қатысушыларға кедергі торын жоғарыдан немесе төменнен өтуге тыйым салынады. Қашықтықтан өтіп жатырған қатысушыларға бөгде адамдар көмектесуіне және кедергі келтіруіне тыйым салынады. Жарыс нәтижесі барлық қатысушылар кезеңнен өтіп болғаннан соң анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбілқасымова Қ.Қ. Дене тәрбиесі және спорт педагогикасының негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 256 б.

2. Айтқожин Қ.Е. Туризм және өлкетану негіздері. – Алматы: Рауан, 2017. – 198 б.



КАЙЫРЛИЕВА
Оралай Жауынбаевна,
«Балалар музыка мектебі»
домбыра пәні мұғалімі,
педагог-модератор,
Қаратөбе ауд., БҚО

Домбыра аспабын үйрету арқылы музыкалық сауаттылықты қалыптастыру



Аңдатпа. Мақалада автор домбыра аспабын үйрету арқылы музыкалық сауаттылықты қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін қарастырады. Сонымен қатар ноталық оқу, ырғақ, темп, штрих, лад, диапазон секілді музыка теориясының негізгі элементтері және домбыра тарту дағдыларын бірізділікпен үйрету бағыттары сипатталған. Қосымша білім беру ұйымдарында ұлттық өнерді дәріптеу, күй өнерін меңгерту және домбыра арқылы эстетикалық, рухани тәрбие беру мақсат етіледі.

Аннотация. В статье автор рассматривает эффективные методы и приёмы формирования музыкальной грамотности посредством обучения игре на домбре. Наряду с этим описаны основные элементы музыкальной теории, такие как нотная грамота, ритм, темп, штрихи, лад, диапазон, а также направления последовательного обучения исполнительским навыкам игры на домбре. Целью является популяризация национального искусства в организациях дополнительного образования, освоение искусства кюя и эстетическое, духовное воспитание средствами домбры.

Кілт сөздер: домбыра, музыкалық сауаттылық, музыкалық тәрбие, құйма-құлақ әдісі, сандық жүйе, нота сауаты, күй өнері, орындаушылық дағдылар, музыкалық қабылдау, техникалық жаттығулар, штрих, ұлттық өнер.

Кіріспе. Қазақ халқының киелі мұрасы – домбыра

Домбыра – қазақ халқының киелі, рухани қазынасы. Ол тек музыкалық аспап емес, қазақ халқының тарихы, арманы мен жан дүниесінің айнасы. Домбыраның шығу тарихы туралы көптеген аңыздар бар. Соның бірі – аңшының желмен дыбыс шығарған бұтақтан домбыра жасауы, енді бірі – Қорқыт атаның жер астынан естіген үн арқылы домбыраны ойлап табуы.

Домбыра күйлері – халқымыздың рухани мұрасы. Әр күй – белгілі бір оқиғаға, сезімге немесе табиғат құбылысына арналып шығарылған. Мысалы, «Қорқыт» күйі – өмір мен өлім туралы терең ой, «Ертіс толқындары» – табиғат сұлулығын жеткізсе, «Ақсақ құлан» – батырлық пен қасірет туралы аңыздан туындаған.

Бүгінгі ұрпақ үшін домбыраны үйрену – ұлттық рухты сақтау мен ата-баба мұрасын жалғастыру.

1. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ДОМБЫРАСЫНЫҢ ҮЛГІСІ



2. АРҚА ДОМБЫРАСЫНЫҢ ҮЛГІСІ



Домбыра арқылы қазақтың тарихы, салт-дәстүрі мен рухы кейінгі ұрпаққа беріледі. Домбыра халықтың ән және күй орындау өнерімен тығыз байланысты дамып отырған әрі әр аймақта әртүрлі атаулармен белгілі болған, мысалы: «қозықұйрық», «тұмар», «торсық» сияқты атаулар кездеседі. Түр-сипаты, ішегі мен перне саны да өңір ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отырған. Бүгінде домбыраның негізгі екі түрі жиі қолданылады. Домбыра қолдану мақсатына байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Әншілер пайдаланатын домбыраға әшекей ретінде үкі, түрлі бедерлер, жануарлар бейнесі салынады. Ал күй тартуға арналған домбыраларда мұндай әшекейлер болмайды. Өйткені күй үйрену кезінде домбыра бетінде артық безендірулер болса, олар саусақтардың қозғалысына кедергі келтіріп, оқушының назарын басқаға аударуы мүмкін.

Негізгі бөлімі: Домбыра аспабын үйрету арқылы музыкалық сауаттылықты қалыптастыру

Музыкалық сауаттылықты қалыптастыру кезінде педагог есту, есте сақтау, ырғақ сияқты музыкалық қабілеттерді дамытады, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтайды, музыка өнерінің теориялық негіздерімен таныстырады. Сонымен бірге музыкалық ой-өрісін кеңейтуге, музыкалық талғамын қалыптастыруға, музыкаға деген сүйіспеншілігін оятуға ықпал етеді. Баланы музыка тыңдауға және тыңдай отырып, оны саналы түрде қабылдауға баулу – музыкалық тәрбие беру жұмысының күрделі міндеттерінің бірі. Өйткені ол оқушының музыкалық мәдениетін қалыптастырудың алғышарты болып есептеледі.

Музыкалық қабылдау – музыка сабағында қолданылатын іс-әрекеттердің кез келген түрінің іргетасы, бастапқы нүктесі ретінде қалыптастырылады. Кез келген түрі деп отырғанымыз – музыка тыңдау, нота сауаттылығы, ырғақтық-музыкалық қимылдар, балалар шығармашылығы. Музыканы қабылдай білу – музыканы жанымен түсіну деген сөз. Шәкірт қауымының музыкалық шығарманы қабылдау қабілетін дамыту жұмысы өзара тығыз байланысты екі бағытта жүргізіледі:

1) Оқушыларға музыканың өмірмен байланысы, музыкалық өнердің өмірдің өзіндік көрінісі және бейнесі екендігі жөнінде түсінік қалыптастыру;

2) Педагогикалық үдеріс музыканың мазмұнына негізделеді және оны басшылыққа алады.

Домбыра аспабын үйрету бағыттарының, сұраныстың әр алуан болуына байланысты бүгінгі таңда үш тәсілі қарастырылады:

1. Домбыраны сандық жүйесімен үйрету. Домбыраны үйренуді ниет еткен, рухани тектілігі, таудай талабы бар жандарға сандық жүйесімен үйрету. Есте сақтау қабілеті қалыптаспаған үйренушіге тиімді әдіс. Бұл тез үйренумен қатар, нота сауатын қажетсізбейтін домбырашыға арналады.

2. Дәстүрлі құйма-құлақ әдісі. Бұл дәстүрлі күй үйрету мектебі. Яғни, көз-құлақпен қабылдау. Құйма-құлақ әдісі – жалпы домбыра үйрету мектебінің

өзегі. Бұл қасиет музыка маманының әрқайсысында болу шарт, көбінесе табиғаттан беріледі. Құйма-құлақ әдісінің ғасырлық тарихы бар. Ол заманда да, қазір де күй құмар боп өскен ауыл баласы құлақпен қабылдаған, қолын қойып ешкім үйретпеген. Үйрету әдісінің қиыны болса да, бірақ ең тиімдісі.

3. Нота сауаты: домбырашы мамандығын қалаған әрбір оқушының үйрену жолы. Музыка мектептерінің ұстанар басты бағыты – нота сауаты. Кәсіби даму үшін нотамен үйрету қажет. Музыкадағы дыбыстар биіктігі мен ұзақтығына қарай таңбаланады. Дыбыстарды қағазға түсіру үшін нота белгісі қолданылады.

Дыбыстың биіктігіне қарай атаулары: до, ре, ми, фа, соль, ля, си.

Ұзақтығына байланысты: бүтін, жарты, төрттік, сегіздік, оналтылық секілді өлшемдерге бөлінеді.

Домбыра үйрету әдістері

Домбырада ойнауды үйрену үшін алдымен оны дұрыс ұстауды, қағыстарды меңгеруді үйрену қажет.

1. Домбыраны дұрыс ұстау:

- Оқушы арқасын тік ұстап, иықтарын бос ұстауы керек.

- Оң аяғын сол аяғының үстіне қойып, домбыраны ыңғайлы етіп тізеге орналастыру қажет.

- Шынтақпен домбыраны қысуға болмайды, қол еркін болуы тиіс.

2. Қағыс түрлерімен танысу:

Қағыс – ішекті қолмен қағып дыбыс шығару тәсілі. Қағыстар бағытына қарай:

- төмен қағыс (сұқ саусақпен, білезік буынымен төмен қағылады);

- жоғары қағыс (бармақпен немесе сұқ саусақпен жоғары қағылады).

- екі қағыстың кезектесуі – алма-кезек қағыс деп аталады.

3. Қағыс жасаудың техникасы:

- төмен қағыс – оң қолдың табиғи, жеңіл қозғалысы.

- домбыра мойнын сол қолмен сәл демеп ұстау қажет.

- қол буыны мен білегі қатты бұрылмай, еркін қозғалуы керек.

4. Практикалық жаттығу:

- Ашық ішектерде төмен және жоғары қағыстарды кезектестіріп орындау.

- Төмен қағысты бірнеше рет қайталау.

- Оқушыға жеке-жеке тыңдатып, қатесін түзету.

Домбырада қолданылатын негізгі қағыстардың түрлері

Домбыра аспабында дыбыс шығарудың басты тәсілдерінің бірі – оң қолдың қозғалысы арқылы ішекті қағу. Бұл әдіс «қағыс» деп аталады. Қағысты меңгеру – домбыра үйренудің алғашқы әрі маңызды кезеңі. Оқушы алғашқы қағыс жаттығуларын орындау барысында екі мектептің – төкпе және шертпе дәстүрлерінің ерекшеліктерін қатар үйренуі керек.

Төкпе қағыс әдетте сұқ саусақ пен бас бармақ арқылы орындалады және кең, ауқымды қозғалысымен ерекшеленеді. Ал шертпе қағыс негізінен сұқ

саусақтың икемді қозғалысына сүйенеді, ол нәзік әрі дәл соғу тәсілін талап етеді.

Домбырада орындалатын күйлердің мазмұны мен стиліне қарай қағыстардың бірнеше ерекшеленген түрлері қалыптасқан:

- «Тентек қағыс» – Құрманғазы күйлеріне тән, кейін Дина Нұрпейісова жетілдірген кең шеңберлі, серпінді қағыс түрі.

- «Төре қағыс» – Төре күйлерінде кездесетін, ішектерден алшақтамай орындалатын жинақы әрі сабырлы қағыс.

- «Сүйретпе қағыс» – Абыл Тарақұлы мектебінен бастау алған, дыбысты созып, шығарманың әсерлілігін арттыратын ерекше қағыс.

- «Сипай қағыс» – саусақтың ұшымен ішекті жұмсақ қимылмен қағып, нәзік дыбыс шығаруға арналған.

Музыкалық шығармамен жұмыс тәсілі:

Домбыра сабағында шығарманы талдау арқылы оқушының орындаушылық шеберлігін жетілдіру, техникалық, көркемдік және музыкалық сауатын арттыру көзделеді.

1. Шығармамен танысу:

Сабақ басында орындалатын күйдің немесе пьесаның атауы, авторы, жазылған кезеңі мен стильдік ерекшеліктері талданады. Бұл – оқушыны музыкалық ойға, тарихи танымға жетелейді.

2. Техникалық дайындық:

Шығарманың күрделі жерлері алдын ала бөліп қаралып, қол қимылдарын үйлестіруге арналған жаттығулар жасалады. Саусақ қойылымы, қағыс түрлері нақты көрсетіледі.

3. Ноталық талдау:

Шығарманың тактілік өлшемі, негізгі дыбыстар, қағыс бағыты, динамика және артикуляция белгілері оқушымен бірлесіп отырып талданады. Оқушының нота оқу қабілеті осы жерде дамиды.



4. Фраза және көркемдік орындау:

Музыкалық фразаларға бөліп, әр бөлікті мәнерлі жеткізуге үйретіледі. Күйдің немесе шығарманың ішкі мазмұны мен эмоциялық мәні түсіндіріліп, оқушы оны сезіммен орындауға баулынады.

5. Шығармашылық жұмыстың әдісі:

Оқушы шығарманы толық орындап, өз сезімін жеткізуге тырысады. Мұғалім түзетулер айтып, көркем орындауға жетелейді.

Техникалық дайындық және жаттығулар:

Бұл кезеңде оқушының қол қозғалыстарының дәлдігін, интонация тазалығын және орындау машықтарын жетілдіруге арналған жаттығулар жүргізіледі.

Арнайы дайындықтар – гамма, арпеджио, этюдтер арқылы саусақтардың дұрыс әрі нақты жұмысына, ырғақты орындауға, дыбыстың анық әрі таза шығуына, орындау шапшаңдығын арттыруға көңіл бөлінеді.

Es-dur гаммасы – екі октавада, әртүрлі штрихтармен (legato, non legato, staccato) орындалады.

- **Legato** – дыбыстарды бір-біріне тегіс жалғап орындау тәсілі.

- **Staccato** – қысқа әрі үзілген дыбыстармен ойнау.

- **Non legato** – әр дыбысты бөлек әрі нақты орындау әдісі.

Шығармамен жұмыс жасау әдісі:

Мысалы: оқушы «Бипыл» халық әні негізінде нақты ырғақ пен техникалық бөліктерді меңгеруге машықтанады.

- Қиын жерлер баяу қарқында, нақты саусақтармен орындалып, мәтін қателері түзетіледі (нота, қағыс, штрих).

- Қол бұлшық еттерін босатып, саусақтардың дұрыс орналасуы бақыланады.

- Динамика мен темп тұрақтылығын сақтау – басты назарда.

- Шығарманы толық әрі еркін орындауға ұмтылу.

- Шығарманың аудиожазбасын тыңдау арқылы көркемдік талдау жасау.

- Es-dur гаммасын нақты және тез орындау.

- Жайымов этюдінде дыбыс сапасы мен көркемдікке назар.

- Шығармаларды техникалық жағынан таза, ырғақ пен динамикаға сай ойнау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Базарбай Б. «Домбыра аспабына арналған этюдтер мен жаттығулар».

2. Жайымов А., Ысқақов Б., Сахарбаева К., Жайым А. Домбыра сазы.

3. Сәтенова С. «Музыка сабағында оқушылардың есту қабілетін дамыту жолдары».

4. Нұрсұлтанов Е. «Домбыра үйретудің әдістемесі».

5. Музыкалық білім берудің теориясы мен әдістемесі (оқу құралы, түрлі авторлар).

6. Қазақтың дәстүрлі ән-күй мұралары (жинақтар мен ноталық хрестоматиялар).



АНАТОЛИЙ
Райымбек Қайратұлы,
«Атамекен БЖТжЭО
экология бөлімінің
менгерушісі, педагог-модератор,
Орал қ., БҚО



ЖУМАГАЗИЕВА
Бибиғұл Айтбаевна,
«Атамекен» БЖТжЭО
ҚББП-і,
педагог-модератор,
Орал қ., БҚО



ҚҰЛГЕЛДИЕВА
Айнағұл
Александрқызы,
«Атамекен» БЖТжЭО
ҚББП-і, педагог,
Орал қ., БҚО

«АТАМЕКЕН» – БАЛАЛАР ТУРИЗМ ОРТАЛЫҒЫНА 25 ЖЫЛ

***Аңдатпа.** Мақалада Орал қаласындағы «Атамекен» балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының 25 жылдық тарихы мен қызметі жан-жақты қарастырылады. Орталықтың құрылу кезеңдері, басшылық еткен тұлғалардың еңбегі, материалдық-техникалық базасының қалыптасуы және туризм, өлкетану, экология бағыттарындағы жүйелі жұмыстары баяндалады. Сонымен қатар экология бөлімінің ашылуы, ғылыми-зерттеу және экспедициялық жұмыстар, жазғы сауықтыру лагерьлері мен категориялық жорықтардың тәрбиелік маңызы көрсетіледі. Мақалада орталықтың педагогикалық кадрлық әлеуеті, серіктес мекемелермен ынтымақтастығы және балаларды отансүйгіштікке, табиғатты аялауға тәрбиелеудегі рөлі айқындалады.*

***Аннотация.** В статье рассматривается 25-летняя история и деятельность центра детско-юношеского туризма и экологии «Атамекен» города Уральска. Освещаются этапы становления учреждения, вклад руководителей и педагогов, развитие материально-технической базы, а также системная работа в сфере туризма, краеведения и экологии. Особое внимание уделяется открытию экологического отдела, организации научно-исследовательских и экспедиционных работ, летних оздоровительных лагерей и категорийных туристских походов. Раскрывается кадровый потенциал центра, его сотрудничество с республиканскими и региональными организациями, а также роль учреждения в формировании экологической культуры, патриотизма и активной жизненной позиции подрастающего поколения.*

***Кілт сөздері:** Атамекен, туризм, өлкетану, экология, балалар лагері, экспедиция, қосымша білім беру.*

Орал қаласындағы «Атамекен» балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы – өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, табиғатты аялауға және белсенді өмір салтына баулып келе жатқан бірегей білім ордасы. 2001 жылы құрылған орталық бүгінде қосымша білім беру саласында өзіндік орны бар, тәжірибесі мол мекемеге айналды.

Орталықта жазғы демалыс лагеріне арналған жатын корпусы, асхана және әкімшілік бөлім бар. Қолайлы материалдық-техникалық база балалардың қауіпсіз әрі сапалы білім алуына және демалып, сауығуына толық мүмкіндік береді.

Қалалық орталықтың жылнамасы 2001 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған қалалық әкімшіліктің қаулысынан бастау алады. Тұңғыш дирек-



тор Шаяхмедова Ранида Октябриновна басқарған 2001–2002 жылдар орталықтың қалыптасу кезеңі ретінде тарихта қалды.

2002 жылы орталық тізгінін көптеген маңызды туристік іс-шаралардың белсенді ұйымдастырушысы Абдушева Роза Джанбулатовна қолға алды.

Ал 2008–2010 жылдары орталықты басқарған Нугманова Кулайша Какимжановна туристік ортадан шықпағанымен, мекеменің жұмыс жүйесін тиімді жолға қоя білді.

2010–2020 жылдар аралығында орталықты балалар мен жасөспірімдер туризмін ұйымдастыруда мол тәжірибесі бар М.А. Сенгалиев, А.И. Будник, А.А. Есенов, Ж.Н.Сәкенов басқарды. Бұл кезең мекеменің материалдық-техникалық базасының нығаюымен, қызмет ауқымының кеңеюімен және туристік-өлкетану жұмыстарының сапалық деңгейінің артуымен ерекшеленді. 2018 жылы орталық базасында қосымша білім беру педагогтерінің біліктілігін арттыруға арналған алғашқы республикалық курс ұйымдастырылды.

2021 жылы орталық басшысы болып тарих магистрі, Орыс география қоғамының мүшесі А.Ш. Курумбаев тағайындалды. 2024 жылдан бастап орталық директорының міндетін атқарушы – Ж.Н. Сәкенов.

«Атамекен» орталығының басты мақсаты – әрбір баланың қабілеті мен қызығушылығын ескере отырып, жан-жақты дамуына жағдай жасау. Осы мақсатта орталық туризм, өлкетану және экология бағыттары бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Қазіргі таңда орталықтың үйірмелері Орал қаласындағы 30 мектепте тегін

негізде жұмыс істеп, 103 үйірме арқылы 1575 оқушыны қамтып отыр.

Орталықта 13 негізгі штаттық педагог және 44 қосымша педагог қызмет етеді. Педагог кадрларының санаттық құрамы: педагог – 13, модератор – 22, сарапшы – 8, зерттеуші – 14.

Мұғалімдер туризм, өлкетану және экология бағыттары бойынша сабақтарды теория мен тәжірибені ұштастыра отырып өткізеді. Олар экспедициялар мен жорықтар кезінде жетекшілік етіп, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, туристік дағдыларды меңгеруіне ерекше көңіл бөледі.

ҚАЗІРГІ «АТАМЕКЕН» – БҰРЫНҒЫ «ОРЛЕНОК» ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ: ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ

Орал қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуында теміржол саласының орны ерекше. 1895 жылы Рязань – Орал теміржолы құрамында Орал қаласын Покровская Слобода (қазіргі Энгельс қаласы) бағытымен байланыстырған алғашқы теміржол бекеті пайдалануға берілді. Ал станцияның өзі 1894 жылы ашылған. Түпнұсқа вокзал ғимараты мавр үлгісіндегі сәулетімен ерекшеленіп, сол кезеңдегі қаланың көркін айқындаған маңызды нысандардың бірі болды.

XX ғасырдың 30-жылдары Кеңес Одағында өнеркәсіп пен көлік саласы қарқынды дамыды. Әсіресе теміржол саласы стратегиялық маңызға ие болып, мыңдаған жұмысшы мен маманды тұрақты еңбекпен қамтыды. Осыған байланысты мемлекет пен кәсіподақ ұйымдары теміржолшылардың әлеуметтік жағдайына, оның ішінде жұмысшылар балаларының денсаулығы мен демалысына ерекше көңіл бөле бастады.

Осы әлеуметтік саясаттың нақты нәтижесі ретінде 1937 жылы Орал қаласында теміржол саласы қызметкерлерінің балаларына арналған «Орленок» жазғы сауықтыру лагері ашылды. Лагерь балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруға, денсаулығын нығайтуға және ұжымдық тәрбие беруге бағытталды.

«Орленок» лагерінде балалар үшін дене шынықтыру сабақтары, спорттық жарыстар, мәдени-көпшілік іс-шаралар, ойын-сауық бағдарламалары және тәрбиелік жұмыстар жүйелі түрде өткізілді. Мұнда балалар таза ауада демалып қана қоймай, ұжымда өмір сүруді, достық пен өзара көмекті, тәртіп пен жауапкершілікті үйренді. Патриоттық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру да лагер жұмысының маңызды бөлігі болды.



Айта кетерлігі, «Орленок» жазғы сауықтыру лагерінің ғимараты Қазақстан тәуелсіздігі жылдарына дейін сақталып, бірнеше онжылдық бойы балалар демалысына қызмет етті. Бұл нысан Орал қаласының теміржол тарихымен тығыз байланысты әлеуметтік-мәдени мұраның бір бөлігіне айналды.

Қорыта айтқанда, «Орленок» жазғы сауықтыру орталығының ашылуы теміржол саласының қоғам алдындағы жауапкершілігін айқындап, жұмысшы отбасыларына көрсетілген нақты әлеуметтік қолдаудың жарқын үлгісі болды. Мұндай бастамалар арқылы балалардың денсаулығын сақтау, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және болашақ ұрпақты тәрбиелеу ісі жүйелі түрде жүзеге асырылды.

«Орленок» жазғы сауықтыру орталығының

ашылуы Орал қаласының әлеуметтік-мәдени өмірінде маңызды орын алды. Ол теміржол саласының қоғам алдындағы жауапкершілігін көрсетіп, қызметкерлердің отбасыларына жасалған нақты қолдаудың бір үлгісі болды. Осындай орталықтар арқылы балалардың денсаулығын сақтау, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және болашақ ұрпақты тәрбиелеу ісі жүйелі түрде жүзеге асырылды.

ЖАҢА УАҚЫТ БЕЛЕСІНДЕГІ «АТАМЕКЕН» КӨРІНІСІ

Тәуелсіздік жылдарынан кейін «Атамекен» балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының жанынан құрылған «Рахат» пен «Мирас» шатырлы лагерьлері жасөспірімдерді туристік өмір салтына баулып, табиғатпен етене жақын болуға үйретсе, «Қайсар» патриоттық лагерьі болашақта әскери мамандықты таңдаған жасөспірімдерге бастапқы әскери дайындық негіздерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Жыл бойы балалар туристік жорықтарға қатысып, өлкетанулық зерттеулер жүргізуді, алғашқы медициналық көмек көрсетуді, табиғат аясында өмір сүру дағдыларын меңгереді. Ал жаз мезгілінде орталық жұмысы ерекше қарқын алады. Жазғы демалыс кезеңінде 7 ауысымда 1500-ге жуық оқушы лагерьлерде тынығып, пайдалы уақыт өткізеді. Әсіресе аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға, оқу озаттарына және түрлі байқаулардың жеңімпаздарына ерекше қолдау көрсетіледі.

Өлкетану бағытындағы экспедициялар орталық жұмысының маңызды бөлігі саналады. Оқушылар тарихи орындарға саяхат жасап, туған өлкенің табиғаты мен мәдени мұрасын зерттейді.



Бұл шаралар жас ұрпақтың елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттырады.

2025 жылы орталықтың ұйымдастыруымен бірқатар өлкетанулық, тарихи-мәдени және экологиялық экспедициялар өткізілді. Соның ішінде Орал қаласы – Астана қаласы – Орал қаласы бағытында өткен әлеуметтік-тарихи-мәдени турға 5 жетекші мен 36 оқушы қатысып, еліміздің тарихи-мәдени нысандарымен танысты. Бұл сапар жасөспірімдердің дүниетанымын кеңейтіп, елге деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталды. Сондай-ақ Орал қаласы – Жұмағазы хазірет (Дәдем ата) – Жымпиты ауылы – Қаратөбе ауданы – Егіндікөл ауылы – Орал қаласы бағыты бойынша «Ұлы Жібек жолы: тарих пен табиғаттың тоғысы» атты өлкетанулық-экологиялық экспедиция ұйымдастырылды. Экспедиция барысында оқушылар өңірдің табиғи ерекшеліктерін зерттеп, экологиялық бақылау жүргізіп, жаяу жүру техникасын, қарапайым кедергілерден өту тәсілдерін меңгерді.

Биылғы жылы орталық екінші күрделілік санатындағы (II категория) спорттық жорықты сәтті өткізді. Жорық бағыты Ақтөбе қаласы – Елек өзені – Родниковка ауылы – Хазірет ауылы – Қарғалы өзені – Белогор карьері – Сухая балка – Ақтөбе қаласы маршрутын қамтыды. Категориялық жорық барысында педагогтер қысқы табиғи жағдайда қозғалу, шаңғы туризмі техникасын меңгеру, бағытты дұрыс жоспарлау, карта мен компас арқылы бағдарлау дағдыларын жетілдірді. Сонымен қатар қауіпсіздік ережелерін сақтау, топпен үйлесімді әрекет ету, туристік тұрмысты ұйымдастыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді.

Сонымен қатар орталықта жыл сайын қала педагогтеріне арналған семинарлар, ғылыми-

практикалық конференциялар, экологиялық форумдар өткізіліп келеді. Биылдың өзінде «Таза Қазақстан – таза болашақ», «Білім беру мекемелеріндегі өлкетану жұмыстары – жаңашылдығы, ғылымилығы, тәжірибелігі», «Білім беру үдерісінде спорттық туризм элементтерін қолдану» атты қалалық семинар-практикумдар өткізілді.

«Атамекен» орталығының бүгінгі жетістіктері – туризм саласында ұзақ жылдар бойы еңбек еткен ардагер ұстаздар мен мамандардың қажырлы еңбегінің нәтижесі. Олар өз тәжірибесімен бөлісіп, жас мамандарға бағыт-бағдар беріп, орталықтың қалыптасуына зор үлес қосты. Туризм және экология саласының ардагерлері қатарында: Ү.Е. Шадиева, Р.Д. Абдушева, К.К. Нугманова, М.Ә. Сенғалиев, А.Е. Будник, Ә.А. Есенов, Ж.Н. Сәкенов, А.А. Дмитриев, Т.Д. Питотнинова, С. Назимовна, М.К. Мурзағалиев, Б.Р. Кульбабаев, В.Н. Порхоменко, А.Ш. Курумбаев, Н.Ю. Дундукова, А.Ж. Зулкашев. Ардагерлердің еңбегі – кейінгі ұрпаққа үлгі, ал олардың өмір жолы мен тәжірибесі «Атамекен» орталығы қызметінің рухани негізі болып қала береді.

2021 жылдан бастап орталықта өз алдына жеке ең жас экология бөлімі ашылып, бұл бағыттағы жұмыстар жаңа серпін алды. Экология бөлімі жыл сайын мазмұнды бастамаларымен, тың жобаларымен ерекшеленіп келеді. Соңғы 25 жыл ішінде қала мектептерінің педагогтеріне далалық-сарамандық жұмыстарын ұйымдастыру, әдістемелік көмек көрсету, Батыс Қазақстан облысының кіші өзендері бойынша маршруттар құрастыруға, мектеп жасындағы балалар арасында орнитология ілімінің негізін қалауға, геологиялық және экологиялық экспе-



дициялар өткізуге елеулі үлес қосқан экология бөлімінің жанашыры, орталықтың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болған Шантемиров Самиголла Ибатовичтің еңбегі зор. Ол сондай-ақ педагогтердің қызметін бағалауға арналған «Педсовет» журналының жарық көруіне және «Шырақ» іздестіру-ғылыми зерттеу жұмысының негізін қалауға ұйытқы болды.

Соңғы ширек ғасырда Мурзағалиев Максұт Кубайсович жаратылыстану бағыты бойынша еңбек етіп жүрген эколог мамандарға арналған бірқатар «На Бухарской стороне», «Молчание емшан» атты ғылыми-танымдық еңбектердің жарық көруіне ықпал етсе, Р.Қ. Анатолий мен Н.Ю. Дундукованың авторлығымен дайындалған «Озеро Песчаное – природное богатство и биоразнообразие», «Қалдығайты өзені бассейнінің ортаңғы ағысындағы Егіндікөл ауылы маңындағы өсімдіктердің жинақталған тізімі» атты зерттеу жұмыстары экологиялық бағыттағы маңызды дереккөздерге айналды.

«Атамекен» балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы экологиялық білім мен тәрбие беруді дамыту бағытында бірқатар республикалық және өңірлік мекемелермен тығыз серіктестік орнатқан. Аталған серіктестіктер білім алушылардың табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыруға, ғылыми-тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыруға және экологиялық жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Орталықтың серіктес мекемелері қатарында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне қарасты «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы

және жануарлар дүниесі комитетіне қарасты «Ботаника және фитоинтродукция институты», сондай-ақ Қазақстандағы биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығы (АСБК) бар, сонымен қатар қалалық эко-мектептермен, «Эко әлем» қауымдастығымен, Батыс Қазақстан облысының балық шаруашылығы инспекциясымен, «Орал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен өзара тиімді ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Ғылыми және білім беру бағытындағы серіктестер қатарында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті және Батыс Қазақстан облысының экология-география қауымдастығы бар. Бұл мекемелермен бірлескен жұмыстар оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, экологиялық жобалар мен танымдық іс-шараларды жоғары деңгейде өткізуге ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007 (өзгертулер мен толықтыруларымен).
2. Қазақстан Республикасында қосымша білім беруді дамытудың тұжырымдамасы. – Астана, 2022.
3. Балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. – Астана: РҚББ ОӘО, 2021.
4. Экологиялық білім мен тәрбие берудің теориясы мен практикасы / Әдістемелік құрал. – Алматы, 2020.
5. Құрымбаев А.Ш. «Атамекен» қалалық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығына 20 жыл! // Соқпақ – Тропинка. – 2022. – № 1 (96). – Ақпан. – 2–5-бб.



Экологическое состояние озера песчаное и динамика его природных компонентов (2021 - 2025 гг.)



АНАТОЛИЙ
Райымбек Қайратұлы,
«Атамекен» БЖТЖЭО
экология бөлімінің
менгерушісі,
Орал қ., БҚО



Аннотация. В работе представлены результаты комплексного исследования озера Песчаное, расположенного на территории района Байтерек Западно-Казахстанской области, относящегося к зоне особо охраняемых природных территорий. Проанализированы геоморфологические особенности водоёма, его генезис, климатические и гидрологические условия. Приведены данные многолетнего мониторинга кислотного-щелочного режима воды (2022–2025 гг.) в прибрежной и центральной частях озера, выявлены тенденции к нейтрализации водной среды и факторы, влияющие на колебания рН. Проведено сопоставление летних и зимних морфометрических профилей озера за 2021–2025 годы, включая глубинные измерения, толщину ледового покрова и высоту снежного слоя. Установлено, что центральная часть водоёма сохраняет устойчивую морфологию, тогда как береговая зона подвержена постепенному заилению. Дополнительно проведён анализ морфологических и физико-химических свойств почв до глубины 110 см, что позволило отнести их к каштановым почвам с характерными признаками лёссовидных отложений. Полученные результаты важны для оценки современного состояния экосистемы озера, прогнозирования динамики водного режима и обоснования мер по его охране.

Ключевые слова: озеро Песчаное, морфометрия, гидрологический режим, рН воды, мониторинг, почвенный разрез, Западный Казахстан.

Аңдатпа. Жұмыста Батыс Қазақстан облысы, Байтерек ауданының ерекше қорғалатын табиғи аумағында орналасқан Песчаное көліне кешенді зерттеу жүргізілген. Көлдің геоморфологиялық құрылымы, генезисі, климаттық және гидрологиялық жағдайлары қарастырылды. 2022–2025 жылдар аралығындағы су ортасының қышқылдық-сілтілік көрсеткіштерінің өзгерісі талданып, жағалау мен орталық бөліктер бойынша рН динамикасының ерекшеліктері анықталды. 2021–2025 жылдардағы жазғы және қысқы морфометриялық көл профилдері салыстырылып, мұз қабатының қалыңдығы мен қар жамылғысы зерттелді. Зерттеу нәтижелері орталық бөліктің морфологиясы тұрақты екенін, ал жағалау аймағында біртіндеп лайлану үдерісі жүріп жатқанын көрсетті. Сонымен қатар, 110 см тереңдікке дейінгі топырақ қабаттарының морфологиялық және физико-химиялық қасиеттері талданып, олардың қоңыр топырақтарға тән екендігі анықталды. Бұл нәтижелер көл экожүйесінің қазіргі жағдайын бағалауға, су режимінің өзгерісін болжауға және қорғау шараларын негіздеуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздері: Песчаное өзені, морфометрия; гидрологиялық режим, судың рН-ы, мониторинг, топырақ қабаттары, Батыс Қазақстан.

Введение.

Озеро Песчаное расположено в северо-восточной части Западно-Казахстанской области, в пределах района Байтерек, на территории, отнесённой к особо охраняемым природным зонам. Географически оно находится между реками Урал и Быковка, в пределах Приуральской равнины. Озеро входит в зону лесостепей, которая характеризуется чередованием лугов, участков лиственного леса и пойменной растительности.

Абсолютная высота местности варьируется в пределах 40-60 метров над уровнем моря. Рельеф местности равнинный с незначительным уклоном в сторону долины реки Быковка. Озеро приурочено к отрицательной форме рельефа – старице, сформированной в результате древнего русла реки. Морфологически озеро имеет миндалевидную форму с пологими и обрывистыми берегами.

Климат района резко континентальный с жарким засушливым летом и холодной малоснежной зимой. Среднегодовая температура составляет около $+6 - +7$ °С, среднегодовое количество осадков 250 - 300 мм. Основной объём атмосферных осадков выпадает в весенне-летний период, что оказывает прямое влияние на водный режим озера.

Гидрологически озеро питается преимущественно за счёт атмосферных осадков и подземных источников (родников), расположенных в его северо-восточной части. Постоянного притока воды извне не наблюдается. В условиях засушливых лет уровень воды в озере может существенно понижаться, а в заснеженные зимы наблюдается частичное восстановление водного зеркала (рис.1).

Почвенный покров в районе озера представлен преимущественно лугово-чернозёмными и каштановыми почвами с участками солонцеватых комплексов. Вокруг озера произрастает типичная лесостепная растительность: злаки, разнотравье, кустарники и участки редколесья. Биогеоценоз данного региона отличается сравнительно высоким уровнем биоразнообразия.

Таким образом, озеро Песчаное расположено в пределах низменной равнины в аридной климатической зоне, в условиях слабой увлажнённости и нестабильного водного баланса, что делает его чувствительным к изменениям как природного, так и антропогенного характера.

Рельеф Западно-Казахстанской области характеризуется чередованием положительных (возвышенных) и отрицательных (пониженных) форм. Озеро Песчаное ($51^{\circ}42.482'$, $52^{\circ}05.280'$), расположенное в северо-восточной части региона, приурочено к отрицательной форме рельефа и представляет собой старицу реки Быковка (рис. 2). Данный водоём входит в состав особо охраняемой природной территории района Байтерек.

Генезис озера обусловлен аллювиальными процессами: в результате наносов природного происхождения (в основном песчаных и илистых отложений) и прогрессирующего обмеления произошло отделение части старого русла от основной водной артерии. Река Быковка сформировала новое русло,




Рисунок 1. Климатическая диаграмма - северо-восток ЗКО (озера Песчаное)

ориентируясь на зоны тектонических и эрозионных понижений, получивших название «Сухой лог» (или «Сухое русло»). Именно в этой депрессии и образовалось озеро Песчаное.

Топоним «Песчаное» отражает особенности морфологии дна и прибрежной зоны водоёма: песчаное дно и обильное присутствие песчаных наносов по берегам. Озеро расположено на полуострове между реками Урал и Быковка, на территории, характеризующейся наличием густой лесостепной и лесной растительности.

Гидрологические характеристики озера варьируются в зависимости от метеорологических условий. Цвет воды изменяется от тёмно-серого до светло-голубого, что связано с углом падения света, облачностью и прозрачностью атмосферы. Озеро имеет миндалевидную форму. В узкой части наблюдаются обрывистые берега, в то время как широкая часть характеризуется пологими склонами. Здесь располагаются ключевые родниковые источники, требующие периодической расчистки для поддержания водного баланса.

Глубинный профиль озера асимметричен: максимальная глубина составляет 6 метров и зафиксирована в центральной части водоёма. На мелководье, ближе к правому берегу, глубина уменьшается до 40 см. Эта зона активно используется как рекреационная территория (пляжная зона).

Результаты исследования.

Анализ pH воды озера Песчаное за четырёхлетний период (2022 - 2025 гг.) показывает динамичные, но контролируемые изменения кислотно-щелочного баланса водоёма. Ниже приведена оценка по трём зонам: среднее значение по озеру, береговая зона и центр озера.

1. Средний pH-показатель по озеру (усреднённые значения):

- 2022 г. – 6,8: слабокислая среда, переходящая в нейтральную.
- 2023 г. – 7,4: нейтральная среда с тенденцией к слабощелочной.
- 2024 г. – 7,0: стабильная нейтральная среда.
- 2025 г. – 7,3: нейтральная среда, переходящая в щелочную.

Вывод: в целом наблюдается стабилизация и умеренный сдвиг в сторону щелочной среды. Среднее значение за период составляет 7,12, что указывает на нейтральную воду с тенденцией к слабощелочной, благоприятную для большинства водных организмов.



Рисунок 2. Общий панорамный вид озера Песчаное.

2. Береговая зона (прибрежные воды):

- 2022 г. – 7,7: нейтральная, переходящая в слабощелочную.
- 2023 г. – 7,8: ближе к щелочной.
- 2024 г. – 7,0: нейтральная.
- 2025 г. – 8,0: выраженная щелочная среда.

Вывод: прибрежные воды демонстрируют устойчивое повышение рН с годами. Среднее значение за период - 7,6, что соответствует нейтрально-слабощелочной среде. Повышение может быть связано с застоем воды, разложением органики или ростом водорослей в прибрежной зоне.

3. Центр озера:

- 2022 г. – 6,0: выраженная кислотная среда.
- 2023 г. – 7,0: нейтральная.
- 2024 г. – 7,0: нейтральная.
- 2025 г. – 6,6: слабокислая среда.

Вывод: центральная часть озера характеризуется наибольшими колебаниями. Несмотря на переход к нейтральным значениям в 2023–2024 гг., в 2025 году снова наблюдается снижение рН до 6,6. Среднее значение за период - 6,4, что указывает на слабокислую среду, переходящую к нейтральной. Такие изменения могут быть обусловлены родниковым подпитанием или донными процессами (анаэробное разложение органики, выделение кислотных соединений и т.п.).

рН воды - это показатель, который количественно определяет кислотность или щелочность водной среды, другими словами - меру активности ионов водорода в водном растворе. Шкала рН имеет значения от 0 до 14: значение 7 считается нейтральным, значения ниже 7 указывают на кислую среду, а выше 7 - на щелочную.

Шкала рН показывает, что среда с показателями от 0 до 6 считается кислотной, причём чем ниже значение, тем выше кислотность. В результате наших наблюдений было установлено, что показатели рН воды в озере Песчаное варьируются в зависимости от места отбора проб. Чем ближе к берегу, тем выше значение рН (рН = 7,0 - 7,6), тогда как в центральной части озера рН снижается до значений 5,6 - 6,0, указывая на слабокислую среду.

Мы пришли к выводу, что уровень рН зависит от подстилающей поверхности дна озера, а также от состава береговой линии, что влияет на химический состав и биологические процессы в водоёме.

В заключение: рН воды - это важнейший показатель качества, определяющий её кислотно-щелочные свойства и влияющий на множество процессов как в водной экосистеме, так и в организме человека при её употреблении.

В течение четырёх лет наблюдается тенденция к нейтрализации водной среды, особенно в прибрежной зоне. Центр озера остаётся наиболее уязвимым к изменениям и колебаниям кислотности. В целом, средняя кислотно-щелочная реакция воды находится в пределах допустимой нормы для пресноводных экосистем. Важно продолжить ежегодный мониторинг рН, особенно в центральной части озера, где наблюдается повторное закисление. Возможные причины колебаний: биологическая активность, влияние донных осадков, изменение интенсивности родникового питания и климатические условия.

Итоговый научный анализ поперечных профилей озера Песчаное от лагеря до пляжа за 2021–2025 годы, включая летние и зимние наблюдения по глубинам, ледовому покрову и высоте снежного слоя. Цель анализа изучение морфометрических изменений дна, глубины, сезонной динамики ледового и снежного покрова для оценки водного режима и потенциальной деградации водоема.

Таблица 1. Летние профили (2021–2023 гг.)

Год	Глубинные замеры		
	Максимальная глубина	Средняя глубина	Особенности рельефа
2021 г.	2,6 м	~1,7 м	Выраженная яма у центра (№7)
2022 г.	2,7 м	~1,6 м	Углубление более сдвинуто влево
2023 г.	2,7 м	~1,7 м	Дно сглажено, западный склон круче

Выводы по летнему периоду: глубина озера остаётся стабильной, но наблюдается плавное выравнивание профиля дна. Основные изменения - в береговой зоне, где происходит заиление (мелководья 30 – 75 см). Центр озера (секции 5 – 7) стабильно остаётся самой глубокой зоной, что указывает на устойчивость водоема к зарастанию в центральной части (табл. №1). Пологий правый берег у пляжа (сектор 10) сохраняет рекреационную функцию, подтверждая безопасность купания.

Таблица 2. Данные по состоянию на март 2024 г. и февраль 2025 г.

Параметр	2024 г.	2025 г.
Максимальная глубина воды	5,5 м	5,3 м
Средняя глубина воды	~ 4,5 м	~ 4,1 м
Толщина льда (макс.)	70 см	60 см
Высота снежного покрова	до 25 см	до 15 см

Выводы по зимнему периоду: в зимний период глубина визуально значительно выше из-за масштабного льда и отсутствия испарения. Устойчивый ледовый покров (до 70 см) говорит о морозных зимах и минимальном течении. Сравнение профилей 2024 и 2025 годов показывает небольшое снижение глубины воды и толщины льда, вероятно из-за снижения уровня осадков и температурных колебаний (табл. №2). Динамика и эколого-гидрологические выводы: центральная яма сохраняет стабильность на протяжении 5 лет, что свидетельствует о естественной устойчивости донной морфологии озера. Правый берег (пляжная зона) отличается устойчивым пологим склоном, безопасным для рекреационного использования. Зимние данные демонстрируют высокую водоёмкость и устойчивый водный баланс, несмотря на понижение снежного и ледового покрова в 2025 году. Постепенное заиление и отложение наносов у берегов требует периодической очистки и мониторинга, чтобы предотвратить сокращение площади и глубины водоема. Озеро играет важную роль в водоудержании и микроклимате территории, включая подпитку родников (рис. 3).



Рисунок 3. Максимальная глубина озера Песчаное в летний и зимний периоды с 2021 по 2025 годы

Мы сделали морфологическую характеристику почвенных слоёв на глубину 110 см на берегу реки (см. табл. №3).

Таблица 3. Морфологическая характеристика почвенных горизонтов.

Горизонт		Описание	Фото
0-20 см	А	Горизонт (гумусовый). Цвет: тёмно-бурый, почти чёрный. Структура: мелкокомковатая, рыхлая. Содержание органического вещества: высокое (корневища и растительные остатки видны визуально). Переход: постепенный.	
20-35 см	АВ	Переходный горизонт. Цвет: бурый, с постепенным осветлением по мере углубления. Содержание гумуса снижается. Структура: плотнее, слабо выраженная комковатость.	
35-80 см	В	Цвет: светло-коричневый или желтовато-бурый. Структура: более плотная, горизонт заметно уплотнён. Возможны признаки иллювиального накопления (частично вымытые вещества из верхних горизонтов).	
80-100 см	ВС	Переход к материнской породе. Цвет: более светлый, приближается к материнской породе. Структура: уплотнённая, без выраженной комковатости. Механический состав: суглинок или супесь.	
ниже 100 см	С	Материнская порода. Цвет: светло-жёлтый или желтовато-серый. Структура: плотная, мало изменённая.	

Судя по морфологическим признакам - цвету, структуре горизонтов, их глубине и степени гумусированности - данный почвенный разрез характерен для каштановых почв (возможно, тёмно-каштановых), что типично для зоны сухих степей.

- Верхний гумусовый горизонт (А) выражен слабо, но заметен, что указывает на умеренное содержание органического вещества.

- Ниже прослеживается бурый иллювиальный горизонт (В) с более плотной структурой и осветлением цвета, что типично для зон с периодическим промывным водным режимом.

- Глубже виден горизонт ВС и С, состоящий из малогумусированной, малоструктурированной породы, вероятно, лёссовидного суглинка.

В ходе исследовательской работы был проведён дополнительный анализ физико-химического состава почвенных горизонтов. В результате было установлено, что почва исследуемого объекта по большей части состоит из песка (табл. №4).

Таблица 4. Физико-химические свойства горизонтов.

Глубина (см)	Обозначение горизонта	Гумус, %	Структура	Карбонаты, %	Механический состав	Гранулометрия (фракции)
0-20	А (гумусовый)	3,0-4,5	7,2-7,8 (слобощелочная)	0-1 (отсутствует)	Суглинок лесной	Песок 30 % Пыль 45 % Глина 25 %
20-35	АВ (переходный)	2,0-2,5	7,5-8,0	1-2	Суглинок	Песок 25 % Пыль 45 % Глина 30 %
35-80	В (иллювиальный)	1,0-1,5	8,0-8,3	3-5	Суглинок средний	Песок 20 % Пыль 40 % Глина 40 %

80-100	BC (переход к материнской породе)	<1	8,2-8,5	5-8	Суглинок тяжелый	Песок 15 % Пыль 35 % Глина 50 %
100-120 +	C (материнская порода)	0	8,5+	10+	Лесовидный суглинок	Песок 10 % Пыль 30 % Глина 60 %

- **pH среды:** слабощелочная до умеренно щелочной, повышается с глубиной.
- **Гумус:** наибольшее содержание в верхнем горизонте, быстро уменьшается с глубиной.
- **Карбонаты:** отсутствуют в гумусовом горизонте, постепенно накапливаются в нижних горизонтах.
- **Механический состав:** преимущественно суглинистый с повышенным содержанием пылеватых частиц (что типично для лёссовидных отложений).
- **Гранулометрия:** почва относится к категории мелкоземистых, способна удерживать влагу, но при этом склонна к образованию корки на поверхности и переуплотнению (рис. 4).




Рисунок 4. Профиль почвы по глубине

Заключение. Данная экологическая работа, проводившаяся на протяжении нескольких лет, была инициирована в рамках экологической экспедиции «Малые реки ЗКО» и направлена на изучение, сохранение и популяризацию природных водных объектов региона. Настоящая статья представляет собой итог пятилетнего исследования, выполненного ветераном-педагогом Н. Ю. Дундуковой совместно с учащимися кружка. В ходе работы проводились регулярные полевые наблюдения, гидрологические и почвенные измерения, мониторинг состояния экосистемы и анализ динамики изменений озера Песчаное. Полученные результаты вносят вклад в развитие экологического туризма, формирование экологической культуры молодёжи и укрепление мер по защите водных источников, играющих важную роль в поддержании природного баланса территории.

Список использованной литературы:

1. Анатолий Р.К., Дундукова Н.Ю. / Озеро Песчаное – природное богатство и биоразнообразие. – Уральск, 2025 – 60 стр.
2. Акимов В.А. Экология водных экосистем. - Алматы: Ғылым, 2018.
3. Петренко А.З. Природные ресурсы Западного Казахстана и их охрана. - Уральск: КазНИИ, 2020.
4. Байтенова М.М., Нурсейтова С.А. Растительный мир Казахстана. - Алматы: Мектеп, 2019.
5. Брыксина З.Г. Гидрология озёр и водохранилищ. - Москва: ГеоПресс, 2017.
6. Государственный доклад о состоянии окружающей среды Республики Казахстан. - Нур-Султан: Министерство экологии, геологии и природных ресурсов РК, 2023.
7. Докучаев В.В. Основы почвоведения и географии почв. - Москва: Наука, 2015



Мектеп жанындағы топырақтың құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдері



СИТКАЗИЕВА
Гульрайрус Максұтовна,
ЖТС ҚББП-і,
Бәйтерек ауд., БҚО

***Аңдатпа.** Бұл ғылыми жоба топырақтың табиғаттағы орны мен маңызын анықтап, мектеп жанындағы топырақтың құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдерінің ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Жоба барысында топырақтың механикалық құрамы, қышқылдылығы, су өткізгіштігі, химиялық элементтердің сапасы сияқты көрсеткіштер зертханалық тәсілдермен анықталып, мектеп жанындағы топырақтың құнарлылығын сақтау және арттыру жолдары ұсынылады.*

***Аннотация.** Данный научный проект направлен на выявление роли и значения почвы в природе, а также на исследование особенностей способов сохранения и повышения плодородия почвы вблизи школы. В ходе проекта методами лабораторных анализов определяются такие показатели, как механический состав почвы, её кислотность, водопроницаемость и качественный состав химических элементов, а также предлагаются пути сохранения и повышения плодородия пришкольной территории.*

***Кілт сөздер:** топырақ, құнарлылық, экология, ластану.*

Топырақ дегеніміз – түрлі климат жағдайларының (жарық, жылу, ауа, ылғалдылық) әсерінен өсімдік пен жануарлардың, ал мәдени түрге келтірілген жерлерде адамдардың да қатысуымен өңделген және өзгерген, мәдени өсімдіктерді қоректік заттармен қамтамасыз ете алатын жер бетінің ең жоғарғы құнарлы қабаты. Туған жерге деген сүйіспеншілік оның тау тасын, өзенкөлін, тарихы мен байлығын, жалпы алғанда табиғатын білуден басталады. Өз жеріміздің әрбір объектісін білу және олардың қыр-сырына үңілу басты міндет болып саналады [1].

Топырақ қалыптасу жағдайының жиі кезектесуіне байланысты аудан территориясының топырағы әртүрлілігімен ерекшеленеді. Бірақ, Бәйтерек ауданының бөлек алынған бөліктерінде суайырық кеңістіктерінде топырақтың зональдық типтерінің айқын басымдылығы байқалады, яғни ауданның солтүстігінен оңтүстігіне қарай қара топырақ, қоңыр – каштан, каштан және ашық каштан топырақтарының ауысуы жүреді [2].

Мектеп жанындағы топырақтың құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдері

Топырақ негізгі үш фазадан тұрады. Олар: топырақтың қатты фазасы, топырақтың ауасы және ылғалдылығы. Топырақ – қопсыған кеуек дене, сондықтан оның құрамында барлық уақытта азды-көпті ауа болады. Топырақтағы ауаның мөлшері ылғалдылығына, тығыздығына, өңделу



жағдайларына, механикалық құрамына, онда өсетін өсімдіктерге және т.б. жағдайларына байланысты. Топырақ ауасы топырақ құнарлылығына әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады [3].

Зерттеу №1. «Топырақтың механикалық құрамын анықтау»



Топырақтың механикалық құрамы деп әртүрлі түйіршік бөлшектерден тұратын топырақ көлемін айтады. Түйіршіктің көлемінің әртүрлілігіне қарай топырақтың механикалық құрамы түрліше болады. Топырақ түйіршіктері неғұрлым майда болса, соғұрлым ауыр балшықты болып келеді. Ал түйіршіктері ірілеу топырақтар жеңілдеу, құмдық немесе құмды болады. Егер топырақпен майда түйіршіктер мен ірілеу түйіршіктер араласса, мұндай топырақтар құм-балшықты деп саналады. Топырақтың кеуектілігі, су сыйымдылығы, ылғал өткізгіштігі, қоректік заттарды жинау мүмкіндігі оның механикалық құрамымен тығыз байланысты. Ал механикалық құрамы бойынша топырақ: құмдақ, құмдауыт, саздау, сазды деп бөлінеді [4].

Топырақтың бөлшектік құрамы «ылғалдау» әдісімен анықталады, кей кезде оны топырақты ширату әдісі деп атайды. Топырақты қамырша илеген соң, оның қалыңдығы 3 мм болатындай сақина жасалды. Осы ширатылған сақинаның түрі топырақтың бөлшектік құрамының көрсеткіші болады.



Кесте 1.
Топырақтың механикалық құрамы

№	Механикалық құрамы	Есілу түрі
1	Құмдақ топырақ	Топырақ еспесі шала. Ширату, есу үстінде бөлшектеніп кетеді.
2	Саздау топырақ	Еспесі бүтін сақинада сынақ байқалады
3	Құм қиыршықты тастар	Еспе ширатылмайды
4	Саз	Есілген топырақтан жарылмайтын бүтін сау сақина жасалады
5	Ауыр саздау топырақ	Топырақ жақсы ширатылады (есіледі), бірақ сақинаға иген кезде жарылады
6	Орташа саздау топырақ	Топырақ жеңіл ширатылады (есіледі), бірақ сақинаға иген кезде бөлшектеніп кетеді
7	Жеңіл саздау топырақ	Топырақ сақиналап ие бастаған сәтте сынып кетеді
8	Құм топырақ	Ширатылмайды (есілмейді)

Қорытынды: Зерттеу үлгісі ретінде алынған топырақтардың механикалық құрамын анықтау барысында мектеп жанындағы топырақтың құмдақ топыраққа жататындығы анықталды. Себебі, ширату, есу үстінде топырақтың бөлшектеніп кеткендігі байқалды. Бау-бақша дақылдары үшін алынған топырақтың механикалық құрамы анықталмады. Ширату барысында мүлдем ширатылмады.





Зерттеу № 2. Сынамалар алу және сынамаларды химиялық талдауға дайындау

Физикалық талдау жасау үшін конверт әдісімен сынамалар дайындалды. Мектеп жанындағы және бау-бақшаға арналған арнайы топырақ үлгілері сынамаға қолданылды. Содан кейін топырақ кептіріліп және ұсақталып, қоспалары мен бөлшектерінен тазартылып, диаметрлі тесіктері 5-тен 1 мм-ге дейін болатын електен өткізілді. Үлгіні азайту үшін квадраттау әдісі қолданылды: ұнтақталған материал жақсылап араластырылып және төртбұрыш түрінде біркелкі жұқа қабатқа жайылып, төрт секторға бөлінді. Қарама-қарсы екі сектордың мазмұны алынып тасталды, ал қалған екеуі қайтадан араластырылды; бірнеше рет қайталанғаннан кейін, қалған сынама сулы сығындылар алу мақсатында кептірілді [5].

Су сығындысын дайындау. Судың сығындысын дайындау үшін 20 г құрғақ еленген топырақ жеткілікті болады. Топырақ 100 мл колбаға салынып, оған 50 мл дистилденген су құйылды және 5-10 минуттай шайқалып, содан кейін сүзу әдісін қолданып, сүзінді алынды.

Зерттеу №3. «Топырақтың қышқылдылығын анықтау»

Топырақ микроорганизмдерінің дамуына, ондағы өтіп жатқан химиялық және биохимиялық процестердің жылдамдығына және бағытына үлкен әсер етеді. Табиғи жағдайда топырақ ерітіндісінің рН-ы 3-тен 10-ға дейін болады. Көбіне топырақтың қышқылдылығы 4-8-ден аспайды [6].



Кесте 2.

Топырақтың қышқылдылығы мен рН арасындағы тәуелділік

рН	Ортасы
0-6,9	Қышқылдылық
7	Бейтарап
7,1 - 14	Сілтілік

Нақты (белсенді) қышқылдылық – бұл топырақ ерітіндісінің қышқылдылығы. Мұндай қышқылдылық өсімдік тамырлары мен топырақ организмдеріне тікелей әсер етеді. Нақты қышқылдылықты сулы топырақ сығындысында анықтауға болады. Ол үшін стаканға 2 г топырақ салынып, кейін 10 мл тазартылған су қосылып, алынған суспензия 1:5 арақатынаста жақсылап шайқалып және тұнба тұндырылды; дайындалған сұйықтыққа индикатор қағазының жолағы батырылып, оның түсі түсті кестемен салыстырылып, топырақтың рН мәні туралы қорытынды жасалды.

Кесте 3


Топырақ үлгілері	рН	Қышқылдылық
№1 (мектеп жанындағы)	6	Әлсіз қышқыл
№2 (бау-бақшаға арналған)	5	Әлсіз қышқыл

Қышқыл топырақтарда (рН 4.0-5.5) темір, алюминий және марганец өсімдіктерге қол жетімді түрде болады және олардың концентрациясы улы деңгейге жетеді. Сонымен бірге өсімдіктерге фосфор, калий, күкірт, кальций, магний, молибденнің түсуі қиынға соғады. Қышқыл топырақта өсімдіктердің сыртқы себептерсіз жоғалуы жоғарылауы мүмкін – сулану, аяздан өлу, аурулар мен зиянкестердің дамуы. Керісінше, сілтілі (рН 7,5-8,5) темір, марганец, фосфор, мыс, мырыш, бор және микроэлементтердің көпшілігі өсімдіктерге қол жетімді болмайды [7]. Қалыпты рН = 6,5 – топырақтың аздап қышқылдық ортасы деп саналады. Демек, фосфор мен микроэлементтердің жетіспеуіне әкеп соқтырмайтын, әлсіз қышқылды ортасы бар біздің мектеп жаны топырағында негізгі қоректік заттардың көп бөлігі өсімдіктерге қол жетімді, яғни олар топырақ ерітіндісінде болады. Бұл топырақ реакциясы топырақты азотпен байытатын пайдалы топырақ микроорганизмдерінің дамуына қолайлы [8].



Зерттеу №4. «Топырақтың су өткізгіштік қабілетін анықтау»

Топырақ үлгілері 250 мл стаканға салынып алынды. Кейін цилиндр арқылы 100 мл су өлшеніп, екі стакандағы топырақ үлгілеріне бірден құйылды. Топыраққа судың толық сіңу уақыты есептелді. Мектеп жанындағы топырақтағы судың сіңу уақыты 4 минут 25 секунда тең деп анықталса, бау-бақшаға арналған топырақта 8 секундта сіңгені тіркелді. Зерттеуге алынған топырақ үлгісі құрғақ болуына және өзіндік құрылыс ерекшелігіне байланысты оның су өткізгіш қабілеті жоғары деп бағаланды.



Зерттеу №5. «Топырақ үлгісінде ауаның бар екендігін анықтау»

Топырақ үлгісі цилиндр түрінде алынды. Су құйылған құтыға топырақ үлгісі салынып, берілген үлгіден ауаның шығуы бақыланды.

Байқау нәтижесінде мектеп жанындағы топырақта:

- ауаның үлгіден шыққан уақыты – 1 минут;
- көпіршік өлшемі – үлкен және орташа;
- ауа шығару жылдамдығы – жоғары.

Бау-бақшаға арналған топырақта:

- ауаның үлгіден шыққан уақыты – байқалмады;
- көпіршік өлшемі – жоқ;
- ауа шығару жылдамдығы байқалмады.

Зерттеу нәтижесі бойынша мектеп жанындағы топырақтың аэрациясы жоғары екендігі анықталды.

Кесте 4

Көрсеткіштер	Топырақ түрлері	
	Мектеп жаны топырағы	Бау-бақшаға арналған топырақ
Механикалық құрамы	Құмдақ	Қарашірік
Есілу түрі	Топырақ еспесі шала. Ширату, есу үстінде бөлшектеніп кетеді.	Ширатылмайды
Су өткізгіштігі	Жоғары	Төмен
Ауа шығару жылдамдығы, көлемі	Жоғары, көпіршіктер үлкен және орташа көлемде	Ешқандай өзгеріс байқалмады

Зерттеу №6. Топырақтағы химиялық элементтердің сапалық құрамын анықтау.

Карбонат ионын анықтау

Топырақтың құрамындағы маңызды көрсеткіштерінің бірі – оның құрамында CO_2 карбонаттарының бар болуы. Карбонаттардың болуы немесе болмауы топырақтың және олардың жеке генетикалық көкжиектерінің маңызды диагностикалық ерекшелігі болып қарастырылады. Топырақта карбонаттардың айтарлықтай мөлшерінің болуы қышқылдықтың дамуына жол бермейді және кейде сілтілік ортаның пайда болуына әкеліп соғады. Бұл жағдай топырақтағы көптеген заттардың қозғалғыштығына және топырақтың агроэкологиялық сипаттамаларына маңызды әсер етеді. Бұл индикатор сонымен қатар топырақтың жалпы химиялық құрамының басқа компоненттерінің мазмұны туралы мәліметтерді түсіндіру кезінде қажет болатын әртүрлі қайта есептеу үшін қажет [9].

Карбонаттардың шамамен құрамы және сәйкесінше талдау үшін сынаманың мөлшері 10% HCl ерітіндісінің 2-3 тамшысынан топырақтың (сынаманың) қайнатылу сипатына байланысты бағалануы мүмкін. Топырақтың аз мөлшері фарфор стаканға салынып, оған пипеткамен бірнеше тамшы 10%-дық тұз қышқылы ерітіндісі қосылады. Реакция нәтижесінде түзілген көміртегі оксиді (IV) CO_2 көпіршіктер түрінде бөлінеді (топырақ «көпіршектену»). Газды көпіршіктің бөліну құрамында карбонаттардың бар екендігі байқалады.

Кесте 5.
Топырақ құрамындағы карбонат ионының мөлшері

№	Қайнауы	Карбонат ионының мөлшері	Зерттеуге алынған топырақ
1	Өте шапшаң қайнау	>10	
2	Қатты, ұзақ мерзімді	5 - 10	Бау-бақшаға арналған топырақ үлгісі
3	Байқалады, қысқа мерзімді	4 - 3	
4	Әлсіз, қысқа мерзімді	3 - 2	Мектеп жаны топырақ үлгісі
5	Өте әлсіз, байқалмайды	2-1	
6	Өзгеріссіз	<1	

Зерттеу №7. Сульфатты анықтау

5 мл фильтратқа концентрілі тұз қышқылының бірнеше тамшысын және барий хлоридінің 2-3% 20% ерітіндісі қосылады. Егер пайда болған барий сульфаты ақ, майда кристалды тұнба ретінде тұнбаға түсетін болса, бұл сульфаттардың бар екендігін көрсетеді. Ерітіндінің лайлылығы сонымен қатар сульфаттардың мөлшерін көрсетеді – пайыздың жүзден бір бөлігі. Әлсіз лайланса, кара фонда байқалса, шамалы сульфат құрамымен жүреді – пайыздың мыңнан бір бөлігі.

Темірдің (II және III) иондарын анықтау

Екі пробиркаға 3 мл су сығындысы қосылады. Бірінші пробиркаға бірнеше қызыл тамшы тұзы $K_3[Fe(CN)_6]$ ерітіндісі қосылады, екіншісіне – 10% калий тиоцианаты ерітіндісінің бірнеше тамшысы $KSCN$ қосылады. Бірінші пробиркада көк түс, ал екіншісінде қызыл түс топырақта темір (II) және темір (III) қосылыстарының бар екендігін көрсетеді. Бояудың қарқындылығы бойынша олардың мөлшерін анықтауға болады.



Кесте 6.
Иондарды анықтау

Топырақ үлгілері	Иондар		
	SO ₄ ²⁻	Fe ²⁺	Fe ³⁺
Мектеп жаны топырағы	Әлсіз лайланды	Байқалмады	Байқалмады
Бау-бақшаға арналған топырақ	Лайланды	Байқалмады	Байқалмады
Қорытынды	Мектеп жаны топырағының құрамында темір иондарының жоқ екені және сульфат ионының аз мөлшерде кездесетіні байқалды. Ал бау-бақшаға арналған топырақ құрамында темір иондарының байқалмағаны және сульфат ионының бар екендігі анықталды.		

Топырақ құнарын қалай арттырады

Бүгінгі күні ауыл шаруашылығы саласындағы басты мәселе – топырақтың табиғи құнарын сақтап, өнімнің шығымдылығы мен сапасын арттыру. Себебі қуаңшылық пен экологиялық зардаптар және климаттың өзгеруі қуаңшылыққа соқтырып отыр. Сондықтан қоректік заттарды ұтымды қолдану арқылы топырақтың табиғи қалпын сақтап қалуға болады [13]. Ал табиғи топырақтан нәр алған өсімдіктің тәуір өсетіні анық. Сондықтан зерттеуге алынған топырақ үлгілеріне қияр дәні егілді. Өскіннің өсу процесін бақылау барысында мектеп жанындағы топырақ пен бау-бақшаға арналған топырақта бір жұма ішінде бірдей уақытта қияр өскіндері пайда болды.

Қорытынды: өскіннің шығу қарқындылығына байланысты мектеп жанындағы топырақтың құнарлылығы анықталды; бау-бақшаға арналған топырақпен салыстырғанда қиярдың өсуі мен дамуына қолайлы жағдай жасалды. Сондықтан мектеп жаны топырағы өсімдіктер өсіруге өте қолайлы орта болып табылады, алынған өнімнің сапасы жоғары болады деп бағаланды.





Қорытынды

Мемлекетіміздің табиғи байлығы – жер ресурсы, бабаларымыздың аманаты. Сондықтан да алдын ала топыраққа үнемі тиісті деңгейде көңіл бөліп, олардың табиғи құрамының сақталуына және қорғалуына мүмкіндігінше қолдау көрсету – бүгінгі күннің өзекті мәселесі деуге болады. Топырақтың экологиялық жағдайына баса назар аударып отырып, оның халық шаруашылығы үшін маңыздылығына көңіл бөлу керек. Осының нәтижесінде топырақты қорғау шараларын тұрақты түрде іске асырып отырудың да өзіндік маңызы бар. Өйткені топырақ – тіршіліктің басты нышаны.

Ал өнімнің сапалы табиғи таза болуы – топырақтың сапалы әрі таза болғанының нәтижесі екенін ұмытпау керек. Ауданымыздағы экологиялық жағдайды сауықтырып, тұрғындардың денсаулығын жақсартудың негізгі шараларының бірі – елді мекендерді көгалдандыру. Ата-бабамыз айтып кеткендей, «Ана көркі – алдындағы баласы, жердің көркі – желкілдеген ағашы». Олай болса, туған өлкені жасыл желекке бөлеу – өзіміз үшін де, өзгелер үшін де, келешек үшін де үлкен міндет. Ал жасыл желектің жайқалуы үшін топырақтың құнарлы болуы шарт.

1. Топырақтың экологиялық жағдайына баса назар аударып отырып, оның халық шаруашылығы үшін маңыздылығына көңіл бөлу керек. Осының нәтижесінде топырақты қорғау шараларын тұрақты түрде іске асырып отырудың да өзіндік маңызы бар екені анықталды.

2. Зерттеу барысында мектеп жаны топырағының құмдақ топыраққа жататындығы, әлсіз қышқылдық орта екені анықталды. Сонымен қатар мектеп жаны топырағының құрамында темір иондарының жоқ екендігі және сульфат ионының аз мөлшерді кездесетіні байқалды.

3. «Бірге таза Қазақстан» акциясы барысында мектеп жаны топырағының құнарлылығын ескере отырып, мектеп ауласына қарағай, емен, қарағаш, үйеңкі ағаштары отырғызылды.

Мектеп жаны топырағының құнарлылығының жоғары екендігін зерттей келе, шаруашылыққа қолайлы орта туғызатынын ескере отырып, мынадай ұсыныстар ұсынылды.

Ұсыныстар:

1. «Бірге таза Қазақстан» акциясы барысында мектеп ауласын көгалдандыру.

2. «Менің аулам – менің бағым» жобасы барысында жеміс көшеттерін отырғызу.

3. «Мекенім – жасыл елім» ісіне үлес қосу барысында «Түлектер аллеясын» ұйымдастыру.

4. Болашақта мектеп жылыжайын ұйымдастыруды қолға алу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оспанов Ө.О., Жамалбеков Е. «Құнарлы жер – құтты мекен». – Алматы, 1983.

2. Сыдықов М.Н., Бисембаев А.А., Гуцалов С.Ю., Джубанов А.А., Рамазанов С.К., Жусупкалиев Т.Т., Мерғалиев Р.С., Марыксин Д.В., Аманғалиев Г.З. Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері. – Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы, 2008.

3. Сыбанбеков Қ. Жасыл әлем сырлары. – Алматы, «Рауан», 1990.

4. Шибанов А.А., Щербаков М.И., Устименко Г.В. Основы агротехники полевых культур. – Москва, 1990.

5. Шілдебаев А.С. Экология. – Алматы, 2005.

6. Жанғалиев А.Д., Коцейко А.Н., Левина М.П. Сорта плодовых и ягодных культур Казахстана. – Алматы, Кайнар, 1968.

7. Тарасов В.М. (ред.) и др. Практикум по плодоводству. – М.: Колос, 1981.

8. Шитт П.Г. Избранные труды. – М.: Колос, 1972.

9. Марков В.М. Овощеводство. – М.: Колос, 1974.

10. Балашев Н.Н., Земан Г.О. Овощеводство. – Ташкент: Укитувчи, 1981.

11. Жатқанов Ж.Ж. Экология негіздері, – 2003. – 22-26 б.

12. Пупонин А.И. Земледелие. – М. 2000 жыл, 3-9 б.

13. Бараева А.И. Почвозащитное земледелие. Под ред. акад. – 1998. – 10-15 б.



Жусан өсімдігінің экологиялық маңызы, қолданылуы және денсаулыққа әсері

(Зерттеу жұмысы)



ТЛЕККАБЫЛОВА
Римма Сабыргалиевна,
АБЖТО-ның ҚББП-і,
Ақжайық ауд., БҚО

***Аңдатпа.** Бұл зерттеу жұмысы жусан (лат. *Artemisia*) өсімдігінің биологиялық сипаттамасын, түрлерін, экологиялық рөлін, адам денсаулығына пайдалы қасиеттерін және медициналық қолданылу салаларын қарастыруға арналған. Жусан өсімдігінің топырақ құнарлылығын арттырудағы, ауа тазартудағы, ауыл шаруашылығында тыңайтқыш ретіндегі рөлдері зерттелген. Сонымен қатар, зерттеуде жусанның денсаулыққа пайдалы қасиеттері, оның қабынуға қарсы, антибактериалды, жүйке жүйесіне әсері және асқазан-ішек жолдарын реттеудегі қызметі қарастырылған. Практикалық бөлімде жусан тұнбасы мен шайын дайындау тәсілдері ұсынылған. Қорытындысында жусан өсімдігінің медициналық және экологиялық маңызын ескере отырып, оның кеңінен қолданылуы жөнінде ұсыныстар берілген.*

***Аннотация.** Это исследование посвящено рассмотрению биологических характеристик, видов, экологической роли и полезных для здоровья человека свойств растения полынь (лат. *Artemisia*), а также сфер её медицинского применения. Изучена роль полыни в повышении плодородия почвы, очистке воздуха и использовании в сельском хозяйстве в качестве удобрения. Кроме того, исследование охватывает полезные для здоровья свойства полыни, включая противовоспалительное, антибактериальное действие, влияние на нервную систему и регулирование работы желудочно-кишечного тракта. В практической части предложены способы приготовления настоев и чая из полыни. В заключении, с учетом медицинской и экологической значимости растения, даны рекомендации по его широкому использованию.*

***Кілт сөздер:** жусан (*artemisia*), өсімдік түрлері, экологиялық маңызы, денсаулыққа пайдалы қасиеттер, медициналық қолданылуы, қабынуға қарсы әсер, антибактериалды қасиеттер, топырақ құнарлылығы, асқазан-ішек жолдары, тұнба, шай.*

Зерттеу жұмысының мақсаты:

- Жусан өсімдігінің биологиялық сипаттамасын, оның экологиялық рөлін, қолданылу салаларын және адам денсаулығына пайдалы қасиеттерін зерттеу.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Жусан өсімдігінің түрлерін және биологиялық сипаттамаларын зерттеу.
- Жусанның экологиялық маңызын анықтау.
- Жусанның медициналық және халықтық медицинадағы қолданылуын талдау.

- Жусанның адам денсаулығына тигізетін әсерлерін қарастыру.

Кіріспе бөлім

Табиғат адамзаттан әлдеқайда бұрын пайда болған. Адам оны қорғап, терең зерттеп, көркейте алады, бірақ ол табиғатсыз тіршілік ете алмайды.

Табиғат дегеніміз – біз өмір сүретін жер, орман, өсімдіктер және жануарлар әлемі.

Табиғат – тіршілік атауының құтты қоныс

мекені. Табиғат байлығы – адамзат өмірінің баға жетпес байлығы. Бұл мыңдаған жылдар бойы қалыптасып келе жатқан құбылыс. Кейінгі жылдары медицинада шөптердің емдік қасиеттеріне, олардың кеңінен пайдалануына ерекше назар аударылуда. Өсімдіктер сарқылмайтын қазына емес, сондықтан оларды орынды пайдалану маңызды.

Елімізде өсетін 20 мыңнан астам түрдің 2500-інің шипалық маңызы бар. Оның 600-ге жуық түрі дәрі дайындауға шикізат ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Негізгі бөлім

Жусан қандай өсімдік

Жусан (лат. *Artemisia*) – астралылар тұқымдасына жататын көп жылдық, кейде бір немесе екіжылдық шөптесін өсімдіктер тегі, көбіне шала бұта. Қазақстанның барлық өңірінде – шөл, шөлейт, далада, таулы жерлерде өседі. Оның 81 түрі бар. Жусанның биіктігі 10-60 см, кейде 1,5-2 м-дей болады. Сабағы тік немесе жерге жайылып өседі. Жапырағы кезектесіп орналасқан, қауырсын тәрізді, шеті тілімденген, кейде бүтін жиекті. Ұсақ гүлі қос жынысты, сары түсті, себеттері көп, әбден піскен кезде шашыраңқы иіліп келген сыпыртқы гүлшоғырын құрайды. Шілдеден қыркүйекке дейін гүлдейді. Жемісі – тұқымша. Жусанның 17 түрі сирек кездесетін эндемик түрге жатады, ал Қазақстанда ғана өсетін бір түрі – дәрмененің дәрілік шөп ретінде ерекше мәні бар.



Жусан өсімдігінің түрлері

Талшық жусан


Көпшілік жусандарда түрлі глюкозидтер, ал кейбірінде алколоидтар болады. Сондықтан жусанның кейбір түрлері улы болып есептеледі. Соның бірі – талшық жусан. Мұның тамыры

жуан. Тамырдан бірнеше сабақ шығады. Биіктігі – 30-45 см. Тамыз, қыркүйекте гүлдейді. Қазақстанның Каспий маңында және басқа шөлейтті, сазды сары топырақты жерлерде арам шөп ретінде кездеседі. Улағыш заты эфир майы болып табылады. Кепкен жусанда 0,6-0,9% эфир майы болады.



Тақыр жусан

Тақыр жусанның емдік қасиеттерін ұзақ жылдар бойы зерттеген ғалымдар оның рак жасушаларына қарсы күресетін қасиеті барын анықтады. Одан жасалатын дәрі «Арглабин» деп аталған. «Арглабин» атауы латын тілінен аударғанда «Тақыр жусан» деген мағына береді. Әлемде 500-ден аса түрі болса, оның 81-і біздің елімізде өседі екен. Ол әсіресе еліміздің орталық өңірінде, Қарқаралының Кент тауларында көптеп кездеседі. Оның күз айларында гүлі төгілген соң жиналады. Арглабин ісік туғызатын вирусты жойып, жаңадан басталып келе жатқан ісік ауруларының алдын алады.



Дәрмене жусан

Биіктігі 50-70 см-ге дейін жететін, көп



жағы ағаштанып кеткен, жапырағы ұсақ, оның жиектері қауырсын тәрізді, салаға жақын жердегі жапырақтары сағақшы, жылдық шала бұта болып есептеледі. Тамыры ағаштан қатты, жусан кіндік тамыр болып саналады. Сабағы көп, түп бозғылт-жасыл түсті, қалың түкпен қапталған. Себет гүлдері ұсақ, жасылсары түсті, қос жынысты болып келеді. Әрбір себетте 3-5 мм гүлдер орналасқан, барлық себет гүлдері сыпыртқы тәрізді, гүл шоғырын құрайды. Дәрмене жусан тек қана Қазақстанның Оңтүстігінде өсетін өсімдік ретінде кездеседі. Дәрмене тұқымынан көбейеді деп есептеледі.

Ермен жусан

Биіктігі 1 метрге жететін, көп жылдық, жапырақтары қауырсын тәрізді өсімдік ретінде сипатталады. Сабағы қырлы, жоғарғы жағы бұтақшалы, түкті болып есептеледі. Сабақтарының төменгі жағы тәрізді, қос тармақты деп сипатталады. Ермен далалы жерлерде және үй маңында арам шөп ретінде өседі. Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарының тау етегі аймағында көптеп кездеседі. Ерменнің жапырағы гүлдер алдында, яғни май айының алдында гүл бүрлерін жинауға болады. Жапырақтар ашық жерде немесе үй шатырын-



да кептіріледі. Ерменнен глюкозид және 0,5% эфир майы алуға болады. Шөптің ерекше иісі бар. Дәмі ащы. Суға салынса, шөптің ащы дәмі кетпейді. Тамақтанардан 0,5 сағат бұрын ерменнен жасалған дәрі ішілсе, тәбет ашылады.

Іле жусан

Биіктігі 50-80 см-ге дейін жететін, шөлде өсетін, шала бұта, тамыры жуан, кіндік тамырлы, өсімдік сабақтары жиі бұтақталған, сыртқы түкті ретінде сипатталады, соның әсерінен сырттай қарағанда бозғылт-жасыл түсті болып көрінеді. Жапырақтары ұзын сағақты, ұзындығы 3,5-6 см, ені 1-1,5 см, тақтамаларының жиектері терең ойықталған деп сипатталады. Себет гүлдері сыпыртқы гүл шоғырын құрайды, әр бір гүлдің ұзындығы 3 мм болып есептеледі. Гүлі қос жынысты, әр себетте 3-5 гүлден аналық гүлдері болады. Еуропада, Солтүстік Америкада, Азияда жусанның 500-дей, Қазақстанда 81 түрі бар. Жусан республиканың дала, шөл, шөлейт аймақтарында өседі.



Жусан өсімдігінің экологиялық маңызы

1. Топырақ құнарлылығын арттыру: жусан өсімдігі топырақты құнарлы етіп, оның ылғалдылығын сақтауға көмектеседі. Оның тамыр жүйесі топырақтың эрозияға ұшырауын болдырмайды.

2. Ауа тазарту: жусан өсімдігі ауадағы зиянды газдарды сіңіреді, бұл оның экологиялық маңыздылығын арттырады. Ол өсіп жатқан жердің экологиясын жақсартып отырып, топырақтағы зиянды микроорганизмдердің санын азайтуға көмектеседі.

3. Ауыл шаруашылығындағы рөлі: жусан табиғи тыңайтқыш ретінде де пайдалануы мүмкін. Оның құрамында көптеген пайдалы заттар бар, олар ауыл шаруашылығы дақылдарының өсуіне әсер етеді.

4. Жануарларға және жәндіктерге әсері:

жусан көптеген жәндіктер мен жыртқыш жануарлар үшін табиғи қорек көзі болып табылады. Сонымен қатар, жусан өсімдігінің құрамындағы кейбір заттар зияды жәндіктерден қорғаныш ретінде әрекет етеді.

Практикалық бөлім

Жусанның денсаулыққа пайдалы қасиеттері:

1. Қабынуға қарсы әрекеттері:

Жусанның құрамындағы заттар қабынуға қарсы әсер етіп, әртүрлі қабыну ауруларын емдеуде қолданылады. Ол әсіресе асқазан-ішек жолдарының қабынуына, тері ауруларына пайдалы.

2. Антибактериалды және антипаразиттік қасиеттері:

Жусанның құрамындағы эфир майлары бактериялар мен вирустарға қарсы күреседі. Ол инфекциялық ауруларды емдеуде тиімді.

3. Жүйке жүйесіне пайдалы әсері:

Жусан жүйке жүйесін тыныштандырып, күйзелісті азайтуға көмектеседі. Ол ұйқысыздықты емдеуде және жүйке жүйесінің қызметін қалпына келтіруде пайдалы.

4. Қарын-ішек ауруларын емдеу:

Жусан асқазан мен ішектегі тағамның қортылуына көмектеседі.

5. Қан айналымын жақсарту:

Жусан қан айналымын жақсартып, қан қысымын төмендетуге ықпал етеді. Бұл әсіресе гипертониямен ауыратын науқастар үшін пайдалы.

Жусанның тұнбасын немесе шайын дайындау:

1. Асқазан-ішек жолдары үшін:

Бір ас қасық кептірілген жусан 1 стакан ыстық суда 15-20 минут қайнатылады. Кейін



ол тұндырылып, аздап салқын болған кезде, аш қарында пайдаланылады. Емделу жолы 5 күн. Асқазан мен ішек қызметін реттеуге көмектеседі және де ас қорыту жүйесін жақсартуға, ішек түйілуін жеңілдетуге және асқазан сөлінің бөлінуін ынталандыруға көмектеседі.

2. Жусанмен жуыну/душта қабылдау, аяққа қабылдау:

Жусанның қайнатпасын ваннаға қосу теріні тыныштандырады, тері бетіндегі қабынуларды басады және теріні жұмсартады, сонымен қатар аяқ шаршаған кезде немесе тұмаумен ауырған уақытта өте пайдалы.

Қорытындылау бөлімі

Қорытындылай келе, жусан өсімдігі туралы мынадай ұсыныстар ұсынар едім:

1. Жусан өсімдігінің емдік қасиетіне байланысты халық еміне арналған қоспа жасау әдістері мен қолдану ерекшеліктері жөнінде кітапшалар шығарылып, көпшілік оқырмандарға ұсынылса.

2. Жусан өсімдігінің емдік қасиетін ескере отырып, сауықтыру орындарында көптеп өсіру жүзеге асырылса.

3. Халық еміне байланысты қоспа жасау әдістері күнделікті тұрмыста қолданысқа енгізілуіне ұсыныс жасалынса.

4. Оның көптеген тигізетін пайдасын, емдік қасиетін одан әрі зерттеп, қоспасынан түрлі дәрі-дәрмектер жасауды қолға алып, одан әрі өз медицина саласында, сонымен қатар басқа елдерге дәрі-дәрмек етіп шығарып дамытса.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оспанова М., Лұқпанов Ж. Өсімдік жанға шипа, дертке дауа.

2. «Денсаулық» журналы, №8, 2012 ж.

3. «Қазақстан мектебі» журналы, №11, 12, 1992 ж.

4. «Қазақстанның өсімдіктер әлемі» – көпшілікке арналған ғылыми басылым. – А. 2004.

5. Биология, география, химия, №11-12, 1999 ж.

6. «Өсімдіктер әлемі» журналы, №8, 2016 ж.

7. Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы. 1-том.

8. «Жусанның түрлері». Ғаламтор желісі.

<https://www.google.com/>

9. «Жусанның қолданылуы». Ғаламтор желісі. <https://www.google.com/>

10. «Шаңырақ: Үй-тұрмыстық энциклопедиясы». – Алматы.



Төл спортты түлеткен – Төлеби!



ЕСКАБУЛОВ
Ерлан Максutowич,
АЖТС-ның ҚББП-і,
Сырым ауд., БҚО

***Аңдатпа.** Бұл жұмыста жалпы жылқы малы мен ұлттық ат спорты тақырыбы аясында үйірме тәрбиеленушісімен бірлесе жүргізілген жұмыстардың маңызы мен тиімділігі қарастырылады. Автор қазақ халқының жылқы шаруашылығы мен атқа міну мәдениетін, зерттеушілік дағдыларын және жылқы малына деген жас ұрпақтың қызығушылық көзқарасын қалыптастыру жолдарын сипаттайды. Автор ауданда төл спортты түлетіп, ерекше шәкірттер тәрбиелеп жүрген Төлеби Қуанғалиұлының өміріне тоқталып, оның қызметін зерттей отырып, ұлттық спорттың дамуына қосқан үлесін зерделеген.*

***Аннотация.** В данной работе рассматриваются значение и эффективность работы, проводимой совместно с воспитанником кружка в рамках общей темы коневодства и национального конного спорта. Автор описывает пути формирования культуры коневодства и верховой езды казахского народа, исследовательских навыков и интереса к лошадям. Автор также рассказывает о жизни Тулеби Куангалиевича, развивающего национальный спорт в районе и воспитывающего выдающихся учеников, а также анализирует его деятельность и вклад в развитие национального спорта.*

***Кілт сөздер:** қосымша білім, жылқы шаруашылығы, ұлттық ат спорты, герпетофауна, экологиялық тәрбие, далалық жұмыс.*

Қазақ даласы күллі адамзаттың өміріне елеулі әсер еткен оқиғаларға куә. Елбасымыздың халыққа Жолдауында айтқанындай, «Еліміздің табысты болуының кепілі – өткен тарихын мақтан тұтып, бүгінгі жағдайды нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту» болмақ.



Сондықтан да өткенді зерделеп, бүгінгі бағалап, келешекке сеніммен қадам жасау үшін тарихи сананы жаңғырту қажеттігін нақты мысалдармен түйіндеуге болады.

Соның бірі – атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы Ұлы Даладан тарағаны тарихтан белгілі. Жылқы малы қазақтың ұлттық сана-сезіміне, рухани болмысына, тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына, мәдениеті мен өнерінің тұтас бір айырылмас бөлігіне айналған десек, әсте артық болмас. Бесіктен белі шықпай жатып жылқының жалын тартып мінген қазақ баласы шабандоздығымен де ерекшеленетіні сөзсіз.

Осы орайдағы біздің іздестіру-зерттеу жобамыз «Төл спортты түлеткен – Төлеби!» тақырыбында болса, ғылыми жобамыздың мақсаты – қазақтың қанына сіңген, жанына жақын жылқы малына өмірін арнап, ұлттық спортқа

ден қойып, оған кейінгі ұрпақты ұйытып жүрген өзіміздің ауыл азаматы, ат спортының жанашыры Қайыржанов Төлеби Қуанғалиұлының атқарып жүрген қызметін іздестіру-зерттеу болатын. Бұл жобада ауданымыздағы ат спортының айрықша істерімен, осы спортты көпшілікке насихаттаудағы қызметі мен оқушыларды оған баулу жұмысына тоқталдық. Менің негізгі көздеген мақсатым – ат спортына өлкеміздің жас жеткіншектерінің ерекше қызығушылығын паш ету, олардың бүгінгі жетістіктері мен ат спорты арқылы Төлеби палуанның ұлттық спорт саласына тигізіп жүрген пайдалы істерін сипаттау болды.

Ата-бабамыздың аңсаған ақ арманы – болашақ ұрпағының тәуелсіздігі еді. Ал сол тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі мен ертеңі болашақ білімді, ұлтжанды өз ата-дәстүрі мен салт-санасына берік ұрпақтың қолында екені баршамызға мәлім.



Жылқы – ерекше есті мал. Қазақ халқы жылқының қасиеттерін және басқа да жасырын ерекшеліктерін жетік меңгергендіктен, жылқыны өте ерте замандардан-ақ қолға үйретіп, бағып-баптап, оларды өз қажеттеріне толық пайдалана білген. Жылқы адамзат тұрмысы мен өндірісіне біте қайнасып, бірге жасап келе жатқан аса ұзақ тарихқа және тамаша экономикалық өнімділікке ие жануар. Жесе – тамақ, ішсе – сусын, кісе – киім, мінсе – көлік және өндіріс құралы болған. Сән-салтанат, ойын-сауық, сондай-ақ ұлттық дене тәрбиесі де жылқысыз өтпейді, жылқысыз сәні келмейді, кемдігі толмайды.

Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамуы, адамдардың тұрмыс өресінің күн сайын жоғарылауымен қатар, қоғамның жылқы өнімдеріне деген сұранысы да артып, бұл түлік бүкіл дүние жүзі назар аударып отырған бағалы

экономикалық құнға ие малға айналып отыр. Қазақ халқы өзінің басып өткен ұзақ тарихында жылқы өсірудің ғылыми амалдарын ашқан болса да, заман жылжыған сайын ұлтымыздың асыл қазынасы тарихи қатпарларда көмескі қалып, өзімізге жат болып барады. Әуелі, десеңіз, басқалар жағынан пайдаланылып жатқан жайын көріп те жүрміз. Осы бір келелі жұмысты назарда ұстай отырып, қазақ халқының тарихи-әлеуметтік өміріндегі маңызды шаруашылықтың бірі, сахара мәдениетінің мақтанышы болған жылқы түлігінің тарихтағы орны мен ерекше қасиеттерін дәріптеудегі мақсатымыз – мұнан кейінгі зерттеушілер мен жас ұрпақтың игілігіне аз да болса септігін тигізу. Осы ойдың жетегінде біз аталған бағытта жұмыстандық.

ҚАЗАҚ БОЛМЫСЫМЫЗДЫҢ БАСТЫ НЫШАНЫ – ЖЫЛҚЫ

Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында атқа міну мәдениеті туралы басымызды бірінші орынға қоюы тегін емес. Халқымыздың қазақы болмысын айқындайтын құндылық және ежелгі көшпелі халық болғанымызды білдіретін басты нышан – қазақ жылқысы.

Жаңа дәуірдің өрлеу уақытында осы құндылықтарымыздан айырылып қалмай, қасиетті мұра ретінде сақтап, көбейтіп, кейінгі ұрпаққа аманат етуіміз керек-ақ.

Қазақты тануда жылқының алатын орны бөлек. Дархан көңілді қазақты «астындағы жалғыз атын беретін» деп сипаттайтыны бекер емес.

Қазақ халқының көшпелі өмір салтында, яғни өркениетінде, жылқының алатын орны айрықша. Жалпы, халқымыз үшін жылқы қастерлі. Тіпті ер жігіттерге «ат жалын тартып мінген», «ат құлағында ойнайды» деп мақтау айтылса, бұл жоғары дәрежені білдіреді.

Жылқыны қолға үйрету үдерісі көшпелі өмірді едәуір жеңілдетіп, шаруашылықта маңызды рөл атқарды. Жылқы малының еті мен қымызы азық болса, көлік ретінде қолданылуы өз алдына бөлек дүние.

Тарихта ежелден Қазақстан аумағы жылқыны қолға үйреткен мекен болғаны археологиялық қазбаларда дәлелденген. Солтүстік Қазақстандағы Ботай мәдениеті энеолит дәуірінде (б.з.д. IV–III мыңжылдықтар), Арқайым ескерткіштері орта қола дәуірінде (б.з.д. II мыңжылдық), Қазақстанның барлық аймақтарынан кездесетін арий, сақ, ғұн кезендерінің ескерткіштері (б.з.д. I мыңжылдық – б.з. II ғ.) ежелгі Қазақстанда

жылқының қолға үйретіліп қана қоймай, бұл малдың ерекше қастерленіп, әдет-ғұрыптық рәсімдердің ажырамас бір бөлігіне айналғанын көрсетеді.

Жылқыны түріне қарай жүк жылқысы (Владимир, Першерон жылқысы), мініс жылқысы (араб, ақалтеке), жазық дала жылқысы (Дон, Буденный, Қостанай, моңғол және қазақ жылқысы), тау жылқысы (кабардин, карабак, қырғыз, алтай жылқылары), солтүстік дала жылқысы (витский, эстон, якут жылқылары) болып ажыратылады. Дүние жүзінде жылқының екі жүз елудей түрі бар болса, Қазақстанда жылқының жиырмаға жуық түрі өсіріледі.

Ертеден өсіріліп келе жатқан қолтұқымдардың бірі – қазақ жылқысы. Оның «жабы» деп аталатын түрі де бар. Бұл тұқым көлік ретінде және еті мен сүтін пайдалану үшін өсіріледі. Олардың ерекше қасиеті – суық ауа райына төзімділігі, жайылым мен жем-шөпті талғамайтындығы, мінуге көнбістігі. Деректерде жылқының алғаш қолға үйретілуі Ботай мәдениеті энеолит дәуірімен байланысты екені көрсетіледі. Қазақ жылқысының тұқымдық ерекшеліктерінің қалыптасуы сол дәуірден басталып, мыңдаған жылдар бойы жалғасып келеді.

Көне тұқымдарының бір түрі – жабы – Алматы, Атырау, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Ақмола аймақтарында өсіріледі.

Дала тұлпарлары бүгінгі күнге дейін Қазақстанның мәдени мұрасының маңызды элементі болып табылады.

Қазіргі уақытта қазақ жылқысының тұқымдары, жоғарыда айтылғандай, мыңдаған жылдар бойы жетіліп, уақыт өте келе әртүрлі тұрпатқа ие болып, әмбебап тұқымға айналды. Мінуге, арба мен шанаға жегуге, ет-сүт өніміне пайдалану үшін өсірілетін жылқы көп мақсатқа жарамды. Қазақ жылқысы моңғол жылқысымен қатар Орта ғасырдың соңында Еуразияның кең даласын бағындырып, Батыста Карпатқа жеткен Алтын Орда әскері жауынгерлерінің көлік сапын құрады.

Тұқымның қалыптасуының бастапқы кезеңінде оған Орта Азияның, ең алдымен моңғол, түркімен және басқа да жылқы тұқымдары үлкен әсер етті. Кейіннен қазақ жылқысы ең танымал асыл тұқымды сәйгүліктермен – араб, ақалтеке және т.б. – будандастырылды. XX ғасырда қазақ жылқыларын жақсарту үшін ағылшынның таза қанды тұқымы, Орловтың желісті жылқысы және Дон жылқысы белсенді түрде тартылды.

Қазақстанның әртүрлі аймақтарының климаттық жағдайларына байланысты, сондай-ақ басқа тұқымдармен будандастыру нәтижесінде ішкі тұқымдық түрлер пайда болды. Олар – жабы, Адай және т.б.

Қазақ жылқысы жатаған келген, бірақ тығыншықтай болады. Шоқтығының биіктігі 131–135 см, кеуде тұсы шамамен 142 см. Ересек жылқының салмағы 302–360 кг аралығында. Реңкі әртүрлі, дегенмен жирен және торы түсі басым.

Жоғарыда айтып өткендей, бұл тұқымның негізгі ерекшелігі – қазақ даласындағы қыстың 40 градус аязына төзімділігі. Сонымен қатар қазақ жылқылары бәйге жүктемелерін тамаша көтереді. Олар ұзақ қашықтыққа жүгіруге шыдамды әрі жарамды.

Қазақ жылқысының мінезі саналуан. Айтарлықтай ақылды және батыл жануарлар кейде төзімділік пен бойсұну танытса, кейде кері мінез көрсетуі мүмкін. Дегенмен дұрыс баптап, мінезін ауыздықтай білсеңіз, көнбіс келеді.

Айтқандай-ақ, қазақ жылқысының бірнеше ішкі тұқымдық түрлері бар. Олардың арасында Адай жылқысы мен жабы кеңінен таралған.

Адай жылқылары басқаларына қарағанда бәйгеге бейім келеді. Олар бой жағынан биіктеу, базалық тұқымға қарағанда жеңіл конституцияға ие. Сондай-ақ Адай жылқылары шапшаң әрі ұшқыр. Бірақ олар қатты суыққа онша төзімді емес.

Жабы жылқысы – ет пен сүт өнімдеріне бейімделген түр. Олардың бойы орташа, бірақ тығыншықтай, сондықтан салмағы 500 кг-ға дейін жетуі мүмкін. Қатал ауа райы мен ауыр жұмысқа төзімді.

Қазақ халқының көнеден келе жатқан әдеби-тарихи мұрасында жылқы туралы мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен аңыз-әңгімелер молынан кездеседі.

Ұлттық ат спорты және оның түрлері


Бәйге – ұлттық спорт ойындарының бір түрі. Ат спортының бұл түрі түркі тектес басқа халықтарда да бар. Мысалы, бәйге өзбектерде «пайга», қырғыздарда «чабыш» деп аталады. Кейбір деректер бойынша, XV ғасырдың 70-жылдарында Керей мен Жәнібек сұлтандар Қазақ хандығын құрғанда Шу өзенінің жағасында, Тұлпарсаз деген жерде бәйге ұйымдастырған. Осы кезден бастап бәйге қазақ халқының алқалы жиындарының (тойлардың, астардың, т.б.) ажырамас құрамдас бөлігіне айналған (қ. Сауын айту). Бұрын бәйгеге



қосылған аттар түстік, күндік жерге, яғни ұзақ қашықтықтарға шабатын. 1957 жылдан Қазақстанда қабылданған ереже бойынша: құнан бәйге – 1200, 1500, 1600, 1800, 2000 м; дөнен бәйге – 2400, 3000, 3200, 4000, 4800 м; ат бәйгесі – 5000, 8000, 10000 м қашықтықтарда өткізіледі. Көбінесе қашықтық төрешілер алқасының шешімі бойынша бәйге алаңының (ипподромның) айналым ұзындығына байланысты белгіленеді. Бәйгеге мал дәрігерінің қарауынан өткен аттар жіберіледі. Жарысқа қатысушылардың кеудесіне және арқасына нөмірлер тағылады, шабандоз жеңіл, ыңғайлы, белгісі бар ұлттық киім киеді. Аттың ер-тұрманында, шабандоздың киімінде адамды жарақаттайтын заттар болмауы тиіс. Бәйгеге қатысушы атын оздыру үшін ережеде рұқсат етілген тәсілдердің бәрін қолдануына болады. Ал қатарласып келе жатқан атқа қамшы тигізуге, қамшыны үйіріп басқа аттарды жасқауға, айқайлауға, ысқыруға, жарыс жолынан шығып кетуге немесе айналмадан төтелеп өтуге болмайды. Бірінші орын мәреге атының тұмсығы бірінші болып іліккен шабандозға беріледі, қалған орындар аттардың келу ретіне қарай анықталады. Қазақ халқы бәйге аттарын ерекше күтімге алған. Құлагер, Ақбақай, Маңмаңгер сияқты сәйгүліктерді ән-жырға қосқан. Топтан озған тұлпарлар туралы халқымыздың ауыз әдебиетінде, эпостық жырларында, мақал-мәтелдерінде көп айтылады.

Теңге алу – қазақтың ұлттық ат спорты. Ертеден келе жатқан ойындардың бірі. Ойын тегіс жерде өткізіледі. Оған жасы 18-ден асқан адамдар қатысады. Ертеректе ақ тоқымдай киіздің үстіне 50, 20, 15 тиындық майда ақшалар тасталатын болған. Қазір тақыр жерге ақ шүберекке түйілген зат қойылады.

Ойыншылар мықты ерттелген атқа мініп, 30–40 метр жерден шауып келіп, жерде жатқан теңгені немесе шүберекке түйілген затты еңкейіп іліп әкетуі керек. Іліп алған адам жеңімпаз атанып, жүлде алады. Ойыншылар атқа кезек мініп немесе бірнеше атпен (әркім өз атымен) кеп ойынға қатынаса береді. Алғашқы адам тиынды іліп кетсе, оның орнына тағы да тиын салынады.



Ойынға жуас аттар пайдаланылады. Ат шабысын ойыншы қалауынша реттейді, бірақ теңге жатқан тұста шектен тыс баяулатуға немесе тым ағынды шабысқа салуға болмайды.

Көкпар – ұлттық ат спорты ойындарының бірі. Ойынның атауы «көк бөрте» (лақ) сөзінен шыққан. Дәстүрлі қазақ қоғамында көкпарға жасқа толған серкенің семізі таңдалған. Семіз серке терісі жыртылмайды. Орташа салмағы 70–80 кг-дай болады. Басқа малдың терісі жыртылғыш болғандықтан, көкпарға тартпайды. Көкпар Орталық Азия халықтары арасында кең тараған: қырғыз, өзбек тілдерінде «улак тартыш», тәжік тілінде «бузкаши» деп аталады. Көкпар сияқты ұлттық ат спорты ойындары басқа да Шығыс елдерінде бар. Ауғанстанда кең тараған



бузкаши ойыны көкпарға өте ұқсас. Сондай-ақ, Аргентина халқының да көкпарға ұқсас ат спорты ойыны болған. Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастырады. Сонымен қатар көкпар – аттың қалай бапталып үйретілгенін, жүйріктігін де сынайтын спорт. Көкпар жаппай тартыс және дода тартыс болып екіге бөлінеді. Жаппай тартыста әркім көкпарды өзі иелік етуге тырысады. Дода тартыста құрамы бірдей екі топ сынға түседі. Мұны кейде марта тарту деп те атайды. Қазақстанда 1949 ж. көкпар жарысының жаңа ережесі бекітілді. Осыған сәйкес, көкпар жарысын арнаулы алаңда, командалық сипатта өткізу белгіленді. Ал 1958 жылдан көкпар бәйге алаңдарында (ипподромдарда) өткізіліп келеді. Алаң көлемі қатысушылар санына байланысты. Егер әр команда 5 адамнан болса – ұзындығы 300 м, ені 100 м; 10 адам болса – 500x200 м; 15 адамнан болса – 700x300 м; 20 адамнан болса – 1000x500 м болады. Алаңның әр бұрышына қызыл жалаушалар ілініп, ал оның екі жағында диаметрі 10 м шеңбер («отау») сызылады. Алаң ортасындағы диаметрі 6 м шеңбердің дәл ортасына көкпар қойылады. Жарыс басталар сәтте командалар орталық шеңбердің сыртында тұрады. Ойын алаңындағы төрешінің белгісі бойынша басталады. Көкпар тарту қатысушылар санына байланысты 8–15 минут аралығында өтеді. Көкпаршылардың мақсаты – орталық шеңберде жатқан көкпарды өз командасының «отауына» жеткізу. Көкпар «отауға» жеткізілгеннен кейін, ойын алаң ортасынан қайта басталады. Белгіленген уақыт ішінде қай команда көкпарды өз «отауына» көп жеткізсе, сол жеңіске жетеді.

Қыз қуу – қазақ халқының өте көне ойындарының бірі. Ол республикамызда кеңінен тараған ұлттық ат ойындарының қатарына жатады. Сонау ертеден келе жатқан бұл спорт ойыны ертеде «Қыз қашар», «Қыз қуалар» деп аталғаны болмаса, біздің заманымызға дейін айтарлықтай өзгеріссіз жеткенін атап өтуіміз керек. Бұл жарыс өзінің түрі жағынан ерте дәуірлерден бері сақталып келеді. Сол заманғы тәртіп бойынша жарыс жігіт пен оның қалыңдығы арасында өткізілген (б.з.д. VIII–VII ғасырларда Қазақстан территориясын жайлаған кейбір рулар арасында осындай тәртіп болған). Егер жігіт жарыста жеңілсе, ол өзіне қойылатын талапты ақтай алмағаны үшін қызбен некелесуге құқығы болмаған. Ертедегі аңыз-әңгімелерге қарағанда, қазақтарда тағы бір мынадай әдет-ғұрып болған: жарысқа екі рудың қызы мен жігіті түскен. Жігіттің жеңілуі оған салынатын айыппен қоса, өз руында еті тірі жігіт пен жүйрік аттың жоқтығының белгісі ретінде үлкен кемістік болып саналған. Егер қыз жеңілген деп табылса, оның жағының келісімі бойынша, ешқандай қалыңсыз-ақ ол жеңген жігітке тұрмысқа шыққан.

Қазіргі кездегі қыз қуу спорт жарысы күшті теңестіру үшін әлсіз жаққа берілетін тиімді шартты еске салады. Жарыс мынадай тәртіппен өткізіледі: сөреге қыз бен жігіт шақырылады. Жігіт қыздан 10–15 метр кейін тұрып жарысқа қосылады. Жігіт қызды қуып жетсе, өзінің жеңгендігін білдіру үшін оның білегіндегі орамалды алуға тырысады. Ал қыз, керісінше, қуғыншыдан қашып құтылып, сөреге бұрын жетуге әрекет жасайды.



Қыз қуу ойынын қазіргі бағытымен келешекте де дамытудың үлкен спорттық маңызы бар. Оны ұлттық спорт ойындарының қызықты бір түріне айналдыруға мүмкіндік мол. Бұл ойын өзінің мәні жағынан дене тәрбиесінің бүгінгі талаптарына толық сай келеді.

Аударыспақ – спортшыдан үлкен ептілікті, күштілікті, төзімділік пен батылдықты талап ететін ұлттық спорттың бір түрі (екі салт атты бір-бірін аттан аударып алуға тырысады).


Аударыспаққа тәртіп бойынша ат үстіндегі аяқасты жақсы меңгерген, тиянақты дайындығы бар спортшылар ғана қатынаса алады. Ал дайындығы жеткіліксіз, тәжірибесі аз спортшылар үшін бұл өте күрделі. Сондықтан қазіргі тәртіп бойынша сайысқа 18 жасқа толғандар ғана қатыстырылады. Сайысқа қатысушылар үш салмақтық санатқа бөлінеді. Аударыспақта салмақтық санаттарды енгізудің мақсаты – қатысушыларға неғұрлым тең жағдай туғызу. Оны спорттың сайыс түрі ретінде дамыту үшін бір-біріне тең келетін салмақтық санаттарды көбейту дұрыс. Бұл санаттарға бөлу соңғы кезде қалыптасты. Ертеде кез келген тілек білдіруші өз еркімен қатыса беретін болған. Амал қанша, спорттық жарыстарда сол үш санаттың өзі де кейде толық сақтала бермейді. Дегенмен спорттың бұл түрі дамыған сайын, сөз жоқ, оның салмақтық санаттары да көбейіп, кеңейе беретіні күмәнсіз.

Ойында аты жарамды, өзі мықты, атқа отырысы мығым, білікті жігіттер жеңіп шығады. Сайып келгенде, аударыспақта негізгі рөлді ат

пен ойыншы атқарады. Оспадарлық, жұла тарту, салып қалу, қол қайыру сияқты айла-тәсілдерді қолдануға болмайды. Аударысу ат пен жігіттің үндескен қимыл-бірлестігіне сүйене отырып, күш-жігер басымдығын көрсететін қалыпты, байсалды шеберлікке ұласуы шарт.

Жамбы ату – қазақ халқында кең тараған мергендік сынның, ат үстіндегі ойындардың бір түрі. Аспен шауып келе жатып, жігіттер екпінін бәсеңдетпестен құрылған бақан үстіндегі нысананы атып құлатуға тиісті болған. Ереже бойынша, жігіттер сөреде өз сәйгүліктерінің жанында болады. Ойын қазақтың ата-тегінен бері келе жатқан, болмаса аңшылық кәсібінен қалған дәстүр негізінде қалыптасып, келе-келе көз ұшындай жерге жамбы тігіп, соны ататын, көңіл көтеретін, бүкіл жұрт болып қызықтайтын ұлттық ойынға айналған. Бұл ойын халықтың ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Қазақтар жамбыны ат үстінде тұрып немесе шауып келе жатып қана атқан. Төреші белгі берісімен, олар аттарын тез ерттеп, шаба жөнеліп, жолындағы нысаналарды атып құлатуға тиісті. Төрешілердің ұйғарымы бойынша, нысаналар бірнешеу болады. Әрбір Олимпиялық ойындардан кейін оның бағдарламасына енген спорт түрлерінің халықаралық бірлестіктері қайта қарап, түзетулер мен өзгерістер енгізіп жүреді. Қазір уақыт басқа. Қазақ халқының ұлттық спорт түрлерінің ережелерін де қайта қарап, заман талабына сай өзгертуге болады.

Басы, жалғасы келесі санда





Бард әндері және жасанды интеллект






КУАНАЛИЕВА
Мендигуль Сагидуллиновна,
АБЖТжЭО директорының
орынбасары, ҚББП-і,
педагог-зерттеуші,
Жәнібек ауд., БҚО

Күні	28 қараша 2025 жыл
Үйірме атауы	«Бард әндері» /6-8 сынып, 15 оқушы/
Сабақтың мақсаты	Білімдік: бард әндерінің ерекшеліктерін түсіну; бард орындаушыларды тану; ЖИ (жасанды интеллект) арқылы музыка жасау мүмкіндіктерін меңгеру. Дамытушылық: шығармашылық ойлау, музыкалық талғамды дамыту, ЖИ құралдарын қолдану. Тәрбиелік: өнерге қызығушылықты арттыру, адамгершілік құндылықтарды дамыту.
Бағалау критерийі	Коммуникация: топта белсенді сөйлейді, идея ұсынады, басқаларды тыңдайды. Жауапкершілік: топтағы өз рөлін орындайды, тапсырманы уақытында аяқтайды. Ынтымақтастық: басқаларға көмектеседі, тапсырма мазмұнын бірігіп толықтырады.
Күтілетін нәтижелер	- Бард жанрының белгілерін атайды. - Белгілі бардтарды біледі. - ЖИ көмегімен мәтін/әуен құрастырады. - Бард әні мен ЖИ жасаған әуеннің айырмашылығын талдайды.
Сабақ әдістері	Ой шақыру, топтық жұмыс, жұптық жұмыс, талдау, шығармашылық тапсырма.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
I. Ұйымдас-тыру бөлімі (3 мин.)	Сәлемдесу. Психологиялық дайындық. «Музыкалық көңіл-күй». Сабақ тақырыбы мен мақсатын таныстыру.	Мұғаліммен амандасады. Тыңдайды, сабаққа дайындалады. Оқушылар шеңберге тұрып, қысқаша пікір айтады.	«Бағдаршам» Жасыл: ■ Тақырыпты толық түсіндім, тапсырманы өзім орындай аламын.	Компьютер/ телефон, интернет, колонка, слайдтар, ЖИ плат-формалары.

	Қызықтыру сұрағы: «ЖИ бард әнін жасай ала ма?»		<ul style="list-style-type: none"> ● Сары: Кей-бір жері қиын болды, аздап көмек керек. ● Қызыл: Түсінбедім, қосымша түсіндіру қажет. 	Компьютер/ телефон, интернет, колонка, слайдтар, ЖИ платформалары.
II. Қызығушылықты ояту (5 мин.)	Қысқа бард әнін тыңдатады.	Әннен алған әсерімен бөліседі.		Аудиофайл
III. Жаңа білім (10 мин.)	Бард әндерінің сипаттамасы: авторлық ән, гитара, лирика. 2. Белгілі бардтар: В. Высоцкий, Ю. Визбор, Б. Окуджава, қазақ авторлық дәстүр. 3. ЖИ мүмкіндіктері: мәтін генерациялау, әуен құрастыру (Suno/ Udio).	Ақпаратты жазады, сұрақтарға жауап береді.		
IV. ЖИ таныстыру (5 мин.)	ChatGPT, Suno, Udio қолдану жолын көрсетеді.	Қарап, талдайды.		ChatGPT
VI. Шығармашылық жұмыс (8 мин.)	«2 шумақ бард стилінде ән құра» тапсырмасын береді. «Мини-ән құрастыру»: ЖИ-ге «Туған жер туралы бард стилінде 2 шумақ жаз» деп генерациялау.	Мәтін шығарады; Suno/Udio арқылы әуен жасайды.	Топтағы мұғалімнің бағалауы.	ChatGPT, Suno
VII. Қорытынды (3 мин.)	Сұрақтар: Не үйрендің? Бард әні несімен ерекше? ЖИ музыка жасай ала ма? «Екі жұлдыз, бір тілек» рефлексиясы. Сұрақтар қояды, қорытынды жасайды.	Рефлексия жазады («2 жұлдыз, 1 тілек»).		
Бағалау (3 мин.)	Бағалау критерийімен бағалайды.	Кері байланыс береді.		
Үй тапсырмасы (3 мин.)	1 шумақ бард стилінде мәтін жазып келу.			









Қазақстандағы қорықтар мен ұлттық саябақтар



РАМАЗАНОВ
Жасұлан Болатұлы,
Қ. Жұмалиев атындағы
«Қаратөбе мектеп-гимназиясы» КММ
география пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші, ҚББП-і,
Қаратөбе ауд., БҚО

Үйірме атауы	«Жас эколог»
Сабақтың тақырыбы:	Қазақстандағы қорықтар мен ұлттық саябақтар
Сабақтың мақсаты:	Қорықтар, ұлттық саябақтар құрылу мақсатын түсіндіреді, картаға белгілейді

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (2 мин.)	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен амандасып, оқушылардың көңілін сабаққа аудару. Сыныпты түгендеу, сыныптағы оқушылардың зейінін сабаққа аудару	Мұғаліммен амандасып, кезекші оқушы сыныптағы оқушылардың санын баяндайды	(ҚБ) мұғалім бағалайды	https://word-wall.net/resource/46841708
(3 мин.)	Үй жұмысы «Миға шабуыл» әдісі арқылы оқушыларға өткен тақырып бойынша сұрақтар қойылады	Оқушылар викторина сұрақтарына жауап береді	Дескриптор: балл: Сұрақтарға жауап береді	
Сабақтың ортасы (5 мин.)	Жаңа сабақ Бейнеролик: Қорықтар мен саябақтар – Қазақстандағы ең алғашқы ұлттық қорық? – Қазақстандағы алғашқы ұлттық саябақ?	Оқушылар «Сандар сөйлейді» әдісі арқылы тақырыпты анықтайды	«Жарайсың» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	https://youtu.be/UOYywKDdljg?si=tM-S_T4kOnhFEDho
(3 мин.)	1. Тапсырма. Жеке тапсырма. Кестемен жұмыс Оқушылар тізімдегі қорықтар мен ұлттық			

	<p>саябақтардың 5-еуін таңдап, кестеге салып сипаттайды (Ақсу – Жабағалы, Алматы, Наурызым, Барсақелмес, Қорғалжын, Марқакөл, Үстірт, Батыс – Алтай, Алакөл, Қаратау, Баянауыл, Іле Алатауы, Алтынемел, Көкшетау, Қарқаралы, Бурабай, Қатонқарағай, Шарын, Сайрам – Өгем, Көлсай көлдері, Жоңғар Алатауы, Бүйратау, Тарбағатай, Ұлытай)</p> 	<p>Бейнероликті қарайды. Ұлттық қорықтар мен саябақтарды анықтайды</p>  <p>Қазақстанның қорықтары мен ұлттық саябақтарын сипаттайды</p>	<p>Дескриптор: 1. Орналасуы мен ашылуын анықтайды 2. Ашылу мақсатын анықтайды 3. Өсімдіктер мен жануарларды анықтайды</p>	<p>https://openai.com/</p> <p>Қорықтар https://wordwall.net/ru/resource/63329077</p>																		
<p>(10 мин.)</p>	<p>2. Тапсырма Wordwall бағдарламасы арқылы қорықтар мен ұлттық саябақтардың орналасқан жерін картадан көрсетеді</p>  <p>Сергіту сәгі 3D – Maps.kz сайты арқылы Қазақстанның ең көрікті жерлеріне виртуалды саяхат жасайды</p>	<p>Оқушылар қорықтар мен саябақтарды картадан көрсетеді</p> <p>Оқушылар Қазақстанның тарихи және мәдени мұраларын сипаттайды</p>	<p>Дескриптор: 1. Қорықтар мен саябақтарды картадан көрсетеді</p> <p>Дескриптор: 1. Тарихи және мәдени мұраларды сипаттайды</p> 	<p>Саябақтар https://wordwall.net/ru/resource/66448019</p> <p>https://3d-maps.kz/ru</p>																		
<p>(5 мин.)</p>	<p>3. Тапсырма. Жеке жұмыс</p> <table border="1" data-bbox="402 1626 831 1808"> <thead> <tr> <th>Нысан</th> <th>Енгізілген жылы</th> <th>Сипаттамасы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Үстірт</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Қарқаралы</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Бурабай</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Қорғалжын қорығы</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Батыс Тянь-Шань</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Нысан	Енгізілген жылы	Сипаттамасы	Үстірт			Қарқаралы			Бурабай			Қорғалжын қорығы			Батыс Тянь-Шань					
Нысан	Енгізілген жылы	Сипаттамасы																				
Үстірт																						
Қарқаралы																						
Бурабай																						
Қорғалжын қорығы																						
Батыс Тянь-Шань																						
<p>Сабақтың соңы (5 мин.) (2 мин.)</p>	<p>Кері байланыс «3 себеп» әдісі Оқушылар бүгінгі сабақты түсінгендігі жөнінде 3 дәлел келтіреді Үйге тапсырма ЖИ көмегімен бір қорыққа презентация жасау</p>	<p>Оқушы жаңа тақырыпты қорытындылап, бүгінгі сабаққа кері байланыс орнатады</p>																				



Денсаулықты қалпына келтіруге арналған жаттығулар








ИБРАЕВ

Дархан Русланович,
ОБЖТжЭО әскери-патриоттық бөлімінің меңгерушісі, ҚББП-і, Орал қ., БҚО

Үйірме атауы:	«Жігер»	Қатысқаны: 14	Қатыспағаны: 1
Өтетін орны:	Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығы		
Сабақтың мақсаты:	<p>Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға бағыттау. Сыни және тез ойлауға ықпал ету.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Дене жүктемелерін қалыпты ұстап, денсаулықты нығайтуға дағдыландыру. - Топтық жұмыс кезіндегі тәртіп пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. - Оқушылардың жалпы спорттық бағдарлау туралы түсініктерін дамыту. 		
Қолдалынатын құрал-жабдықтар:	Тақта, интерактивтік тақта, компас, ысқырық, төсеніш, кескін карталар, призма, компостерлер және т.б.		
Сабақтың міндеті:	<p>Оқушылардың дене дайындығын жетілдіру.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қозғалыс немесе жаттығу кезінде дене жүктемелерін реттеуге үйрету. - Қалыпты дене жаттығулары мен спорттық бағдарлау жаттығуларын ұштастыру. - Жарыс кезінде тез ойлап, тез шешім қабылдауға дағдыландыру. <p>Оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін анықтау.</p>		
Пәнаралық байланыс:	Дене шынықтыру, география, физиология.		
Күтілетін нәтиже:	<ul style="list-style-type: none"> - Дене жаттығулары кезінде қалыпты дене жүктемелерін реттей алуы. - Дене жаттығулары арқылы спорттық бағдарлау дағдыларын меңгеруі. 		

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Кіріспе бөлімі (10 мин.)	1) Ұйымдастыру кезеңі: - Сәлемдесу, үйірме мүшелерін түгендеу. - Сабақтың тақырыбын, барысын, мақсаттарын, бағалау критерийлерін жария ету және түсіндіру.	Педагогпен сәлемдеседі. Сынып және спорт бөлмелеріндегі қауіпсіздік ережелерін қайталайды.		Сынып бөлмесі. Спорттық киім үлгісі. Интерактивтік тақтамен жұмыс.

	<p>2) Өткен тақырыптарды пысықтау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сынып және спорт бөлмелеріндегі қауіпсіздік ережелерін қайталау; - дене шынықтырудың спорттық бағдарлаумен байланысы; - географияның спорттық бағдарлаумен байланысы; - компас құрылымы және оның қызметі. 	<p>Компаспен бағытты тез тауып үйренеді.</p>																																																																																																																																																																																																																		
<p>Негізгі бөлім (20 мин.)</p>	<p>Теориялық түсіндіру жұмысы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әңгімелеу әдісі: «Денсаулықтың адам өміріндегі маңызы» туралы. 2. Дене шынықтыру және спорттың денсаулықты нығайтудағы рөлі. 3. Гигиена – денсаулық кепілі. 4. Дене жаттығулары және олардың түрлері. 5. Дене жаттығуларының физикалық жүктеме нормалары. 6. Қан тамырлар соғысы (пульс) және оны анықтау нормасы: 	<p>Жаттығу түрлерін жасайды.</p>		<p>Слайдпен жұмыс.</p> 																																																																																																																																																																																																																
Сабақтың басы (5 мин.)	Оқушыларды сапқа тұрғызып, сәлемдесу жүргізу және сабақтың міндеттерімен таныстыру. Солға, оңға бұрылу. Қозғалыстар, қолдары белде, табанның ішкі жағымен және сыртқы жағымен жүру, шеңбер бойынша жеңіл жүгіру, жүріп өту. Допты қолдану арқылы жалпы дамыту жаттығуларын жасау.	Оқушы өз жұбын табады. Әдіс арқылы қайталау. Сұрақ-жауап орындайды.	Қол шапалақ.	
Сабақтың ортасы (25 мин.)	Оқушыларды бір сапқа тұрғызу (5 мин.): 1. Гимнастикалық скамейкадан секіру. 2. Төсеніште алға, артқа домалау. 3. Тепе-теңдікті сақтап жүру. 5. Гимнастикалық қабырғада мініп-түсу. 6. Демді қалыпқа келтіру жаттығуларын жасатып, 3 топқа бөлу: I топ – әртүрлі биіктіктегі арыста жаттығулар жасату (10 мин.): 1. Тартыла секіріп, аяқты ашып міну. 2. Шалқаю.	Оқушылар ойын ережесін сақтайды. Допты алып жүруді дұрыс орындайды. Ойыншы өз добын дұрыс алып жүреді.	ҚБ «Бәре-келді, әттеген-ай!».	А4 қағазға сызылған кесте.

	<p>3. Қолын арыстан ұстап, жабдықтың үстінде отыру.</p> <p>4. «Қарлығаш» жасау.</p> <p>5. «Бұрыш» жасау.</p> <p>6. 900-қа айналып, секіріп түсу.</p> <p>II топ – акробатикалық жаттығулар:</p> <p>1. Алға домалау.</p> <p>2. Көпір жасау.</p> <p>3. Артқа домалау.</p> <p>4. Жауырынға тұру.</p> <p>5. Аяқты басынан асыра жерге тигізіп, алақанын жерге қою.</p> <p>6. Жарты шпагатқа келіп отыру жаттығуларын жетілдіру. Жаттығулардың дұрыс орындалуын қадағалайды.</p> <p>III топ – тепе-теңдік жаттығулары:</p> <p>1. «Қарлығаш» жасау.</p> <p>2. Қолды жайып, аяқтың ұшымен жүру.</p> <p>3. Жартылай отырып, өкшені көтеріп бұрылу.</p> <p>4. Тізені жоғары көтеріп жүру жаттығуларын дамыта үйрету.</p> <p>Көңілді эстафеталық ойындар:</p> <p>Тапсырма 1. «Атыспақ» ойынының шартымен таныстырылады.</p> <p>Ойынның шарты: топ екі командаға бөлініп, волейбол алаңында тұрады. Ойынның мақсаты – қарсыласын доппен ұрып тигізу. Командалардың артында жолақ сызық сызылған, оған қарсыластың доп тиген ойыншылары барып тұрады, ол ойыншыны құтқару үшін командаластары допты жерге, керегеге тигізбей, әуелетіп оған берулері керек. Допты ұстаған ойыншы оны қайтадан өз командасына лақтырып, өзі өз жағына өтеді де, ойынды ары қарай жалғастырады.</p> <p>1. Допты бостан босқа жерге ұруға болады.</p> <p>2. Допты қолмен ұстауға болады, егер допты түсіріп алса, «дәлізге» барып тұрады.</p> <p>3. Доппен алаңда жүгіруге болмайды, тек алып жүруге болады.</p> <p>Ойын 10 мин. өткізіледі, осы кезде қай команданың ойыншылары «дәліздің» ішінде көп болса, сол команда жеңілген болып саналады.</p>	<p>Жаттығуларды қауіпсіздік ережесін сақтап, сыныптасының, мұғалімнің көмегімен жасауын қадағалау.</p> <p>Сыныптасының көмегімен жасау.</p> <p>Жаттығуларды бірнеше рет жасағаннан кейін орындарын алмастырып, сыныптасының көмегімен жасайды.</p>	<p>Бағалау парақшасын толтырады.</p>	
				

Тапсырма 2. Секіру дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар жинағын көрсетіңіз. Секіру дағдыларын қалыптастыру жолдарын талқылаңыз.



Тапсырма 3. Төмендегі суретте көрсетілген жаттығулар жиынтығын орындаңыз. Денсаулыққа тигізетін әсерін талқылаңыз.

Сабақтың соңы (10 мин.)

«**Қар кесегі**» тәсілі арқылы оқушылар өтілген тақырып бойынша бірнеше сұрақ дайындап, бір-біріне лақтырады. Сол арқылы сабақты қорытындылайды.

«**Бес саусақ**» тәсілі. Оқушылар параққа алақандарын қойып, оны жиегімен қалам арқылы айналдырып өтеді. Осыдан соң олар сабақ туралы мынандай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады:

Бас бармақ – бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балалы үйрек – мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым?

Орған терек – мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – мен сабақта өзімді қалай сезіндім?

Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.

Рефлексия парағы





Ойын кезінде қозғалыс үйлесімділігін дамыту





ШАКИРОВА
Жарқынай Замировна,
Д. Қонаев атындағы №44 МГ
дене шынықтыру пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші,
Орал қ., БҚО

Бөлім	Ойын арқылы мәселелерді шешу дағдылары.	
Сынып	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы	Жарыс ойынын ұйымдастыру.	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	8.2.2.1 Көшбасшылық дағдылар мен команда құрамында жұмыс істей білуді көрсету және қолдана білу.	
Сабақтың мақсаты	Физикалық денсаулығы, ептілігі мен шыдамдылығы дамиды. Командалық жұмысқа, өзара сыйластыққа және әділ ойынға үйренеді. Көбі: Допты дұрыс қабылдау, беру және атуды үйренеді. Қорғаныс пен шабуыл тактикасын меңгереді. Баскетбол ережелерін білуге және сақтауға үйренеді. Кейбірі: Жеке шеберлікті арттырады: дриблинг, пас беру, лақтыру. Жылдам ойлау және шешім қабылдау қабілетін дамытады. Командалық коммуникацияны жетілдіреді.	
Бағалау критерийі	Ойындардағы айырмашылықтарды түсінеді және рөлдерді белсенді көрсетеді; мақсатқа жету үшін топта бірігіп жұмыс атқару барысында қозғалыс дағдыларын қалыптастырады.	

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Дайындық бөлім (5 мин.)	Сапқа тұрғызу. Сәлемдесу. Қауіпсіздік нұсқауды орындау керек екенін ескерту. Оқушылардың белсенді қатысуы үшін арнайы жалпы дамыту жаттығулары Саптық жаттығулар: оңға, солға бұрылу. Жүру жаттығулары: аяқтың ұшымен, өкшемен, жартылай отырып, толық отырып.	Оқушы өз жұбын табады. Әдіс арқылы қайталау. Сұрақ-жауап орындайды.	Қол шапалақ.	Әртүрлі белсенділік үшін үлкен, бос кеңістік.

<p>Негізгі бөлім (25 мин.)</p>	<p>Жаңа сабақ. Ойын техникасының дағдысын дамыту. Жаңа сабақтың мақсаты мен бағалау критерийін таныстырамын (5 мин.).</p> <p>1. Екі қолмен кеудеден лақтыру. Бастапқы жағдайда доп кеуде тұсында болады. Бір аяқ ептеп алға қойылады. Аяқтар ыңғайлы, орнықты жағдайда тұруы керек. Денеге жоғары бағытталған қозғалыс беретін аяқтың созылуымен қатар, олар жоғары қарай созылып, допқа доға тәріздес траектория жасалуы керек.</p> <p>2. Бір қолмен иықтан беру. Бастапқы жағдайда доп иық тұсында бір қолдың білезігінде болады. Екінші қол оны демеп тұрады. Кезену кезінде баскетболшы доп беретін жаққа қолын бұрып, дененің қарсы қимылымен қолды алға созып, допты қажетті бағытқа жібереді. Бастапқы жағдайда доп беретін қол мен аяқ алға қойылады.</p> <p>3. Жоғарыдан бір қолмен беру. Доптың бастапқы жағдайы – бір қолдың білезігінде. Алға қозғалғанда қол жазылады да, білезік допты орап, беруді аяқтайды.</p> <p>4. Бір қолмен төменнен беру. Бастапқы жағдайда доп жамбас тұсында, бір қолдың білезігінде болады, алақан жоғары қарап, саусақтар алға созылады. Аз ғана кезенуден соң алға айналуы бастайтын қозғалыспен орындалады. Білезік бірте-бірте ашылып, доп одан сырғанап түскендей болады. Ұшу биіктігі білезіктің қай мезетте ашылғанына байланысты. Қолды соза берген уақытта аттас аяқ алға адымдайды.</p> <p>Үйренген әдістерімізді жетілдіру мақсатында эстафеталық ойындар (5 мин.):</p> <p>1. Екі ойыншы бір-бірінің қолын ұстап, бос қолына доп ұстайды. Белгі бойынша допты алып жүріп, белгіні айналып келіп, допты келесі ойыншыға береді.</p> <p>2. Екі ойыншы 1,5–2 метр арақашықтықта допты беріп, қабылдап, белгіленген кедергіге дейін барып, қайтып келеді.</p> <p>3. Екі допты алып жүріп, жарысу.</p> <p>4. Бір команда шеңбер бойына орналасып, екінші команда шеңбер сыртында жүгіреді. Шеңбер жасап тұрған команда допты бір-біріне лақтырып беріп, қарсылас командаға допты лақтырып тигізеді. Қай команданың уақыты аз болса, сол команда жеңіске жетеді.</p> <p>1-тапсырма. Оқу тапсырмасының ережелері мен қауіпсіздік ережелерін еске түсіріңдер, жаттығулар барысында сақтаңдар!</p> <p>Допты лақтыру әдістерін орындаңдар! «Кім епті?» әдісі (5 мин.).</p> <p>Ұлттық құндылықты қалыптастыру бағытында ұмыт қалып бара жатырған «Кім шапшаң?» ойынын ойнату.</p>	<p>Ойындар олардың физикалық және спорттық дағдыларын дамытуға көмектесетіндігі туралы өз түсініктерін көрсете және сипаттай алады.</p> <p>Жаттығуларды орындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін біледі және сақтайды;</p> <p>бір қолмен иықтан беру әдісін дұрыс орындайды;</p> <p>екі қолмен кеудеден лақтыру әдісін дұрыс орындайды;</p> <p>жоғарыдан бір қолмен беру әдісін дұрыс орындайды;</p> <p>бір қолмен төменнен беру әдісін дұрыс орындайды;</p>	<p>Смайликтер арқылы ҚБ өзін-өзі бағалау.</p>	<p>Әрбір қызмет түрі үшін үлкен бос кеңістік.</p> <p>Қажетті құралдар: ысқырық, секунд өлшегіш, бор, шеңбер, резеңке доп, фишкалар, қағаз, қалам, баскетбол доптары, кедергілер, гимнастикалық таяқшалар.</p>
--------------------------------	---	--	---	---



	<p>Ойын ережесі: барлық оқушы гимнастикалық таяқшалардың бір ұшын жерге қадап ұстап тұрады. Мұғалім белгі бергенде өзінің таяқшасын тастап, көршісінің таяқшасын құлатпай ұстап қалу керек. Егер құлатып алса, ойыннан шығады. Құлатпай ұстап қалған ойыншылармен ойын жалғасады. Солай ең соңында қалған ойыншы жеңімпаз атанады.</p> <p>Дескриптор: Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> - жаттығуларды орындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін біледі және сақтайды; - бір қолмен иықтан беру әдісін дұрыс орындайды; - екі қолмен кеудеден лақтыру әдісін дұрыс орындайды; - жоғарыдан бір қолмен беру әдісін дұрыс орындайды; - бір қолмен төменнен беру әдісін дұрыс орындайды. <p>ҚБ. «Бас бармақ» әдісі арқылы топтар бір-бірін бағалайды (5 мин.).</p> <p>Сұрақ-жауап: ойын кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет пе? Өздеріңіздің практикалық білімдеріңіз бен дағдыларыңызды күнделікті өмірде қалай қолданасыздар? Бұл тапсырмада қандай арнайы спорттық қозғалыс әрекеттері қолданылды?</p> <p>2-тапсырма. Өткізілетін оқу тапсырмасының ережелері мен қауіпсіздік ережелері айтылып, еске түсіріледі. Осыдан кейін білім алушылар жұпта жұмыс жасайды.</p> <p>1. Баскетболшының тұрысын, допты алып жүру тәсілдерін орындаңдар.</p> <p>«Қолды жұмысқа жұмылдыру» әдісі.</p> <p>Баскетболшының тұрысы:</p> <ol style="list-style-type: none"> допты бір орында оң және сол қолмен алып жүру; бір қолдан екінші қолға ауыстырып алып жүру; қозғалыста допты оң және сол қолмен алып жүру. <p>Ықшамдалған ережемен баскетбол ойнау.</p> <p>Дескриптор: Білім алушы</p> <p>Баскетбол сабағындағы қауіпсіздік ережелерін біледі және сақтайды.</p> <p>ҚБ. Бір-біріне кері байланыс береді (5 мин.).</p> <p>Сұрақ-жауап: баскетболмен айналысқан кезде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет? Өздеріңіздің практикалық білімдеріңізді және дағдыларыңызды күнделікті өмірде қалай қолданасыздар? Бұл тапсырмада қандай арнайы спорттық қозғалыс әрекеттері қолданылды?</p>	<p>ойнау арқылы ұлттық құндылықтарды меңгереді;</p>  <p>топтар бір-бірін бағалайды;</p> <p>қауіпсіздік шараларын еске түсіреді;</p> <p>допты алып жүруді үйренеді;</p> <p>қимыл-қозғалыс дағдыларын жасайды;</p> <p>- жаттығу - ларды орындау кезіндегі үйлесімділікті дамытуға арналған қимыл-қозғалыс дағдыларын қолданады.</p> 		
<p>Қорытынды бөлім (5 мин.)</p>	<p>Кері байланыс</p> <ol style="list-style-type: none"> Сіз үшін жаңа ақпарат... Не қиын болды? Не оңай болды? Нені ескеруім керек? 	<p>Кері байланыс жасайды.</p>		<p>Рефлексия парағы.</p>

Сәнге айналған садақ ату өнері мен оның тарихы



МАГЗУМОВ
Рустем Қумаржанович,
АЖТС-ның ҚББП-і
Сырым ауд., БҚО

Сабақтың мақсаты:

- Ұлттық спорт түрлері мен садақ ату өнері туралы түсінік алады, тарихымен танысады.
- Садақ атуды үйренеді, қолданылатын әдіс-тәсілдерін меңгереді.
- Физикалық қабілеттілігін (ептілік, тепе-теңдікті сақтау, шынығу) арттырады.

Сабақ түрі: аралас сабақ.

Ұзақтығы: 40-45 минут.

Қажетті құрал-жабдықтар: теледидар, слайд, садақ, жебе.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі (3 минут)

Сәлемдесу, қатысушыларды түгендеу.
Сабақтың мақсатымен таныстыру.

II. Сабаққа назар аудару (5 минут)

1. Сабақтың негізгі бөліміне тоқталу.

2. Теориялық бөлім (15 минут).

2.1 Мұғалімнің түсіндіруі: Садақ ату өнері

Бағзы заманнан бері көшпелілердің иығынан түспеген, қазақтың дәстүрімен біте қайнасқан

қымбат мұра бар. Ол – садақ. Қазақ тарихында оқ пен жебені жанына серік етіп, құралайды көздеген мергендер әр заманда болған. Бірі адырнасын сайлап, аңға шықса, екіншісі соғыста жаудың бетін қайтарған. Садақ ату спорты әлем халықтарына ортақ мұра десек те, осы бір жауынгерлік өнердің ұшар басында түркілер тұрғаны ежелгі тарихтан белгілі. Зерттеушілердің пікірінше, адамзат тарихында алғаш рет мергендер қосынын дүниеге әкелген ғұндар. Біздің ата-бабаларымыз ғұндардың тікелей мұрагері екенін ескерсек, садақ ату өнері қазіргі түрік халықтарын түп-тамырымен табыстыратын идеологиялық үрдіс.

Дәстүрлі садақ ату – қарқынды дамып келе жатқан спорттың бірі. Қазіргі кезде әр өңірде садақ ату орталықтары ашылып, келушілерді ұлттық спортқа баулуда. 1900 жылдан бері жазғы Олимпиада ойындарының тізіміне кірген. Шыдамдылық, жүйке мықтылығы, өткір көз және қуатты қол – осының барлығы садақпен атқанда жеңіске жету үшін қажет. Бүгінгі күні осы спорт түрімен әлемнің 140 елі айналысады, ал садақ ату көп күшті қажет ететін, соңғы жебеге дейін жалғасатын спорт түрі. Садақ ату халықаралық федерациясы (ФИТА) 1931 жылы құрылды. Садақ ату адамзат қоғамы дамуының алғашқы кезінен аң аулауда, сондай-ақ оқпен атылатын қарулар шыққанға дейін соғыста кеңінен қолданылған. Садақ тарту башқұрт, қырғыз, бурят, қазақ және тағы басқа халықтардың арасында жамбы ату, алтын қабақ, теңге ату сияқты ұлттық ойындарында кең таралған.

2.2 «Садақ ату» сайысы. Сайыс ғимаратта не көшеде болсын әртүрлі арақашықтықтарда өткізіледі. Сондай-ақ әртүрлі ату түрлері болады. Нысанаға садақ атуда ойыншылар нысанаға бірнеше жебеден жібереді. Содан кейін нысана



жаңа арақашықтыққа жылжытылады, мергендер оған қайтадан жебелер жібереді. Далада садақ атқан кезде мергендер кезекпен қозғала отырып, статикалық (қозғалмайтын) нысаналарға атады, олар кейде аңдар пішінінде болулары мүмкін.

Садақ атудан әйелдер үшін нысана 30, 50, 70 м, ерлер үшін 30, 50, 70, 90 м қашықтыққа қойылады. Жарыс бағдарламасына сәйкес, мерген 72 жебе тартады. Әр команда құрамында 4 адам болады да, оның үшеуінің нәтижесі есепке алынады. Садақ атудың классикалық және еркін тәсілдері бар. Классикалық түрінде мерген нысанаға бір қырымен, ал еркін тәсілде өзіне қолайлы жағдайда тұрып, садақ атуға мүмкіндік алады. Мергендер нысанаға жіберу үшін садақты пайдаланады. Нысана шеңберлер жиынтығынан тұрады және әр шеңберге әртүрлі ұпайлар саны беріледі. Ең көп ұпай санын жинаған ойыншы ұтады. Мергендер жарысқа бір кіргенде үш немесе алты жебе атады. Осындай бір кіру «энд» деп аталады. Эндтер рандты құрайды. Жарыстарда эндтер саны әртүрлі болуы мүмкін. Спорт кешендерінде өткізілетін матчтарда 20 эндтен болады.

Мергендер команда бойынша бастайды. Оларға ату үшін шектелген уақыт беріледі.

Жебе жіберіле салысымен ойыншылардың ұпайлары санала бастайды.

2.3 Садақ атудың денсаулыққа пайдасы

Садақ ату адам денсаулығына өте пайдалы. Ол қырағылықты арттырады, ал қазіргі заманда ІТ-құрылғыларына тәуелді болып, балалардың көру қабілеті нашарлап кеткені жасырын емес.

Бұған қоса, садақ ату омыртқаны шынықтырып, оның түрлі дертке шалынуының алдын алады. Бір садақ ату 20-дан аса килограмм жүк көтергенмен бірдей. Ал жарыс барысында спортшылар 100-ден аса садақ оғын атқан кезде оларға түсетін салмақты елестетіп көріңіз. Сондықтан дәстүрлі садақ атуды дамытуды қолға алу – ұлт руханияты мен саулығына жасалған жанашырлық.

2.4 Сырым ауданының мақтанышы, садақшы – Ұлықпанов Мұрат

2025 жылдың 1-5 қарашасы аралығында Оңтүстік Кореяның Ульсан қаласында өткен дәстүрлі садақ атудан «WORLD CUP-2025» әлем кубогі – нағыз мергендердің мерекесіне айналды. 32 елден келген 537 саңлақ садақшылар бақ сынаған байрақты бәсекеде Қазақстан намысын қорғаған жерлесіміз, сырымдық сұңқар Лұқпанов Мұрат Серікұлы командалық «Пути» нысанасы бойынша тамаша нәтиже көрсетіп, қола жүлдені жеңіп алды.

Бұл жеңіс – еліміздің садақ ату тарихындағы елеулі жетістік, ал жас спортшылар үшін – нағыз үлгі мен рухтың символы. Садақ ату өнерінің

отаны саналатын Корея елінде, атақты садақшы Жумонг жерінде жеңіс тұғырынан көріну – нағыз ерлік!

Әлемдік додада ел абыройын асқақтатқан Мұрат Серікұлын туған жері – Сырым ауданының жастары мен спортсүйер қауымы ерекше ықыласпен, салтанатты түрде қарсы алды. Қарсы алу кезінде мергенге атбегі, аударыспақшы Төлеби Қайыржанов ат мінгізді.

Аудан әкімі Жұмагелді Батырнязов жеңімпазды қабылдап, шын жүректен құттықтап, ел атынан алғыс хат пен тұлпар табыстады.

– Бұл жеңіс – Сырым еліне, Қазақстан спортына ортақ қуаныш. Мұраттай мергендер көбейсін! – деді аудан басшысы өз сөзінде.

Қабылдауда сөз алған Мұрат Серікұлы садақ атуға жастарды баулуға ниетті екенін айтып, ауданнан бұл спортқа арнайы орын бөлініп, қолдау көрсетілсе деген өтінішін білдірді:

– Садақ ату – ата-бабамыздан келе жатқан өнер. Аз уақыттың ішінде үлкен жетістікке жетуге болады. Артымыздан ерген жастарды әлемдік деңгейге шығаруға болады, – дейді мерген.

Оның айтуынша, садақ ату нысанасымен арақашықтық 90 метр болуы керек, ал кәрістер 145 метрге дейін атып, дәл тигізеді екен. Тіпті, 71-72 жастағы егде мергендері де көздегенін мүлт жібермейді. Ульсан қаласындағы жарыста 145, 90, 70 және 30 метрлік қашықтықтарда сайыс өткен. Мұрат Серікұлы 70 метр қашықтықта бақ сынап, ел намысын қорғады. Мерген әлемдегі ең алыс нысанаға ату Индонезияда екенін, ату қашықтығы – 200 метр екенін айтады.

Мұрат Серікұлы – соңғы жылдары еліміздегі садақ атудың белді өкілдерінің бірі. Ол қатысқан



әрбір дода – жеңіс пен жетістіктің айғағы: «Saraishuq» мергендер лигасы (Атырау) – II орын, Орал қаласы турнирі – I орын, «Ақбидай» облыстық спорттық ойындары – II орын, ҚР чемпионаты – I орын, әлемдік «WORLD CUP – 2025» (Оңтүстік Корея) – III орындарды иеленді.

Бүгінде Мұрат Лұқпановтың басты арманы – өз ізін жалғастыратын жас мергендерді дайындау, ұлттық өнерді ұлықтап, ел намысын қорғайтын жаңа буын спортшыларын тәрбиелеу. Оның қажыр-қайраты мен еңбекқорлығы – бүгінгі ұрпаққа үлгі, ерік-жігердің, намыстың, отансүйгіштіктің жарқын көрінісі. Ол садағын аспанға емес, ел абыройына қарай кезеп жүрген шын патриот.

Аудан мақтанышы, садақшы – Ғалымжанов Сырлыбай Ергалиұлы



2026 жылы 24-25 қаңтар аралығында Абай облысы, Семей қаласында өткен «DARABOZ» республикалық ашық турнирінде 160-қа жуық қатысушы бақ сынап, 20 өңірден қатысушылар үздік мерген аталымы үшін сынға түсті. Барлық қатысушылар арасынан оза шапқан жерлесіміз Ғалымжанов Сырлыбай қалқан нысанасы бойынша 1-орынға ие болды.

III. Практикалық бөлім (25 минут)

3.1 Садақтың негізгі құрлымымен танысу

Қазақтың садағы қарапайым екі бөліктен тұрады. Біріншісі, яғни ағаш немесе сүйектен жасалатын, ату үрдісін іске асыратын бөлік – садақ немесе жақ деп аталады. Ал шірей тартып, садақтың оғын ұшырататын керме бауды – адырна деп атайды. Садақтың иілімелі серіппелі бөлігін екі иіні (жоғары және төменгі) деп атаса, садақтың адырнасының екі ұшы байланатын арнайы қаданы – сұғын немесе сұқ (жоғары және төменгі) дейді.

Аталарымыз садақтың сапасын жоғалтпау үшін иіндерінің үстіне тартылған тарамыс пен астарындағы мүйіз қаптаманы қоңыр аңның немесе малдың майымен майлап отырған. Халқымыздың

дәстүрлі қару-жарағын зерттеп жүрген этнограф Қалиолла Саматұлының еңбегінде садақ сұғының бастары бөлек-бөлек жасалып, иініне бұрыш жасай бекітіледі дей отырып, садақты: қолға қысып ұстайтын бөлігін – белі, жоғары және төменгі иілген тұсын – иіні, кіріс байланатын бөлігін – басы деп атап, бес функционалдық бөлікке бөліпті. Бұл атауларды біз өз тарапымыздан толықтырғанды жөн көріп отырмыз. Яғни садақтың қолға қысып ұстайтын тұсын бел емес, «тұтқа» деген дұрыс. Өйткені, бұл атау моңғол, алтай, хакас тілдерінде «баруыл», яғни «тұтқа» деп берілген екен. Жалпы құрама садақ бес бөлік, төрт буыннан тұрады.

Садақтың екі басын қосып байланған жіпті адырна немесе керме жіп дейді. Ол берік жіптен немесе жібектен, тарамыстан өріледі. Міндеті – оқты нысанаға қарай ұшыру. Керме жіп садақтың бір басына мықтап бекітіліп, екінші басы садақты босатып тұру үшін алмалы тұзақ түрінде алынып, салынады. Адырнасы қатты серпігенде сұғын жарылып немесе сетінеп кетпес үшін оның иінмен тұтасқан бөлігіне сүйектен қорғаныш орнатылады. Оны тобық (тобыршық) деп атайды. Адырна күдері адырна, қайыс адырна деп бөлінеді.

3.2 Садақты дұрыс ұстау.

3.3 Қауіпсіздік ережелерімен танысу.

3.4 Садақты қолға алу техникасын меңгеру және қауіпсіздік ережелері (мұғалім көрсетеді)

Қабырғаның төменгі бөлігіндегі тұтқаларды көлденең бағытта орналастыру.

Оң және сол бағытта орналастыру.

Қиындық деңгейін реттеу (тұтқалар арасы, бұрылыстар, қиғаш бағыт).

2. Қауіпсіздік бойынша нұсқаулық

Тұтқадан қол үзгенде секірмеу.

Төменде мата барын тексеру.

Қол терлеуі үшін магнезия қолдану.

Ашық сақтандыру аймағында қажетсіз қозғалыс жасамау.

3. Оқушылардың практикалық жұмысы

Садақ атуды үйрену және межелі нысанаға садақ оғын дәл тигізу.

IV. Қорытынды бөлім (5 минут)

Бағалау критерийлері:

Техника ережесін сақтау.

Қозғалыстың бір қалыптылығы.

Тепе-теңдікті дұрыс ұстай білу.

Қауіпсіздік талаптарын орындау.

Рефлексия:

Маған не қиын болды?

Мен бүгін қандай жаңа дағды үйрендім?

Үй тапсырмасы: садақты қолдану кезіндегі арнайы жаттығулар жасау (қолды созу, білекті жазу, садақты иық тұсына туралау және т.б.).

Құрметті Айгүл Батырғалиқызы!

Сізді мерейлі жасыңызбен құттықтаймыз! 50 жас – бұл өткен өміріңнің бір белесін қорытындылауға арналған уақыт. Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығында 23 жылдан бері үзбей қызмет етіп келесіз. Керемет өмірлік тәжірибе алдыңыз, бойыңыз әлі де қуатқа толы, жаныңыз жас!

Атап айтсақ, сіз барлық облыстық іс-шараларды дайындауға, сондай-ақ «Евразия» мен «Самал» туристік лагерьлерінде балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға және өткізуге белсене атсалысып келесіз. Осы жылдар ішінде облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернатында қосымша білім беру қызметін атқарып, ерекше қажеттілігі бар балаларды туризм арқылы тәрбиелеуге үлес қостыңыз.

Қосымша білім беру – ұлт болашағының темірқазығы. Сол болашақтың берік іргесін қалауда талмай еңбек етіп, ұрпаққа сапалы білім мен терең тәрбие беруді басты мұрат еткен еңбегіңіз әрдайым құрметке лайық.

Сіздің қажырлы еңбегіңіз, адалдық пен табандылығыңыз жасстарға үлгі. Өмір жолыңызда жеткен жетістіктеріңіз бен жинаған абыройыңыз – көпке өнеге.

Қол жеткізген жетістіктеріңіз көп, бірақ бұдан да биік белестерді бағындыруыңызға, тоқтамай, жаңа мақсаттарға ұмтылуыңызға тілектеспіз. Өткен жылдарыңыз қуаныш пен жетістіктерге толы болса, алдағы жылдарыңыз одан да бақытты, берекелі болсын! Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, жүрегіңізге тыныштық тілейміз. Әрдайым күлімдеп, жақындарыңыздың қуанышына бөлене беріңіз!

Игі тілекпен: ОБЖТжЭО-ның ұжымы



БКОБЖТжЭО – Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығы
ҚББП-і – қосымша білім беру педагогі
Ауд. – ауданы, обл.- облысы
ЗКОЦДЮТиЭ – Западно-Казахстанский областной центр детско-юношеского туризма и экологии
ПДО – педагог дополнительного образования
Обл. – область



Республикалық спелеотуризм жарысының жеңімпаздарын құттықтаймыз!

2026 жылдың 21-24 наурыз аралығында Астана қаласында спелеотуризмнен республикалық жарыс өтті. Жарысқа республикамыздың 8 өңірінен 100-ден астам спортшы қатысты. Жарыс «Жеке», «Командалық», «Құтқару жұмыстары» қашықтықтары бойынша өткізілді. Нәтижесінде Батыс Қазақстан облысының құрама командалары жақсы жүлделі орындардан көрінді:

ЖАЛПЫ КОМАНДАЛЫҚ ЕСЕП БОЙЫНША:

«Балалар» тобы арасында:

- 1 орын – Батыс Қазақстан облысының командасы;
- 2 орын – Павлодар облысының командасы;
- 3 орын – Жетісу облысының командасы.

«Жасөспірімдер» тобы арасында:

- 1 орын – Батыс Қазақстан облысының командасы;
- 2 орын – Павлодар облысының командасы;
- 3 орын – Жетісу облысының командасы.

«Ересектер» тобы арасында:

- 1 орын – Жетісу облысы;
- 2 орын – Батыс Қазақстан облысы;
- 3 орын – ЕНУ командасы.

